

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Ы. АЛТЫНСАРИН АТЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ БІЛІМ АКАДЕМИЯСЫ**

# **БІЛІМ ОБРАЗОВАНИЕ**

**ҒЫЛЫМИ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ  
НАУЧНО-ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ**

**№1 (68)**

**Астана  
2014**



---

---

**РЕДАКЦИЈАЛЫҚ КЕҢЕС****БАС РЕДАКТОР**

**М.К. Орынханов** – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі

**БАС РЕДАКТОРДЫҢ ОРЫНБАСАРЫ**

**Ж.О. Жылбаев** – Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының президенті

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫНЫҢ МҮШЕЛЕРІ**

**Ә.Т. Дүйсебек** – Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының вице-президенті

**Ф.Н. Жақыпова** – Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі

Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментінің директоры

**Е.Б. Сыдықов** – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры

**С.Ж. Пірәлиев** – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ректоры

**Ж.Ж. Наурызбай** – Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Тәрбие және этномәдениет бөлімінің меңгерушісі.

**Г.Д. Баубекова** – Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Тәрбие және этномәдениет бөлімінің бас ғылыми қызметкері

**ТЕХНИКАЛЫҚ РЕДАКТОР**

**Г.Н. Сейтахметова**

**РЕДАКТОР**

**Ә.Ф. Хамитова**

**ДИЗАЙН ЖӘНЕ КОМПЬЮТЕРДЕ БЕТТЕГЕН**

**О.К. Бекжанов**

## МАЗМҰНЫ

### БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ІРГЕЛІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНБАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

<b>И.Б. Андирова</b> <i>XX ғасырдың басындағы оқу-ағарту туралы публицистиканың маңызы</i> .....	8
<b>Ә.І. Қапалова</b> <i>Білім және ғылым тақырыбының баспасөз беттерінде жазылу ерекшелігі</i> .....	12
<b>Қ.К. Құнантаева, Х.Н. Садықов</b> <i>Советбай Елубаев: математик және ақын</i> .....	15
<b>Ш. Мырзахметов</b> <i>Баспасөздегі жарнаманың тіл мен стиль ерекшелігі</i> .....	20
<b>О.С. Хруль</b> <i>Тіріктірілген білім жағдайындағы оқушылардың өзара қарым-қатынасының үйлесімділігі</i> .....	23

### ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

<b>С.К. Абигузина</b> <i>Мектеп конференциясы – әлеуметтік құзыреттілік қалыптастыру тәсілі ретінде</i> .....	30
<b>Ж. Бақыт</b> <i>Нейронды желілер: негізгі жағдайлары</i> .....	32
<b>А.В. Ефименко</b> <i>Джаз-модерн заманауи биі сабағының құрылысы</i> .....	36
<b>Г.К. Искакова, Д.Е. Искакова</b> <i>Әлеуметтік модернизация жағдайындағы жоғары білім жүйесін басқару</i> .....	39
<b>А.Ә. Усманбаева</b> <i>Авторлық бағдарламаға кейіпкер таңдау ерекшелігі</i> .....	43
<b>Б.Т. Утеғалиева</b> <i>«Қазақстан» арнасындағы «Таңиолпан» ақпаратты-сазды бағдарламасы және интерактивтілік</i> .....	46

### ТӘРБИЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

<b>Ғ.С. Абсалықова</b> <i>Қазақ халқының рухани-этикалық құндылықтары абай шығармашылығы негізінде</i> .....	50
<b>А.И. Басығараева</b> <i>Майқы мирасының ұрпақ тәрбиелеудегі мәуелі тағылымы</i> .....	52
<b>З.А. Қарабалиева</b> <i>Бала тәрбиесіндегі отбасының рөлі</i> .....	56

### ОҚЫТУДЫҢ ТЕОРИЯСЫ МЕН ӘДІСТЕМЕСІ

<b>А. Бақыт, Л.Е. Құлманова</b> <i>Ресурстық орталықтарда биология пәнінен практикалық жұмыстарды ұйымдастырудың үлгі жоспары</i> .....	59
<b>Н.К. Султанова</b> <i>Кредиттік жүйе бойынша болашақ маманның кәсіби бағыттылығын қалыптастыру</i> .....	63
<b>М.М. Хасенов, Е.Т. Суйиндиқов, Ж.А. Кожиков</b> <i>Студенттерге жоғары кәсіби білім берудегі графикалық дайындықтың мазмұнын құзыреттілік тұрғысынан жаңарту туралы</i> .....	66
<b>М.С. Сырымбетов</b> <i>Мектепте математика сабағын ұйымдастыру бойынша іс-тәжірибеден үзіндік</i> .....	69

### ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕРІ

<b>Шағын жинақты мектепті дамыту орталығы</b> <i>Ақмола облысы бойынша тірек мектебі (ресурстық орталықтарда) шағын жинақты мектептер ішін сессия және сессияаралық зерделеуді ұйымдастыру туралы ақпарат</i> .....	73
<b>Г.К. Жүнісова, Х.Т. Төлеубаева</b> <i>Шағын жинақты мектептің бастауыш сыныптарында математика пәнінен оқытудың ерекшеліктері</i> .....	78

## МЕРЕЙТОЙ ИЕЛЕРІ

<b>С.Д. Избастина</b> <i>№25 қазақ қыздар гимназиясы – бәсекеге қабілетті білім ордасы</i> .....	84
<b>Қ.Б. Жұмаділова</b> <i>Қыз бала тәрбиесін құзыреттілік тұрғыдан қалыптастыру</i> .....	88
<b>Б.М. Сагиндикова</b> <i>Қазақ қыздар гимназиясы – 12 жылдық білім беру эксперименталдық алаңы</i> .....	90
<b>Е.А. Адилова</b> <i>Жеке тұлғаны дамытуда құзыреттілік тапсырмалардың тиімділігі</i> .....	95
<b>Г.М. Ақшолақова</b> <i>12 жылдық білім беру және оқу-тәрбие үрдісінде психологиялық қызметті ұйымдастыру жолдары</i> .....	98
<b>О.С. Аушақимова</b> <i>Қалыптастырушы бағалау-білім сапасын арттырудың негізі</i> .....	101
<b>О.Ш. Байшуақова</b> <i>Орыс тілі мен әдебиет сабақтарында сын тұрғысынан ойлау технологиясын қолдану</i> .....	104
<b>Г.К. Даутова</b> <i>Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінде проблеманы шеше білу қабілеттерін дамыту</i> .....	107
<b>А.Б. Жангурова</b> <i>Мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі - нәтижелі білім берудің негізі</i> .....	110
<b>Т.Қ. Қаржасбаев</b> <i>Бейінді оқытудағы тарихтың сабағының рөлі</i> .....	113
<b>Ж.Д. Рамазанова</b> <i>Физика пәнінде оқушылардың қызығушылығын арттыру әдістері</i> .....	115
<b>А.К. Рахымбаева</b> <i>Қазақ тілі пәнінен оқушыларды ұлт-ға дайындаудың тиімді жолдары</i> .....	118
<b>А.М. Рахимжанова</b> <i>Дамыта оқыту технологиясын қолдану арқылы оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру</i> .....	120
<b>А.С. Скокова</b> <i>Төменгі сынып оқушыларының зерттеушілік мәдениетін қалыптастыру</i> .....	122
<b>А.С. Темирова</b> <i>Ана тілі сабағында оқушылардың коммуникативтік қабілеттерін дамыту</i> .....	125
<b>БІЗДІҢ АВТОРЛАР</b> .....	129
<b>АВТОРЛАР ҮШІН ЕРЕЖЕ</b> .....	131

## СОДЕРЖАНИЕ

### ФУНДАМЕНТАЛЬНЫЕ И ПРИКЛАДНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В ОБЛАСТИ ОБРАЗОВАНИЯ

<b>И.Б. Андирова</b> <i>Особенности просветительской публицистики в начале XX века</i> .....	8
<b>А.И. Капалова</b> <i>Особенность написания темы образование и науки в периодических изданиях</i> .....	12
<b>К.К. Кунантаева, Х.Н. Садыков</b> <i>Советбай елубаев: математик и поэт</i> .....	15
<b>Ш. Мырзахметов</b> <i>Особенности языка и стиля рекламы в периодических изданиях</i> .....	20
<b>О.С. Хруль</b> <i>Гармонизация взаимоотношений учащихся в условиях образовательной интеграции</i> .....	23

### СОВРЕМЕННЫЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИЕ ТЕХНОЛОГИИ

<b>С.К. Абигузина</b> <i>Школьная конференция – как способ формирования социальных компетенций</i> .....	30
<b>Ж. Бакыт</b> <i>Нейронные сети: основные состояния</i> .....	32
<b>А.В. Ефименко</b> <i>Построение урока джаз-модерн танца</i> .....	36
<b>Г.К. Искакова, Д.Е. Искакова</b> <i>Управление системой высшего образования в условиях социальной модернизации</i> .....	39
<b>А.А. Усманбаева</b> <i>Особенности выбора героя для авторской программы</i> .....	43
<b>Б.Т. Утегалиева</b> <i>Информационно-музыкальная программа «Таңиолпан» телеканала «Қазақстан» и интерактивность</i> .....	46

### ВОПРОСЫ ВОСПИТАНИЯ

<b>Г.С. Абсалыкова</b> <i>Духовно – этические ценности казахского народа в основе творчества Абая</i> .....	50
<b>А.И. Басыгараева</b> <i>Наследия майкы как один из факторов наставления в воспитании молодого поколения</i> .....	52
<b>З.А. Карабалиева</b> <i>Роль семьи в воспитании ребенка</i> .....	56

### ТЕОРИЯ И МЕТОДИКА ОБУЧЕНИЯ

<b>А. Бакыт, Л.Е. Кулманова</b> <i>Примерный план организации практических работ по биологии в ресурсных центрах</i> .....	59
<b>Н.К. Султанова</b> <i>Формирование профессиональной направленности будущих педагогов по кредитной системе</i> .....	63
<b>М.М. Хасенов, Е.Т. Суйиндииков, Ж.А. Кожиков</b> <i>Об обновлении содержания графической подготовки студентов в системе высшего профессионального образования на основе позиции компетентностного подхода</i> .....	66
<b>М.С. Сырымбетов</b> <i>Из опыта работы по организации уроков математики в школе</i> .....	69

### МАЛОКОМПЛЕКТНЫЕ ШКОЛЫ КАЗАХСТАНА

<b>Центр развития малокомплектных школ</b> <i>Информация по изучению организации выездных сессии для малокомплектных школ в опорных школах (ресурсных центрах) Акмолинской области</i> .....	73
<b>Г.К. Жунусова, Х.Т. Тулеубаева</b> <i>Особенности обучения математике в начальных классах малокомплектной школы</i> .....	78

## НАШИ ЮБИЛЯРИ

<b>С.Д. Избастина</b> <i>Казахская женская гимназия – конкурентноспособное учебное заведение</i> .....	84
<b>К.Б. Жумадилова</b> <i>Формирование воспитание девочек на основе компетентности</i> .....	88
<b>Б.М. Сагиндикова</b> <i>Казахская женская гимназия – экспериментальная площадка по 12-летнему образованию</i> .....	90
<b>Е.А. Адилова</b> <i>Эффективность компетентностных заданий в формировании личности</i> .....	95
<b>Г.М. Акшолокова</b> <i>12 Образование и психологическая служба учебно-воспитательного процесса в условиях гимназии</i> .....	98
<b>О.С. Аушакимова</b> <i>Формативное оценивание - основа повышения качества знаний</i> .....	101
<b>О.Ш. Байшуакова</b> <i>Развитие критического мышления на уроках русского языка и литературы</i> .....	104
<b>Г.К. Даутова</b> <i>Развитие способностей решения проблем на уроках казахского языка и литературы</i> .....	107
<b>А.Б. Жангурова</b> <i>Профессиональная компетентность учителя- основа результативного обучения</i> .....	110
<b>Т.К. Каржасбаев</b> <i>Значение уроков истории в профильном обучении</i> .....	113
<b>Ж.Д. Рамазанова</b> <i>Пути повышения интереса школьников к предмету физика</i> .....	115
<b>А.К. Рахымбаева</b> <i>Эффективные методы подготовки учащихся к ент по казахскому языку</i> .....	118
<b>А.М. Рахимжанова</b> <i>Развитие познавательной активности школьников через развивающее обучение</i> .....	120
<b>А.С. Скокова</b> <i>Методы и приемы формирования исследовательской культуры учащихся начальных классов</i> .....	122
<b>А.С. Темирова</b> <i>Использование технологии развивающего обучения на уроках родного языка для повышения коммуникативных компетентности</i> .....	125
<b>НАШИ АВТОРЫ</b> .....	130
<b>ПРАВИЛА ДЛЯ АВТОРОВ</b> .....	131

## CONTENT

### BASIC AND APPLIED RESEARCH EDUCATION

<b>I.B. Andirova</b> <i>Peculiarities of educational publicism in the beginning of XX century.....</i>	8
<b>A.I. Kapalova</b> <i>Peculiarities of the theme of education and science in printed mass media.....</i>	12
<b>K.K. Kunantaeva, H.N. Sadykov</b> <i>Sovetbai elubaev is a mathematician and poet.....</i>	15
<b>Sh. Myrzahmetov</b> <i>Features language and style of advertising in press mass media.....</i>	20
<b>O.S. Khrul</b> <i>Harmonization of relations students in the educational integration .....</i>	23

### MODERN EDUCATIONAL TECHNOLOGIES

<b>S.K. Abiguzina</b> <i>School conference - as a way to create social competencies.....</i>	30
<b>Zh. Bakyt</b> <i>Neural networks: ground-states.....</i>	32
<b>A.B. Efimenko</b> <i>Jazz-modern dance the structure of the lesson .....</i>	36
<b>G.K. Iskakova , D.E. Iskakova</b> <i>Management of higher education system in conditions of social modernization.....</i>	39
<b>A.A. Usmanbaeva</b> <i>Feature the choice of character for authoring program.....</i>	43
<b>B.T. Utegalieva</b> <i>News and music program “Tansholpan” on tv channel “Kazakhstan” and interactive.....</i>	46

### EDUCATION ISSUES

<b>G.S. Absalykova</b> <i>Spiritually – ethical values of the kazakh people at the heart of creativity of Abay.....</i>	50
<b>A.I. Basigaraeva</b> <i>Maiky’s oratorial herritage as one of the factors in upbringing of younger generation.....</i>	52
<b>Z.A. Karabalieva</b> <i>The role of family in child rearing.....</i>	56

### THEORY AND METHODS OF TEACHING

<b>A. Bakyt, L.E.Kulmanova</b> <i>Exemplary plan of organization of practical works on biology in resource centers.....</i>	59
<b>N.K. Sultanova</b> <i>The formation and direction of professional teachers of the future for the credit system .....</i>	63
<b>M.M. Khassenov, E.T. Suyindikov, Zh.A. Kozhikov</b> <i>About competency-based updating the content of student graphic preparation in the higher education system.....</i>	66
<b>M.S. Syrymbetov</b> <i>From experience in the organization of mathematics lessons in the school.....</i>	69

### LOW STUDENT POPULATION SCHOOLS IN KAZAKHSTAN

<b>National academy of education named after Y.Altinsaryn, centre for development of ungraded schools</b> <i>Information to study the organizathion of visiting sessions for ungraded schools to support schools (resource centers) of Akmola region.....</i>	73
<b>G.K. Zhunusova, Kh.T. Tuleubaeva</b> <i>Features of educating to mathematics are in the initial classes of littlecomplete school .....</i>	78

## OUR ANNIVERSARIES

<b>S.D. Izbastina</b> <i>Kazakh women`s gymnasium is a competitive institution.....</i>	84
<b>K.B. Zhumadilova</b> <i>The formation in education of girls on the basis of competency .....</i>	88
<b>B.M. Sagyndykova</b> <i>The kazakh girl`s gymnasium – the experimental square of the twelfth`s year studying.....</i>	90
<b>E.A. Adilova</b> <i>Effectiveness of job competecy in formation of personality.....</i>	95
<b>G.M. Aksholakova</b> <i>The education and psychological service of the educational process conditions in the gymnasium.....</i>	98
<b>O.S. Aushakimova</b> <i>Formative assessment as a basic form in the learning process .....</i>	101
<b>O.Sh. Baishuakova</b> <i>Developing of critical thinking at the russian and russian literature lessons.....</i>	104
<b>G.K. Dautova</b> <i>Development of the ability of solving problems at mhe lessons of kazakh language and literature.....</i>	107
<b>A.B. Zhangurova</b> <i>The professional competition-the basis of productive of know ledge .....</i>	110
<b>T.K. Karzhasbayev</b> <i>The meanninds of the history lessons in the profile teachind .....</i>	113
<b>Zh.D. Ramazanova</b> <i>The methods of interesese school children`s in physics.....</i>	115
<b>A.K. Rakhimbayeva</b> <i>Effective methods of preparing students for the unt on the kazakh language.....</i>	118
<b>A.M. Rakhimzhanova</b> <i>Development of cognitive activity of pupils through developing training.....</i>	120
<b>A.S. Skokova</b> <i>The methods and teachiques of forming research culture of primary school pupils.....</i>	122
<b>A.S. Temirova</b> <i>Using of technology to developing training native language lessons to improve communicative competence of primary school pupils .....</i>	125
<b>OURAUTHORS</b> .....	130
<b>RULES FOR AUTHORS</b> .....	131



## XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ОҚУ-АҒАРТУ ТУРАЛЫ ПУБЛИЦИСТИКАНЫҢ МАҢЫЗЫ

**И.Б. Андирова**

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Журналистика және саясаттану факультетінің  
2 курс магистранты, Астана қ.*

*В этой статье обсуждался важность обучения публицистики XX века. В газете «Казак» деятели Алаш перед народом поднимали проблемы учебы, знания, обучения и со всех сторон подробно формировали общественное мнение.*

*This article discussed the importance of teaching journalism of the XXth century. In the newspaper “Kazakh” Alash leaders to the people raised the issue of study, knowledge, training, and shape public opinion in detail from all sides.*

XX ғасырдың басында: «Жазба әдебиетте Абайдан соң аты аталатын – «Қазақ» газеті» [1,259], - деді М.Әуезов. Ә. Бөкейханұлы, А. Байтұрсынұлы мен М. Дулатұлының ұйымдастыруымен шыға бастаған «Қазақ» газеті бірінші күннен бастап-ақ ұлт мүддесіне қатысты көптеген мәселелерді көтерді және XX ғасыр басында елімізде қалыптасқан объективті саяси, әлеуметтік, экономикалық және мәдени-рухани ахуал «Қазақ» газетінің ұстанар бағытын белгілеп, оның шығарушыларының атқарар міндетін айқындады десек артық болмас.

1913-1915 жылдары «Қазақ» газеті ең алдымен оқу-ағарту мәселесіне көп көңіл бөліп, өнер, білім жағынан қалың қазаққа бас-көз болды. Мысалы, «Оқу жайы», «Қазақша оқу жайы» атты мақалалар оқудың мән-жайын, маңызын, әсіресе, «Қазақтың шаруасына, бір жақтан надандықтан кемшілік келгенде, екінші жақтан білімсіздігін көріп тұрғандар басынып, елдігінен, теңдігінен қалдырып, тиісті сыбағасына қиянат істеп тұрғаны санасы бар қазаққа ескерерлік іс еді. Бұл заманда қол жетпегендерді теңдікке жеткізетін, әлсіздерге күш беретін өнер-білім, сол өнер-білімге мезгіл өтпей тұрғанда үйренсек, тұрмысымызды түзетіп, басқалардың аяқ астында жаншылмас едік, біз де өз алдымызда бір жұрт екенімізді білдірер едік», -десе, «Орысша оқу орыс қолтығында тұрған жұртқа керек, қазақша оқы, жаза білген соң, шама келсе орысша да білу керек», -дейді. Газет 1913 жылы жарияланған материалдарында оқудың мән-жайын, маңызын айтып көпке түсіндіруге тырысса, екінші 1914 жылғы «Бастауыш мектеп» (№61), «Мектеп керектері» (№62), «Оқу мезгілі» сияқты мақалаларында мектеп, медресе жайларын нақты көрсетіп, мұқтаждарын айтады.

«Қазақ бастауыш мектебі қандай болуы керек?» және «Ол мектептердің қажеті не?» деген сауалдарға қазақтың ұлы ағартушысы А.Байтұрсынұлы XX ғасырдың басында-ақ: «Правила бойынша, қазақ тілімен, қазақ әрпімен бастап оқыт деп отырған балалардың ата-анасы жоқ, халықтың өз тілімен, өз әрпімен оқығанын әкімдер жақтырмайтын болған соң, учительдер өз беттерімен ана тілімен, ұлт әрпімен бастап оқытамыз дей қоймады. Сөйтіп, правила қағаз жүзінде бар болса да, іс жүзінде жоқ. Бұл айтылғанның бәрі де үкімет өз пайдасын көздегендіктен істеніп тұрған жайлар. Бастауыш мектептер жалғыз хүкімет пайдасы үшін болмай халық пайдасы үшін де боларға керек, үкіметке керегі - мемлекеттегі жұрттың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу, әр халыққа керегі - өз діні, тілі, жазуы сақталу. Солай болған соң бастауыш мектеп әуелі миссионерлік пікірден, политикадан алыс болуға керек, яғни, қазақтың діні, тілі, жазуы сұмдық пікір, суық қолдан тыныш боларға керек» [2,116], -деп жауап берген болатын.

Міржақып Дулатұлы «Г.Н.Потанин жанында» деген қысқа мақаласында орыс оқымыстысының бұрыннан атына қанық болып, әдейі іздеп барып кездескендегі әсерін жазады. Қазақ фольклорын жинау керек екендігін орыс ғалымы үйреткендігін айта келіп, автор Петроградта ашылған Сібір қауымы, Омбыда Потанин партиясының құрылғанын, оның қарапайым халыққа қызмет етіп отырғанын егжей-тегжейімен жазады. Бұл мақаласында М.Дулатұлы Потаниннің өмір жолына тоқталып, оның қоғамдық қызметіне Сібірдегі әлеумет басшысы, білгір саясатшы деп баға береді. «Қазақ» газетінде



«Пайғамбар заманы» [2,213] атты сыни мақаласында Міржақып бұл кітаптың тілі сұлу, түсінікті, айқын қазақша жазылған деп баға береді. Сол кездегі қазақ әдебиеті жайына тоқтала келе, газет, журнал, кітап шығаруда қазақ халқы әлі де баяу қимылдап отырғанының себептерін санамалаған публицист, басылымдарды шығару мен тарату мәселесін алға қойған. «Пайғамбар заманы» атты кітабын Мәкен Тұрғанбайұлы жазып, оның жарыққа шығуына Қалжан Қоңыратбайұлының көмектескенін қолдаған автор халық әдебиетінің, қиссаларының қазақ жерінде басылып шыққандығына оң ниетін білдіреді. Қазақта баспахана, кітап бастыру, кітап саудасының жоқтығы кері әсерін тигізіп отырғандығын М.Дулатов таратып айтып, осы жайларға кедергі келтіріп отырған кемшіліктерді мінеп, әлеуметтік, қоғамдық ойларын ортаға салған.

М.Дулатов «Абай» атты рецензия мақаласын ұлы ақынның дүние салғанына он жыл толуына байланысты жазған. Абай Құнанбаевтың шығармалары тірі күнінде басылмау себебіне, Абай өлеңдерінің жазбасымен алғаш қалай танысқандығына тоқталып, ұлы ақынның қадірін қазақ халқы танымай болмайтынына байыпты талдау жасайды. Мұнда Міржақып қазақтың төл әдебиеті, тарихы төңірегінде өрбіткен ойларын, өзін толғанып жүрген қоғамдық мәселелерге орай іріктеп алып, әлеуметтік кеселден шығу жолдарын сілтейді. Міржақып Дулатұлы «Қазақ» газетінде жарияланған жоғарыдағы мақаласында сол қоғамның өмір шындығы жағдайында қарапайым халықты жақсы өнеге, келелі міндеттерге тәрбиелеуді көздеген. Міржақып Дулатұлының негізгі мақсаты – жаңалықты, әділеттілікті, жағымды істерді насихаттауды көздеуі.

Ахмет Байтұрсынұлы – «Қазақ» газетінің бас редакторы, көрнекті ғалым, дарынды ақын, қоғам қайраткері. Публицистің «Қазақ» газетінде оқу, ағарту, білім алу жайы туралы, қазақ елінің шет елдермен қарым-қатынасы туралы, соғыстарға қатысқан мемлекеттер туралы, оның қазақ халқына тигізген әсері туралы мақалалары жарыққа шықты. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 40-43- сандарында «Қазақтың бас ақыны» атты рецензия мақаласы басылды. Мұнда Абайдың туғаннан бастап, ақын болып қалыптасқан өмір жолы, өскен ортасы, өлеңдерінің мәні, орыс әдебиетінің Абайға әсері жан-жақты талданған. Абай өлеңдерінің алғаш қолына қалай түскенін қызықты әңгімелеген автор Абайдың өлең сөздің неше түрлі үлгісі мен өнегесін ойлап тапқандығын, ақыннан өлеңінің жақсы болуына керек шарттардың бәрін білуге болатынын ғибратты деректермен түйіндей білген. А.Байтұрсынұлы Абай өміріндегі өнегелі мысалдарды тілге тиек ете отырып, Абайдың орыс достары Михайлис, Гросстармен қалай танысқанын, орыс әдебиеті классиктерінен алған өнегесі мен сыншылдығын сенімді баяндай білген. Абайдың жалғыз өлең ғана емес, әр нәрсенің асылын танығанын алғашқылардың бірі болып Ахмет Байтұрсынұлы көрсетеді. Автор ұлы ақынның өлеңдеріне баға беріп қана қоймай, оның әлеуметтік терең мәнін де ашады. Автордың рецензиясына өзін, Әлихан Бөкейханұлы араластыруы деректің, оқиғаның нақты шындықтан алынғанына, тұп-тура растығына оқушының көзін жеткізеді. А.Байтұрсынұлы «Бастауыш мектеп» проблемалық мақаласында қазақ бастауыш мектебі қандай болуы керек деген сұраққа жауап іздейді. Ауыл мектебінің жайсыз, күйсіз қалыбын ашына жазады. Бастауыш мектептен үйренген білімнің оқимын дегендерге негіз боларлық жағын көздеу керек екендігін дәлелдейді. Автор болыс мектебін, қала мектебін, ауыл мектебін салыстыра отырып, кейбір келеңсіз жайларды нақты деректермен дәлме-дәл көрсете білген.

А.Байтұрсынұлы «Бастауыш мектеп» деген мақаласында Петербургте болатын мұсылман кеңесінде мектеп мәселесінің қаралуына байланысты алдын ала қазаққа қандай мектеп керек екендігін аңдататын пікірді газет арқылы білдіреді. Онда Патша үкіметіне керегі өз қарамағындағылардың бәрі бір тілде, бір дінде, бір жазуда болса, ал әр халыққа керегі өз діні, тілі, жазуы екендігін, оны сақтау үшін бастауыш мектептен бастап миссионерлік пікірден, саясаттан алыс болып, қазақтың дінін, тілін, жазуын қорғау керектігін тура айтып, батыл ой білдіреді. Қазақ дінге нашар күйден өткен, енді қазақты басқа дінге ауыстырам деу құр әурешілік. Қазақты діннен айыруға болмаса, жазуынан да айыруға болмайтынына кепілдік береді. Араб әрпі ислам дінімен бірге келіп, қазаққа орнаған. Дінмен байласқан жазу дін жоғалмай жоғалмайды, - дей келе, газета, журнал, кітап шығып, жылдан жылға ілгерілеп келе жатқанда қазақ тілі жоғалмас деп үміт артады. Бастауыш мектеп қандай болу керек деген мәселеге тоқтала келіп, автор оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, география, шаруашылық, кәсіп жайлы нәрселер кілең қазақ тілінде үйретілуге тиіс деп қорытынды жасайды. Тілі қазақша шығып, дінінің мұсылман екендігін білген балаға есейе келе осының бәрі негіз болатындығын айтады.

А.Байтұрсынұлы «Мектеп керектері» деген мақаласында Петербургтегі мектеп мәселесін қарап жатқандарға ана тілінде оқытамыз деген пікірдің жақпайтынын, көлденең тартатын дәлелдері - қазақта

ана тілінде оқу кітаптары жоқ деп, бірден орысша оқытуды құптайтындардың болатынын алдын-ала ескертеді. Сондай сөздер болмас үшін ана тілінде кітаптар бар деп айтуға жарарлық болуымыз керек деген ескертуі аяқсыз қалмағандығын газеттің 1915 жылғы 30 маусымда жарық көрген «Жаңа кітап» деген айдармен берілген «Пайғамбар заманы» кітабына жазылған М.Дулатұлының рецензиясынан көреміз. Бұл жаңа кітаптың тілі сұлу, түсінікті, қазақшасы айқын, бастауыш мектептің соңғы жылына арналған. Мектепте кітап жеткіліксіз болып тұрған кезде шыққан бұл басылым тек балаларға ғана емес, Пайғамбар заманының тарихынан хабарсыз әркімге қажет кітап. Кітаптың авторы - Мәннен Тұрғанбайұлы, бастырушысы - Қалжан Қоңыратбайұлы.

«Қазақ» газетінің белсенді авторларының бірі Әлихан Бөкейханов - бұл газеттің негізін қаласып, бағыт-бағдарын анықтаушы. «Қазақ» газетінде Ә.Бөкейханұлының екі жүзге жуық мақаласы жарияланған. Оның жазған публицистикалық мақалалары қазақ елінің жері, отырықшы болуы, патша үкіметінің қазақ еліне жүргізіп отырған саясаты, сот, әкімшілік, оқу, ағарту, қазақ халқының білім алуы туралы бай мағлұматтар береді.

«Қазақ» Ә.Н.Бөкейханұлы көздегендей, өз маңына кең сахараға тарыдай шашылған ұлт зиялыларын жинады, оларды бір кісідей қазақтың ұлттық тілін, әдебиетін қалыптастыру, ұлттың мәдениетін көтеру, ұлттық сана-сезімін ояту ісіне жұмылдырды. Сөйтіп, қазақтың ұлттық тілі мен әдебиетін, мәдениетін сақтап, өркендетуге ұмтылды. Оны газеттің екінші санында жарияланған бас редактор А.Байтұрсынұлының бас мақаласынан, Түрік баласының жазған «Қазақ тарихы» атты тарихи очеркінен, Ә.Н.Бөкейханұлының және т.б. қазақ зиялыларының көсемсөз материалдарынан айқын көруге болады. Осы тұста әңгіме болған, қазір белгісіз болып отырған Түрік баласының тарихы туралы очеркі алаш азаматтарын ойландыруға бағытталған. Қазақ халқының тарихы жазылмағандығын тілге тиек ете отырып, Азия картасының төрттен біріне ие халықтың тарихы көмескі қалыптан шығу жолдарын қарастыруды автор ашық ұсынады.

Арабша, түрікше, орысша жазылған қазақ тарихында шындықтан гөрі өтірік басым болып келгендігін публицист ашына ортаға салған. Тарих жазу үшін қазақ пен қырғызды айырып алуды ұсынады. Автор өз ойын «Қазақ» газетін үзбей оқыған адам қазақ тарихын жете білуге болады деп аяқтайды.

Әлихан Бөкейханұлының «Бас қосу турасында» деген публицистикалық мақаласы «Қазақ» газетінің 1913 жылғы №21 санында жарияланған. Мұнда Еуропа жұрты мен қазақ жұртын салыстыра отырып, жұртқа пайда қылатын жұмыс болса, қазақ баласының басын қосу оңай шаруа емес екенін автор баса айтады. «Біздің бейшара қазақ жер, жер дегенде мұжық алған жерді қолға ала жылайды. Мұжық қазақ жеріне келмей тұрып, жерді тып-тыныш әділдікпен пайдаланып жүргендей! ... Қазақ жұрт болатын болса өз ішіндегі екі қазақ жер дауын құрту керек қой!» [2,109],- дей келе, отырықшы болуға ниет білдіріп отырған қазақтарға жағдай жасалмай отырғандығын, орыс патшалығының адам болып отырғаны мұжықтың ғәділдігі деп түйіндейді. Бұл жерде бірінші орынға әлеуметтік-таптық емес, ұлттық, демократиялық мәселелерді елдің алдына тартады.

«Кабинет жеріндегі қазақтар» атты материалы «Қазақ» газетінің 1913 жылғы №10 санында басылып, онда Том губерниясы, Алтайск округінде тұратын халықтар өмірі мен тұрмысы әңгіме болады. Абылай хан мен жоңғар ұрысы, Қошқарбай батыр, Тілеуберді батырлардың сол мекендерде ұрпақтары тұрып жатқандығын деректер арқылы дәлелдейді. Мысалы, Құлынды, Қарасуықта отырған қосайдар қыпшаққа 15 десятинадан ер басына есеп қылып жер береді екен. Томда жер алып, Семей хатында боламыз деу қазақтардың адасушылығы, заңсыз деп түсіндіреді автор. Бұл шығармасында қаламгер Кабинет жеріндегі қазақтардың бәрінің басын біріктіріп, бір болыс қылса деген ниет білдіреді. Ә.Бөкейхановтың пікірі ғылыми негізге сүйенген, халықты психологиялық тұрғыдан даярлап алу мақсатын ұстанған сияқты.

«Екі жол» мақаласында Әлихан әр заманның өз рәсім, салтына тоқтай отырып, қазіргі заманда халықты өз құқын талас-тартыспен қорғауға шақырады. XVIII ғасырда Ертіске қазақ Түркістаннан қайта келгенін тілге тиек ете отырып, қанжығалы, бәсентейін, қыпшақ руларының қалай жылжығанын тарихи шежірелерге сүйене отырып дәлелдейді. Осы публицистикалық мақаласында автор қазақтарды Ертістен айырылмауға, көшпеуге үгіттеп, Сібір казак-орысына батыл наразылық білдірген. «Қазақ» газетінің 1915 жылғы 118-інші санында Ә.Бөкейханұлының «Рухани мәдениет қарауылынан» атты проблемалық публицистикасы басылған. Рухани мәдениеттің бір белгісі жұрт баласына жалпы оқу, газет, кітап оқып, ғылым жолын тану, солар арқылы адам баласына жақсылық жол ашу деп түсіндіреді.

Америка, Еуропа, Ресейді салыстыра отырып, қазақ халқының көш кейін қалып келе жатқанын тілге тиек етеді. Автор бастауыш мектептен бастап университеттерге дейінгі білім саласының деңгейін саралай келе, әлі де көп жағынан артта келе жатқандықты әділеттілікпен атап көрсетеді.

«Қазақта» ХХ ғасыр басындағы қазақ елінің дінді қалай тұтынғаны турасындағы хабарлар мен мақалалар біршама ұшырасады. Мысалы, 1914 жылы №46 санындағы «Қытай жеріндегі қазақтар» деген мақалада: «Мектеп, медресе жоқ, бес мың үйге бір мұғалім, бір мектеп жоқ» дей келіп, «Молда келсе, алты айға төрт жүз-бес жүз сом ақы беріп, Ислам дінін үйретерлік болса, жоқтан гөрі ол да тәуір», - деп қажетті мәлімет айтылады. «Қазақ» газеті - қазақ халқының экономикалық, саяси-әлеуметтік жағдайы, әдебиеті, мәдениеті, әдет-ғұрпы, салт-санасы, оқу, білім, ағарту туралы жан-жақты жазу барысында публицистика жанрындағы шығармаларды көптеп жариялаған ХХ ғасыр басындағы бірден-бір басылым. «Қазақ» газеті - оқу, білім, ағарту мәселелерін халық алдына өткір қоя білген, сол кезеңдегі қоғамдық пікірді қалыптастыруда үлкен үлесі бар басылым.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Әуезов М. Шығармалар жинағы. 18 том. – Алматы: Жазушы, 1985.
2. Қазақ газеті. Құрастырушылар: Субханбердина.У., Дәуітов.С., Сақов.Қ. - Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1998.
3. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1996.

ӘОЖ 070(574)

## БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ ТАҚЫРЫБЫНЫҢ БАСПАСӨЗ БЕТТЕРІНДЕ ЖАЗЫЛУ ЕРЕКШЕЛІГІ

**Ә.І. Қапалова**

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Журналистика және саясаттану факультетінің  
2 курс магистранты, Астана қ.*

*В этой статье говорится тема знаний и науки сегодняшней СМИ. Республиканский научно-познавательный журнал «Зерде» и еженедельная газета «Қазақстан Мұғалімі» в своих научных статьях пропагандировали исследования о воспитании и познании.*

*The article states subject knowledge and science of today's media. Republican scientific-educational magazine "Zerde" and the weekly "Kazakhstan Mugalimi" in their scientific articles promoted the study of cognition and education.*

Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алып дүниежүзілік адамзат көшіне жеке мемлекет ретінде қосылған бүгінгі күні халқымыздың әлеуметтік-саяси, экономикалық және мәдени өмірінде бұқаралық ақпарат құралдарының алар орны, атқарар қызметі өте салмақты болып отыр. Қоғамдық санаға ықпал ететін бұқараны ортақ мақсатқа жұмылдыратын бірден-бір күш бұқаралық ақпарат құралдарының басты тетіктерінің бірі – баспасөз болып табылады. Баспасөздің қоғамымыздағы алатын орнына жоғары баға берген Республикамыздың Президенті Н.Ә.Назарбаев: «Газеттер мен журналдарға арқа сүйеместен өз саясатынды қалай жүргізіп, реформа мәнін қалай ұғындыруға болатынын түсінбеймін. Егер ең бұқарашыл саяси мінберден айырылсақ, жұртты өз іс-әрекетіміз туралы, аймақтардың даму перспективасы туралы, мәселені шешудегі көзқарастар туралы қалайша хабардар етпекпіз» [1,3], – деп атап көрсеткен.

Бүгінгі демократиялық елімізде баспасөздің қоғамдағы рөлі елеулі өзгеріске ұшырады. Ол бұрынғыдай насихатшы ғана емес, сонымен бірге қоғамдық ой-санамыздың сараптаушысы және қоғамдық ой-пікірді қалыптастырушы болып отыр. Қазіргі қазақ баспасөзінің рөлі артып, ұлттық тіл,

діл мен жер мәселесі, еліміздің тәуелсіздік идеясын насихаттау, қорғау, идеология майданында бітпес күрес жүргізу ісінде атқарып отырған қызметін ерекше айтуға болады. Соның ішінде баспасөздің көтеріп жүрген өзекті тақырыптарының бірі – ғылым мен білім салаларына қатысты мәселелер. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, бұрын қағажу көрген ғылым мен білімнің даму деңгейін көтеріп, қолдану аясын кеңейтуге мүмкіндік туды. Сөйтіп, білім берудегі құндылықтарымызды игеру, еліміздің ғылым саласындағы жетістіктерін насихаттау ісінде ауқымды жұмыстар атқарылды. Бірақ бәрі үлкен қиыншылықпен, ізденіспен келді. Өкініштісі, осы ауқымды жұмыстарды атқаратын рухани-мәдени дүниеміздің қайнар бұлақтары мен халықты сусындататын ана тіліміздегі газет-журналдар әлі де тым аз. Алайда, еліміздің осындай аумалы-төкпелі кезеңінде бұқаралық ақпарат құралдарының ішінен білім және ғылым саласындағы проблемаларды көтеруде қазақ баспасөзі өзіндік үн естіртіп келеді. Олардың ішінде білім және ғылымға арналған білім және ғылымға арналған салалық басылымдардың үлес салмағы басым деп айта аламыз.

Салалық басылымдар дегеніміз – тек бір ғана салаға арналған газет немесе журнал. Қазіргі кезде қазақ журналистикасында салалық басылымдардың үлкен шоғыры қалыптасып келеді. Салалық баспасөз туралы белгілі ғалым Т.Бекниязов былай дейді: «Салалық баспасөз – түрлі салаларды қамти отырып бөлінеді. Министрліктер мен комитеттердің жұмысына арналады. Сондай-ақ оқу-білімге, өндіріске, ауыл шаруашылығына, құрылысқа т.б. арналуы мүмкін», дей келе ғалым: «...Қазақстанда салалық болып жіктеледі. Әлеуметтік топтарға және тақырыптық бағытта да басылымдар бар» [2, 45], - дейді.

Қазақ баспасөзі тарихында білімге, ғылымға арналған салалық басылымдар болды. Сол салалық басылымдардың өзіндік мақсат-мүддесі бар. Мәселен, өткен ғасырдың жиырмасыншы жылдарында жарық көрген «Жаңа мектеп», «Ауыл мұғалімі», «Қазақстан мектебі» т.б. басылымдардың басты мақсаты сауатсыздықты жою, ағартушылық қызмет жүргізу болып табылды. Бұл басылымдар қазақ халқының рухани дүниесінде үлкен мәнге ие. Оның үстіне қазіргі уақытта кез келген сала дамып, күрделене түсуде. Осы салаларды саралап, жіктеп таразылайтын жеке-жеке ғылым салалары пайда бола бастады. Сондықтан да салалық басылымдарға қажеттілік туды. Осы ретте Ресей ғалымы А. Мураковскийдің мына сөзімен келіспеуге болмас: «Журналистиканы салаландыру өте қажет. Мәселен, физика туралы жазатын журналистер кез келген ғалымдармен ядролық физика туралы тең дәрежеде сөйлесе білетін деңгейде болуы қажет. Бұл жерде журналистке жоғары біліктілік, саланы жете меңгергендік қажет болады. Оның әмбебаптылығынан гөрі, салаланғандығы маңыздырақ. Сондықтан да қазіргі уақытта бір саланы жетік меңгерген журналистерге сұраныс жоғары. Бір саланы жақсы меңгерген журналист қана сол саланың барлық проблемасын, оны шешу жолдарында қандай адамдардың жүргендігін біледі, оларды сөзге тарта алады, бір сөзбен айтқанда өзіне не керектігін біледі» [3, 12-6].

Ғылым мен техниканың дамуы адамдардың барлық салада әмбебап болуын қажетсінеді. Мәселен, күнделікті қоғамдық-саяси басылымдарда жұмыс істейтін адам саясатты да, экономиканы да, қажет болған жағдайда білім және ғылым да жазуға дағдыланған. Өйткені оған қойылған талап солай. Бірақ олай болуы мүмкін еместігін барлығы біледі. Жан-жақты хабардар болуы мүмкін, бірақ барлық саланы бір адам бес саусақтай меңгеруі ақылға сыйымсыз. Сондықтан да болар қазіргі күнделікті, апталық басылымдар редакцияны тақырып бойынша жеке-жеке топтарға бөліп тастаған. Мәселен, білім, ғылым, экономика, саясат, әлеумет, спорт т.б.

Жалпы білім және ғылымға арналған басылымдар бүгінгі уақытта жеке зерттеуді қажет ететін тақырыптардың бірі деп шегелеп айтқымыз келеді. Білім және ғылымға арналған басылымдардың құрылымдық, жанрлық, тақырыптық ерекшеліктеріне жеке-жеке талдау жасау арқылы қазақ журналистикасы тарихында осы тақырыпқа арналған салалық басылымдардың орнын анықтау бүгінгі тәуелсіз қазақ журналистикасының маңызды міндеттерінің бірі.

Қазіргі қазақ баспасөзі білім және ғылымды насихаттауда, мемлекеттің болашағын, ұлт мүддесінің проблемаларын жан-жақты қозғауда, білім мен ғылымға арналған салалық басылымдар келешек ұрпаққа осы сала жаңалықтарын насихаттауда, демократиялық көзқарасты қалыптастыруға зор үлес қосып отырған ерекше күшке айналып отыр. Сондықтан да қазақ баспасөзіндегі білім және ғылым проблемаларына арналған салалық басылымдарға жіктей отырып зерттеу бүгінгі қазақ баспасөзіндегі өзекті тақырыптардың бірі деп білеміз.

«Зерде» – қазақ тіліндегі республикалық ғылыми-танымдық журнал. Алғашқы саны «Білім және еңбек» деген атаумен 1960 жылы жарық көрген. Алғашқы редакторы, майталман журналист Камал

Смайлов болған. 1989 жылдан «Зерде» деген атаумен шығып, өз оқырмандарын, оның ішінде жастар мен жасөспірімдерді отандық және әлемдік ғылым мен білім саласындағы жаңалықтармен таныстырып келді. Қазақ басылымдарының ішінде алғаш рет Әл-Фараби өмірі мен шығармашылығы туралы, Абылай хан мен Әбілхайыр ханның суреттері жайында тұңғыш мақала да осы журналда жарияланған екен.

«Қазақстан Мұғалімі» апталық газеті бастауыш және орта мектеп мұғалімдері мен педагогикалық жоғары оқу орнының оқытушыларына, студенттеріне арналған. Алғашқы нөмірі Қазақстан Халық ағарту комиссариатының органы ретінде 1935 жылғы 20 наурызда «Төте оқу» деген атпен жарық көрген. Газеттің алға қойған мақсаты мектептерге, мұғалімдерге, өз беттерінше сауат ашушы адамдарға іс жүзінде көмек беруді көздейді. Әсіресе, оқу ісін ұйымдастыруда оқу-әдістемелік материалдарды жариялап, ауыл мектебінің хал-ахуалына ерекше назар аударып келген. 1939 жылдан «Салауатты болуға көмекші» деген атпен, латыншадан орыс графикасына көшуге байланысты 1940 жылдан «Жаңа жазу» деген атпен шықты. 1952 жылдың қараша айынан қазіргі атымен шығып келеді екен. 1958 жылдың наурыз айынан 1959 жылғы қарашаға дейін шығып тұрған «Қазақ тілі мен әдебиеті» ғылыми, педагогикалық, әдістемелік журналның алғашқы бас редакторы - Т.Ақшолақов. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін, 1991 жылы қайтадан шыға бастады. Бұл журналдың: «Көкейтесті көзқарас», «Қазақ тілі: озық тәжірибе, ортақ әдіс», «Қазақ әдебиеті: озық тәжірибе, ортақ әдіс», «Оқулыққа қосымша», «Жас маманға жәрдем», «Тіл тарихы мен теориясы», «Әдебиет тарихы мен теориясы», «Өнеге сағаты», «Сабақтан тыс тәрбие», «Оңаша ой отауы», «Ұлттық тәлім-тәрбие: рухани уыз», «Лингвистикалық көмек: сөз төркіні», «Ел қазынасы – ескі сөз» т.б. тұрақты айдарлары қалыптасқан. ҚР Білім министрлігінің алқасының 1993 жылы жиырмасыншы желтоқсанындағы шешімі негізінде 1994 жылы шілдеде журналдың ғылыми тәлім-тәрбиелік «Ұлағат» қосымшасы жарыққа шыға бастады. Бұл тек Қазақстан ғана емес, Орталық Азия республикалары бойынша ғылыми-психологиялық және педагогикалық мәселелерге арналған тұңғыш басылым. 2001 жылы басында, журналдан орыс мектептеріне арналған республикалық ғылыми-педагогикалық «Қазақ тілі мен әдебиеті орыс мектептерінде» – «Казахский язык и литература в русской школе» журналы бөлініп шықты.

Жоғарыдағы басылымдар тәрбие мен таным мектебі бола білген және бұл басылымдар қоғамдық пікірге ықпал етіп, ғылым мен білімді насихаттағанда қоғамдық ой-пікірдің шынайы қалпын танытуды мақсат еткендігіне көз жеткіздік. Қазақ баспасөзінде ғылым, білім тақырыбының жазылуы, оның тағдыры үшін күресте шыңдалған шығармашылық қыр-сыры жан-жақты. Батылдық пен байсалдылық, пәрмен мен парасаттылық таныта алған қазақ басылымдары қай тақырыпта болса да өз дәуірі, өз заманы артқан міндетті адал атқарып келе жатыр деп айта аламыз.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Назарбаев Н.Ә. Бас редакторлармен кездесу. // Егемен Қазақстан. 2 шілде 1994.
2. Бекниязов Т. Журналистің шығармашылық шеберлігі. – Алматы: Қазақ университеті, 2008.
3. Мураковский А. Спортивные журналисты: кто они? М., 2003.

## СОВЕТБАЙ ЕЛУБАЕВ: МАТЕМАТИК И ПОЭТ

**Қ.К. Құнантаева**

*ҚР ҒА академигі., профессор*

**Х.Н. Садықов**

*доцент, АГТУ*

*Мақала Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің ұстазы, математика ғылымының кандидаты, доцент, оқулық пен ОӘК авторы және «Қазақстан шағын мектебі», «Начальная школа Казахстана», «Қазақстан орта мектебі» ғылыми-әдістемелік журналдарының, сонымен қатар «Ерке» балалар журналының бас редакторы С. Елубаевтың шығармашылығы туралы жазылған.*

*The article is dedicated to the activity of an educator Sovetbay Elubayeva who works at State Female Pedagogical University, and is an associate professor of Mathematics, author of textbooks and teaching methodical manuals and a chief editor of scientific methodical journals such as “ Kazakhstani schools with small number of students”, “ Primary school in Kazakhstan”, “Secondary school in Kazakhstan”, also journal for children “Erke” (in English “ Darling”).*

Советбай Елубаев пришёл в КазГосЖенПИ (так назывался в то время наш вуз) в начале 70-х годов прошлого века. А я была ректором института. Однажды я по какому-то служебному вопросу вызвал Советбая в ректорат. Передо мной предстал молодой, худощавый и подтянутый жигит, с армейской выправкой. Оказалось, что он до этого окончил физика-математический факультет КазПИ им. Абая, а потом прослужил в армии, успел даже поработать учителем математики в сельской школе. Так что с трудовым стажем и кое-каким опытом у него было все в порядке.

При первой встрече Советбай показался мне не словоохотливым, и даже робким и застенчивым. Говорил он тихим и спокойным голосом, внимательно слушал собеседника. Но потом я поняла, что робость и застенчивость – это только видимость, своеобразная защита. На деле, с течением времени, раскрылись настоящие, я бы сказала, бойцовские черты этого молодого человека. Во-первых, Советбай оказался человеком дела, ему не надо было повторять что-то дважды. Если он сказал: «Ладно. Постараюсь сделать», то оно так и будет. Это замечательно, это надо ценить при отборе кадров. А то как бывает? Приходит один специалист, приходит другой; бойко начинают трезвонить с трибуны, наобещают с три короба, а отдачи – никакой. Все в трубу вылетело.

Советбай – человек другого калибра. Он меньше говорит, больше делает. Известно, что математика – серьёзная и тонкая, как скрипичная струна, наука. Она любит тишины и бережливости. И ещё – работы ума. Со слабым, не гибким умом в математике делать нечего.

Я думаю, что тогда молодой Советбай этот завет хорошо понял. И не стал раскачиваться. Взятся за написание математических учебников и учебных пособий, методических разработок. Это было именно 70-е годы, когда математика как наука в нашей республике только становилась на ноги, нащупывала свои научно-методические и педагогические пути и идеи. Казахские девушки, прибывшие в ЖенПИ в основном из далеких аулов, как правило, не имели возможности читать математику на своём родном языке, а учебники, изданные в Москве или Ленинграде (прежнее название Санкт-Петербурга), не для всех студенток-казашек были понятны и доступны. Вот такие проблемы. И что сделал Советбай? Он стал писать учебники и учебные пособия на казахском языке. При этом задачи и примеры он стал строить не на традиционно-шаблонном материале (где-то что-то убывает или прибывает, кто-то что-то продает, а кто-то что-то покупает, разумеется, в кг или в метрах). Во всем этом было много схоластики и надуманности. Следуя учению математиков-новаторов, Советбай перенес математику в русло живой и каждодневной действительности с её реальными социально-экономическими и культурными проблемами. Ученики, занимающиеся математикой, как бы сами становились специалистами - инженерами, агрономами, экономистами и т.д. И как уверял меня Советбай, после этого уроки по математике пошли интереснее, эффективнее, многие учащиеся стали лучше и глубже соображать.

И еще один пример из учебной практики. Люди старшего поколения помнят, что набор абитуриентов на математический факультет осуществлялся, как правило, со всяческими хлопотами и сложностями, моральными переборами. Главная проблема заключалась в том, что на факультет шли в основном девушки из аулов, которые в большинстве своем имели весьма туманное представление о такой науке, как математика. И, к сожалению, некоторые из них оказывались в числе зачисленных в студенты.

Нужно было что-то делать. И вот тут инициатором в этом вопросе неожиданно заявил себя все тот же Советбай. Он предложил ректору (тогда это был профессор С. Исаев) набрать казахских девушек на особые годовые курсы для подготовки их по математике. Ректор поддержал эту идею. Советбай собрал группу, по-моему, в числе 10 или 15 человек. Привлек своих коллег-математиков из разных мест – из вузов и школ. И работа началась.

Через год, почувавшие вкус к математике девушки, снова попытались счастье поступить в этот же институт. И большинство из них поступили! Радости не было конца.

Правда, дальше началась полоса неудач и разочарований. Курс пришлось закрыть. Советбай сегодня говорит об этом с грустью и с сожалением. Идея-та была разумная, похвальная! Но что-то кому-то не пришлось по душе. Ну, бог с ними.

Сегодня Советбай Елубаев занимает ответственный пост. Он главный редактор научно-методических журналов – «Малокомплектная школа Казахстана», «Начальная школа Казахстана» и «Средняя школа Казахстана», а также детского журнала «Ерке» (в переводе на русский «Баловень», «Неженка»). Издания солидные и уважаемые. А главное – целенаправленные, адресные, ибо все эти журналы обращены лицом к одному объекту – к учителю школ и научным работникам вузов. А ведь это целая армия мыслящих и пишущих специалистов! Читая их труды, заметки, письма, радуешься тому, что в нынешнее не простое, «капиталистическое» время появляются люди, которые дороже всего ценят не то, что формулируется в денежном выражении, что купи-продай, а что относится к культурно-нравственным категориям, от чего человек поднимается выше обыденного и меркантильного.

Признаться, я и сама публикуюсь в этих журналах, пишу о людях интересных, талантливых и бескорыстных. Это прежде всего люди науки и просвещения, писатели и журналисты, ветераны войны и труда. Сколько благодарных писем и поздравлений я получаю от них!

Вот и Советбай Елубаев не остается без внимания общественности. Его знают, благодарят и желают всего прекрасного люди разных поколений и возрастов, разных профессии. И что еще замечательно – его знают, его ждут, его начинания поддерживают учителя и школьники, работники народного образования областей и районов, депутаты Мажилиса. И все это делается искренне и душевно, без желания ему понравиться. Да и отчего «понравиться», если Советбай не занимает высокого чиновничьего кресла, не относится к числу элитного класса. Он такой, какой есть. Прост, обходителен, немногословен. Избегает шумных компаний, бумажных наград и президиумных столов. Для него самое главное богатство, без которого он не мыслит свою жизнь, – это книги. Свои и чужие, тонкие и толстые. Я была удивлена, когда он мне сказал, что написал и издал за свою жизнь около пятидесяти книг (!) и свыше 700 статей на самые разные темы. Прямо фантастика. Вот показатели только за нынешний год: разные издательства города выпустили четыре учебных пособий, двадцать книжек для школьников, а также справочники. Некоторые из них изданы в двух, весьма объемных томах. Студенты почти всех вузов Казахстана сегодня изучают математику главным образом по учебникам Елубаева.

Я знаю, что Советбай издавна увлекается стихотворчеством, пишет пейзажные, философские и исторические стихи и поэмы. Но так как я не поэт и не стиховед, то не буду затрагивать этот вопрос. Пусть об этом скажут другие.

В заключении несколько слов о Елубаеве как о человеке. Что он завидно работоспособный, целенаправленный и любознательный – об этом знают все. Но он, с другой стороны, скромный, немного застенчивый и неторопливый. Не разбрасывается по мелочам, а бьет по главным целям.

Но что еще поразительно. Мы говорим: «Советбай математик и делаем паузу». А паузы-то нет. Он вообще художник по своей натуре, мыслит образами и метафорами. Он рисует: людей, животных, птиц и природу. Я думаю, что в нем органически слились две яркие личности: математик и художник. И это дает свои обильные плоды. И в этом его счастье. Дай ему бог здоровья и долголетия!



Первое, что я подумал о человеке, с которым меня однажды столкнула судьба, было: «Какой обаятельный товарищ! Как он сразу же привлекает к себе людей!..»

Таким он и запомнился мне со своей поистине обаятельной и какой-то застенчивой улыбкой. Было видно, что он не из тех «молодцов», которые больше работают локтями и гоняются за удачами.

Вот с таким человеком я познакомился давно, в стенах Женского педагогического института. Я – филолог, он – математик. Может быть, разница в специальности помешало нам в какой-то мере еще более сблизиться, больше общаться. Но всякий раз, когда наши пути пересекались, мы были рады друг другу, говорили, шутили. И снова я оказывался в плену его обаяния и интеллигентной воспитанности.

Так кто же он? Не буду томить читателей. Это – Советбай Елубаев, чье 75-летие сегодня отмечает наша научная и педагогическая общественность. Кандидат математических наук, доцент, автор – не поверите мне! – более пятидесяти книг разных форматов и объемов и более 600 статей, посвященных, помимо математики, самым разнообразным темам и проблемам (биографическим, историческим, воспитательным и т.д.)

На «микро-уровне» принятие управленческих решений концентрировалось на таких процессах как организация образовательного процесса в вузе, внедрение системы менеджмента качества образования, особенности реализации образовательных программ, воспитательная и научно-исследовательская работы, функционирование управленческой структуры, ресурсы вуза. В условиях реформирования системы образования развитие вуза приобретает все более широкий характер и осуществляется по следующим важным направлениям: повышение профессиональной компетентности ППС, расширение академической свободы, приобретение большей самостоятельности в качестве хозяйствующего субъекта (на праве хозяйственного ведения), ориентированного на финансово-экономическую устойчивость; повышение качества образовательных программ и развитие академической и научной мобильности студентов и преподавателей, укрепление материально-технической базы и формирование современной инфраструктуры; информационно-технологическое развитие, внедрение в управление вузом и образовательный процесс инновационных образовательных и информационных технологий и т. д. Многие вузы с 2012 года перешли на режим хозяйственного ведения, в части из них были созданы наблюдательные советы, или попечительские советы с серьезными полномочиями. Практически все вузы Казахстана (по мере создания конкурентной среды) испытывали на себе фактор ограниченности ресурсов (кадровых (особенно), финансовых и др.), которая в достаточно значительной степени влияет на деятельность вузов и сегодня. Хотя есть примеры неэффективного использования бюджетных средств некоторым вузами. Серьезным тормозом для реализации намеченных преобразований стало сопротивление им со стороны консервативных сил академического сообщества. Поскольку динамика перемен в ближайшем будущем в сфере высшего образования Казахстана будет оставаться достаточно высокой, то логично предположить, что сопротивление этим переменам со стороны ППС в течение определенного времени может существенно осложнять управленческую деятельность вуза. Здесь велика роль руководителей, способных не только обозначить перспективы и направления развития вуза, но и организовать коллектив и команду для их реализации.

Важно отметить, что некоторые устоявшие традиционные и устойчивые техники управленческой деятельности, не соответствующие современным требованиям и неэффективные в наши дни, пришли в противоречие с начавшимися, но медленно осуществляющимися процессами автономизации

вузов и децентрализации управления. В ряде случаев предпринимаются попытки решать новые задачи с помощью структур и технологий, ориентированных на высокий уровень централизации и стабильность, экстраполировать прежний управленческий опыт на новую ситуацию. Большая часть проблем, с которыми сталкиваются сегодня управленцы высшей школы - это проблемы организации, диагностики состояния, ресурсов, организационной культуры, стимулов, ценностей и пр. Поэтому особого внимания требует система профессиональной поддержки управленческой деятельности в системе высшего образования.

Для вузов с высоким уровнем децентрализации, одной из наиболее эффективных управленческих стратегий является ситуационное управление. В рамках этой концепции важным является отсутствие инвариантной системы оценок эффективности организации, ее структуры, стиля руководства, организационного и психологического климата, корпоративной культуры и т. д. Ключевым моментом является адекватность вышеупомянутых и других параметров реальной внутриорганизационной ситуации, миссии вуза, ее целям, этапу ее развития, состоянию внешней среды [2, с.27]. Решение этих задач придает иной контекст вопросам планирования с точки зрения выработки нового видения, индивидуализации целей и задач деятельности вуза. Таким образом, происходят изменения в образовательной, кадровой, научной и др. политике конкретного вуза.

Социальная практика показывает, что теория ситуационного управления создавалась и вполне успешно применялась в период выраженной нестабильности и именно в силу этого обстоятельства представляет собой определенную ценность для высшей школы Казахстана в условиях модернизации. При использовании теории ситуационного управления особую важность приобретают навыки организационного анализа управленцев как на макроуровне, так и микро-уровне - высших учебных заведений. Разработка и реализация управленческих решений стратегического характера на уровне вузов является одной из основных черт современного этапа модернизации высшей школы.

Демократизация системы образования (автономизация, создание Ассоциации ректоров вузов, Союза ректоров Казахстана и др.) предопределяет изменения в характере решений, принимаемых на различных уровнях управления. К примеру, Союз ректоров призван выступить не только активным представителем академического сообщества высшей школы Казахстана на национальном и международном уровне, но и общественной структурой, деятельность которой направлена на обеспечение широкого обсуждения важнейших инициатив в области высшего образования. Главное в современной реформе высшей школы - это видение миссии вуза «в обеспечении баланса потребностей: студентов - в учебе; факультетов - в проведении исследований и расширении сферы соответствующих знаний; общества - в создании хранилища знаний и умений; инвесторов - в работе с жизнеспособным институтом; и, наконец, общественности - в институте, обеспечивающем приток молодежи на рынок труда и распределении ее по профессиональным группам» [3, с 67].

**Список использованных литератур:**

1. *Казахстанская правда. 2 апреля 2013 г.*
2. *Давыдова А.В. Роль управленческой культуры в формировании системы эффективного управления образовательной средой// Философия образования. 2011. №6.*
3. *Шейн Э. Х. Организационная культура и лидерство. - СПб., 2002. -336 с*

## АВТОРЛЫҚ БАҒДАРЛАМАҒА КЕЙІПКЕР ТАҢДАУ ЕРЕКШЕЛІГІ

А.Ә. Усманбаева

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
журналистика және саясаттану факультетінің 2 курс магистранты, Астана қ.*

*В этой статье говорится об особенностях выбора персонажа авторской программы в современной журналистике. Широко исследуется авторский обособленность творчества и образы автора в радио.*

*This article speaks about the features of the character selection of the author of the program in modern journalism. In a radio extensively discussed the author's creativity and isolation image of the author.*

Қазіргі заманауи журналистикада автор бейнесі және оның журналистикадағы индивидуалды стилінің ерекшеліктері бір-біріне, оның жалпы тұлғалық дүниетанымына қатысты. Егер 60-шы және 70-ші жылдардағы бағдарлама авторлары кадр сыртындағы сөзді оқушы ретінде ғана қызмет атқарса, соңғы он жылдықта жарық көрген бағдарламаларда автор оның идеялық басшысы, көпшілік пікірін суыртпақтап ортаға салатын, бағалау, ұстаным және т.б. көркемдік құралдарды жүзеге асыратын тұлға. Қазіргі заманауи телевидениеде автор өзінің авторлық түсінігінің ерекшелігін ашық айтады және өзіндік «менінің» атынан батыл сөйледі. Және ең соңғысы шығармашылық дербестігін танытуда еркін. Осы және өзге де авторлық құбылыстардың нәтижесінде теоретиктердің пікірінше, авторлық бағдарламалардың негізгі жанр түзуші категориясы болып табылатын автор бейнесі қалыптасады.

Әдеби шығармадағы автор бейнесі жазушының шынайы тұлғасымен сәйкес келмейді. Себебі, бұл жерде ол типизация заңымен жасалған көркем бейне есебінде қоланылады. Сонымен бірге, әдеби шығарманың авторы, бір жағынан кейіпкерлерді бейнелеуде үлкен мүмкіндіктерге ие болса, екінші жағынан – өзін танытудың кең спектріне ие. Нақ осы жерден, авторлықтың көптеген түрлері мен пішіндері қалыптасады: жазушы оқиғаға қатысушы ретінде өз пікірін айтып, немесе сырттан бақылаушы ретінде, әңгімені айтушы ретінде – бірнеше қырынан көрініс таба алады. Ал адам ретінде ол «көркем танымның формальды-мазмұндық орталығын ұйымдастырушы» [1,73-б]. Автор өз заңымен өмір сүретін, ерекше көркемдік әлемі қалыптасқан, «тұйық кеңістіктің» орталығы болады.

Ал журналистік шығарманы, соның ішінде радионың бағдарламасын жасайтын автор алдында мүлде басқа міндеттер қойылады. Бұл жерде біз, ойдан шығарылған кейіпкермен емес, өмірде бар, журналист тұлғасымен байланысамыз. Нақ осы жағдай, журналистикадағы автор бейнесін қалыптастыруда көп нәрсені міндеттейді. «Журналистік шығарманың авторына қойылатын міндеттердің қатарына төмендегілерді жатқызуға болады: біріншіден, журналист шығарма ойын идеялық тасымалдаушы болғандықтан, оның суреттеліп отырған оқиғаға деген қатынасындағы дүниетанымдық ұстанымын көрсетеді; екіншіден, өзінің шығармашылық дербестігін көрсетіп қалуға тырысады [2,87-б].

Автордың дүниетанымдық көзқарасы арқылы журналистің жұмыс бағыты және оның шынайылыққа деген принциптер жиынтығы, көзқарастары мен ұстанымдары танылады. Тұлғаның дүниетанымы «қоғамдық сананың барлық пішіндеріне тиісті элементтерден құралады. Онда ғылыми, адамгершілік және эстетикалық танымдар үлкен рөл атқарады. Дүниетанымдық жүйесіне қосылатын ғылыми білімдер адамның қоршаған орта және табиғи шынайылығындағы тәжірибелік бағдарға қол жеткізу мақсатында қолданылады. Сонымен қатар, ғылым адамның шынайылыққа деген қатынасын рационалдап, оны жалғандыққа ұшырау мен қате ойлардан қорғайды. Адамгершілік принциптері мен нормалары адамдардың мінез-құлқымен әрекетінің реттегіші және эстетикалық көзқараспен қоршаған ортаға деген қатынасын, қызметінің формасын және нәтижесін анықтайды. Журналистік шығарманың авторы өзінің дүниетанымдық көзқарасын таныта отырып, өзіндік сананың танылу ерекшеліктерін көрсетеді.

Автордың жеке бейнесі оның өзіне таңдаған рөлінен шығады. М.И. Стюфляева, мысалы, оның мына түрлерін бөліп қарастырады: кейіпкер «айнасы» іспетті автордың рөлі, шығарманың лирикалық



кейіпкері ретіндегі автор рөлі, бағалаушы және талдаушы инстанция түріндегі автор рөлі [3,45-б]. Біздің ойымызша, «айналық кескін» феномені автордың ішкі әлемін ашуға көмектеседі. Адамдардың ойы мен сезімдеріне белгілі бір деңгейде әсер ете отырып, журналист болып жатқан оқиғаларға өзіндік эмоциясын, әрекетін танытады. Нақ эмоциялар біздің тану нысандарына деген біздің қатынасымызды анықтайды. Себебі, онсыз адам ештеңені тануға қабілетсіз және онсыз шынайылықты түсіну мүмкін емес.

Кейіпкерді тану мен таңдау эмоционалды деңгейде ғана емес, сонымен бірге рационалды деңгейде де жүзеге асады. Автордың ой қорытуы, бағалаушы және пікірі зерттеліп отырған нысанға қатысты журналистің ұстанымын танытады. А.В.Калачинский, «бағалау ойларының басты мақсаты деректерді айта отырып, оларға әсер ету, адамдардың пікірі мен мінез-құлқына ықпал ету болып табылады. Мұндай ықпал ету адамның шынайылыққа деген қатынасына негізделіп, белгілі бір оқиға жөніндегі мәтінді алып өзгереді. Деректер белгілі бір тараптардың бағасын алған соң, мәтінде нақты әлеуметтік-саяси реңкке ие болады» [4,12-б]. Журналист сұрақ төңірегінде белгілі бір ұстанымды сақтай отырып, әрқашан оны негіздеуге тырысады. Автордың публицистикалық ашықтығы бойынша журналист жазушыға қарағанда өзінің ойымен, белгілі бір тақырыптардағы ой қорытуларымен, оларды ашық, ешқандай жұмбақтаусыз айта алуымен ерекшеленеді. Ал көркем шығармаларда автор өзінің ойын кейіпкерлерінің бейнесі арқылы береді.

Журналистік шығарманың авторы зерттеліп отырған тақырып бойынша қызығушыларды тарту үшін түрлі тезистерді ортаға салып, нақты деректер мен ой қорытулармен жұмыс жасайды. Соған орай журналистің өз ойларының дұрыстығына көз жеткізуі төмендегі пішінде көрініс табуы мүмкін: айтылатын болжамдардағы сенімділік; оның шынайылығына күмән таныту; оның шынайылығына болжам жасау және т.б. Аталған барлық авторлық ойлар авторлық ұстанымға ерекше бір қозғалтқыш күш беретін психологиялық элементтер сипатында қолданылады.

Авторлық сана журналистік туындыда түрлі дүниетанымдық көзқарастарды ортаға салу арқала көрініс береді. Журналист оқырмандарымен, көрермендерімен өз ойымен, білімімен, өмірлік құндылықтарымен, ұстанымдарымен және т.б. бөлісе алады. Сондай жағдайлардың бірінде ой қорытып, түйін жасаған автор кейпі қалыптасса, енді бірінде болып жатқан оқиғаларға көзқарасын білдіріп отырған, ішкі дүниетанымын танытқан автор бейнесі эфирден орын алады. Д.И.Кирнос: «Дүниені түсініп, танып білудің эстетикалық доминантасы туындыгердің көркемдік санасын, сезімдерін және көркем бейнелерді жасау кезіндегі сұрыптауды жүргізеді. Дүниені қабылдаудың атаулы функциясы көркем ойлаудың кәсібилігімен, шынайылықтың эмоционалды-эстетикалық негізінен ажырауымен түсіндіріледі. Гносеологиялық және психологиялық қатынастағы түрлі элементтерді ала отырып, ой, сезім, ерік, қиял – барлығы дүниені қабылдаудың танымдық және құндылықтық-бағыттық ұстанымын қосады [5,81-б],-дейді.

Дүниетанымдық ұстаным журналистің тақырыптық қызығушылығында және шығарманың идеялық бағыттылығын анықтауда, зерттеу нысанын таңдауда және т.б. көрінеді. Журналистің шығармашылық дербестігі ақпаратты беру мен дайындау әдістері арқылы, тақырыптық бағыттарда, сонымен бірге автордың дүниені қабылдауы және соңғысы журналист өзі таңдаған рөлі арқылы көрініс табады. Яғни, осы негізде автордың публицистік бейнесі қалыптасады. Соған қарамастан, автордың дүниетанымдық көзқарастары бағалаушы ойлар жүйесі арқылы, адамгершілік түсініктері, ойлары арқылы беріледі. Авторлық ойдың ашылуы тек сараптамалық қана емес, көркем әдістермен де жүзеге асуы мүмкін. Сондықтан кейбір жағдайларда біздің көз алдымызға ой қорытушы автор бейнесі келсе, екінші жағдайда лирикалық кейіпкер келеді.

«Телерадиожурналист (жалпы журналист секілді) екі өзара бағытас және өзара түзуші қисық ағындардың қиылысу нүктесінде орналасқан, ол: бұқаралық ақпарат құралдары және көрермен, тыңдарман аудиториясы» [1,73-б]. Ол экран арқылы берілетін деректерді, құбылыстарды, оқиғаларды сараптайды. Телерадиожурналистің тұлғалық қасиеттері барлық хабар тарату сипатына өз ықпалын тигізеді. Сонымен бірге, бұл жерде мәселе ақпаратты түсіну төңірегінде ғана, бірақ оны қабылдау мен тарату адекватты және объективты болуы тиіс. Телерадиоадағы тұлға проблемасы – бұл «телерадионың ерекше құжаттық-кейіптік жүйесіндегі көрерменге, тыңдарманға әсер ету проблемасы. Телерадиоадағы тұлға ұғымы төңірегіндегі сұрақтар – бұл телерадионың бастапқы дамуынан бері келе жатқан даму және қызмет жасауындағы сұрақ» [6,56-б].

Кез-келген телерадиобағдарлама белгілі бір деңгейде адамды мәдениетке баулиды. Тіпті ақпараттық

бағдарламалар да жүргізушінің өзін-өзі ұстауымен, оқиғаға қатысушылардың қарым-қатынасымен, сауаттылық деңгейімен және т.б. көрерменді, тыңдарманды таныстырады. Мұның барлығы көрермендік, тыңдармандық ұстанымдарға әсер етіп, кері мысалы ретінде қабылданады. Көбіне бағдарлама жүргізушілері, олардың сөйлеу, өзін-өзі ұстауы тікелей қабылданады. Бұл дерек қазіргі уақытта көптеп ашылған телерадиоарналардағы сауаты төмен, мәдениетсіз жүргізушілердің қаптап кеткеніне алаңдаушылық танытудың басты негізі болған болатын. Телерадио кез-келген мәдени шараларды, мысалы, спектакль, қойылымдар, концерт, кино және телефильмдерді трасляциялау арқылы мәдени-ағартушылық функцияны орындайды. Аудиторияны телевидение, радио арқылы өнерге шақыру қазіргі күнде мықтап қолға алынған. Бірақ, керемет өнер туындыларын телерадио арқылы ғана көру, тыңдау жеткіліксіз. Бірақ, жер бетіндегі, бұл қаншама адамдар үшін өнер туындыларымен танысудың бірден-бір жолы ғана болып отыр. Мәдени-ағартушылық бағдарламаларда насихат, дидактика элементтері өте жиі кездеседі. Автордың міндеті – оны көрерменге таңбай, барынша абайлап жеткізу. Осылай, бүгінгі күнде оқырман аудиториясы телевизиялық ақпаратты – жүргізуші-тележурналист (проблемалық ақпарат болмасын, көңіл көтерушілік сипаттағы ақпарат болсын) және жүргізуші тұлғасы арқылы қабылдайды. Бұл жерде мәселе ақпарат персонификациясы төңірегінде болып отыр. Ол эфирде айтатын ақпараты жүргізушінің өзіндік тұлғалық қасиеттері арқылы өтетінін білдіреді. Кей кезде телерадио жүргізушінің эфирге бір рет шыққаны барлық көрермен, тыңдарман назарының соған аууы үшін жеткілікті. Кейде керісінше, аудиторияға қажет нәрсені айтып отырған адам оның қызығушылығын оятып, өзіне назар аударма алмайды.

Өзін бағдарлама авторы деп таныстырған журналист үшін оның кәсібилігін көрсететін, бастаған ісін әрі қарай алып кете алатынын дәлелдейтін бірқатар қатаң талаптар қойылады. Журналист өз пікірін ашық айту үшін соған лайық болуы керек. Өз ісіне жауапкершілікпен қарау, тәуелсіз, сенімді, ашық, шыншыл және тәжірибелі – бұл өзінің бағдарламасын ашуды ойға алған журналист үшін қойылатын талаптар. Авторлық бағдарламада автор телерадио жүргізуші ғана емес, тұлға ретінде маңызды. Көрермендер де, тыңдармандар да бағдарламаны оның тұлғасына деген қызығушылықтан тамашалайды. Егер, қарапайым журналист телекөрермендердің үйіне телеэкран арқылы, радиотыңдарман үйіне радиотолқын арқылы кіретін болса, жеке бағдарлама авторы оны өзіне қонаққа шақырады.

«Біз журналист шеберлігін қойған мақсатының айқындығына қарап, пәнді меңгере білуіне, мазмұнды жазып, оған жарасымды форма табуына қарай бағалайтын боламыз» [7,23-б], - дейді профессор Т. Амандосов. Телерадио журналистердің шеберлігін олардың ұйымдастырған хабарынан, микрофон алдында сөйлеу мәнерінен, жазылған сценарийінің ұтымдылығынан, шығармашылық қабілетінің ерекшелігінен байқауға болады. Журналисттің өрнекті тілінен, режиссердің қырағы көзқарасынан, оператордың ұтымды кадрларынан, бейнеинженердің аса шеберлікпен тізген үйлесімді бейнелерінен және хабарға қатысушы қонақтың тұшымды да, елді елең еткізер қызықты әңгімесінен ғана көркем де, тартымды, мазмұнды да, тағылымды телерадиобағдарлама жасалатыны белгілі.

Авторлық бағдарлама – авторы шығарушы, редактор, саунд оператор, жүргізуші, кей кезде тіпті продюсердің қызметін атқаратын радиобағдарлама. Автордың басты ерекшелігі – бағдарламада өз ұстанымының болуы [8,90-б]. Тыңдармандарға автордың ойы мен пікірі үнемі қызықты болып отыруы міндетті емес. Ал, авторлық бағдарламада бұл басты орынға шығады. Әдетте, бір авторлық бағдарламаның тыңдармандар аудиториясы үлкен емес. Автор мен тыңдарманның арасындағы өзара түсіністік – интимді процесс болғандықтан, үлкен аудиторияларды қамтуға мүмкіндік бермейді. Радиодағы авторлық бағдарламаларға деген сұраныс көптеген факторлармен байланысты. Бұл ең алдымен, бағдарламаның дұрыс бағытталғанына тиісті.

Жүргізілген авторлық бағдарламалардың классификациясы көрсеткендей, олардың барлығы элеуметтік тұрғыда маңызды. Авторлық бағдарламалар өз алдына журналистік жанрлардың барлық түрін қамтиды. Радио – бұл бұқаралық коммуникация түрі ғана емес, шығармашылықтың бір түрі. Шығармашылықтың әртүрі өзінің спецификасына тән әдеби тілге – яғни, ойды жүзеге асыратын барлық техникалық әдістердің және көркемдік бейнелеу құралдарының жиынтығы жатады.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Кузнецов Г. В. *Так работают журналисты ТВ.* - М.: Издательство МГУ, 2004 – с. 73.
2. Олешко В.Ф. *Журналистика как творчество.* - М.: РИП-холдинг, 2003. – с. 78.
3. Стюфляева М. И. *Человек в публицистике.* Воронеж, 1989. с. 45.

4. Калачинский А. В. Аргументация публицистического текста. Владивосток, 1989. с. 12.
5. Сборник материалов для работников СМИ и будущих журналистов /Под ред. А.К. Симонова. — 5-е изд. - М.: Галерея, 2004. — с.81
6. Телевизионная журналистика. Учебник. 2-е издание. Изд-во МГУ, 1998. — с. 56.
7. Амандосов.Т. Публицистика дәуір үні. – Алматы: Қазақстан, 1974, - 147 б.
8. Олешко В.Ф. Журналистика как творчество. - М.: РИП-холдинг, 2003.

ӘОЖ [7.097+070](574)

## «ҚАЗАҚСТАН» АРНАСЫНДАҒЫ «ТАҢШОЛПАН» АҚПАРАТТЫ-САЗДЫ БАҒДАРЛАМАСЫ ЖӘНЕ ИНТЕРАКТИВТІЛІК

**Б.Т.Утеғалиева**

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
Журналистика және саясаттану факультетінің  
2 курс магистранты, Астана қ.*

*В этой статье описано о информационно - музыкальной и интерактивной программе «Таншолпан» телеканала «Казakhstan». На этом телеканале обсуждалось способ работы в интерактивном режиме и форма распространения новостей.*

*This article is written for information - musical and interactive program “Tansholpan” channel by “Kazakhstan”. On this channel to discuss ways to work interactively and form of distribution of news.*

Еліміздің телеарналар ішінде көрермендерінің көзайымына айналған таңғы бағдарламалар жасау жағынан «Қазақстан» ұлттық арнасы ұзақ уақыттан бері үзбей жұмыс жасап келеді. Бұл телеарнаның өзіндік жұмыс істеу тәсілі, хабарларын беру пішіндері түрліше. Дегенмен, бұл арна көрермендеріне өз бетінше таңертеңгілік көңіл-күй сыйлауға тырысады, бағдарламаның бүгінде өз аудиториясы қалыптасқан.

Бірнеше жылдан бері эфирге шығып келе жатқан бағдарлама өз жұмысын таңғы 07.00-ден бастап 09.30-ға дейін жүргізеді және бағдарламаның көрермендерге берері мол. Дүйсенбі мен жұма аралығында бес күн бойы шығатын бағдарлама тікелей эфирде жүреді. Бағдарламаның мақсаты - мәдениетке, өнерге, этикаға, тарихқа байланысты қызықты жайттарды көрермен назарына ұсыну. Бағдарламаның тікелей эфирде жүруі жүргізушілердің көрермендермен тілдесуіне яғни интерактивті байланысуына, қонақтарға көкейіндегі сұрақтарын қоюына мүмкіндік береді. Күнделікті бағдарламада алдын-ала таңдалып алынған тақырып хабардың көлемінде талқыланады. Шақырылған қонақтар тақырыпқа өз көзқарасын білдіріп, әңгімелерімен бөліседі. Көрермен де өз ойын айтып, пікір қоса алады, бұл тұста бағдарламаға интерактивті жүйе қосылу арқылы көрермен мен қонақ, бағдарламаны жүргізуші журналистер арасында тығыз байланыс орнатылады. Қонақтар елімізге, әлемге әйгілі немесе қарапайым адамдар болуы да мүмкін. Бағдарламаның эфирде жүру барысында көрермендерден толассыз келіп жатқан қоңырауы әр күнгі эфирдің маңызын арттыра түсіреді. «Қазақстан» арнасындағы «Таңшолпан» ақпаратты-сазды бағдарламасында интерактивтілік әдіс кеңінен пайдаланылады.

Бұл бағдарламадағы интерактивтілік әдістің бір ерекшелігі, әрбір хабарласқан көрермен тек сұрақ қойып қана қоймай, туыс-туғандарына, студия қонақтарына, жүргізушілерге немесе барша қазақстандықтарға өздерінің ақ ниеттерін, сәлемдерін жолдап жатады. Мұның өзі экран алдында отырған әрбір көрерменнің көңілін көтеріп, тікелей эфирге хабарласуға деген ниетін оятады. Телеарнаның қайнаған өмірінің бір бөлігі осы көрермендердің ықылас-ниеттеріне де байланысты. «Жақсы сөз - жарым ырыс» деп халқымыз айтпақшы, әрбір көрерменнің көңілінен шыққан шынайы тілектер таңғы көңіл-күйді көтеретіні рас. Бағдарлама барысында әрбір бір сағат сайын еліміздің және шетел жаңалықтары беріліп отырады. Бағдарламаның әр күнгі тақырыптары да қызғылықты. Мәселен, «Сәби болғым келеді...», «Балалық шаққа саяхат», «Қонақжайлық», «Талант», «Ұйқы, түс», «Ұлттық ойындар», «Неке», «Ескерткіштер» және тағы басқалар.

Телеарналардағы замана ағымымен жеткен жаңашылдықтың бірі – тікелей эфир. «Таңшолпан» көрерменімен тікелей қарым-қатынас жасау жағынан көпшілікті баурап алатыны белгілі. Тікелей эфирдің ерекшеліктері жайлы: «Уақыт та, адам еңбегі де қазіргімен салыстырғанда әлдеқайда көп шығындалатын. Соның бәрі енді бір мезгілде ұйымдасқан түрде орындалады. Ұжымдық үйлесім деген – осы. Ал екіншіден, тікелей эфир өзгеріске ұшырамайтын нақты құбылыс болғандықтан, алдын ала жасалған хабардағы диктор оқыған мәтіндегі жасандылық, белгілі бір дәрежедегі артистизм, ендігі жердегі шынайылыққа, табиғилыққа қарай ойысты. Үшіншіден, тікелей эфир жеделділік тұрғысынан уақыт дәлдігін сақтау мүмкіндігін жолға қойды. Төртіншіден, тыңдарман психологиясына тікелей әсер ету арқылы, олармен қолма-қол қарым-қатынас жасауды қамтамасыз еткен кері байланыс жүзеге асады. Бесіншіден, ғылыми-техникалық прогресс аясында қолданысқа енген соны технологиялық процесс» [1,12-б], - деп көрсетеді ғалым Жидегүл Әбдіжәділқызы өзінің «Тікелей эфир табиғаты» еңбегінде. Тікелей эфирдің студияда жазылған бағдарламадан гөрі мүмкіндіктері әлдеқайда көп интерактивті жүйе күннен күнге арналарымызда көбейіп келе жатқан тікелей эфирдегі бағдарламалар мен жаңалықтар легінің өзі дәлелдеп отыр.

«Фильм және бағдарламадағы негізгі фигуралар – автор, режиссер, оператор. Сценарист тек қана тақырып пен драматургия заңдылықтарын ғана емес, керекті кейіпкерлерді біліп, олармен байланысқа түсе білуі керек»[2,34-б], - демекші, кез келген бағдарламаның жобасы сценарий арқылы туады. «Таңшолпан» бағдарламасының бір күнгі сценарийлерінде интерактивтілік жүйенің кеңінен орын алатыны сөзсіз.

Бұл екі жарым сағаттық сценарийдің бір бөлігінде интерактивтілік жүйесімен көрерменге сұрақ қою арқылы жүргізілетін бір күнгі бағдарламада белгілі бір тақырыпты алып, соның төңірегінде сұрақтарды көрерменге қоя отырып, нақты жауап берген көрерменге сый-сияпат беруді үрдіске айналдырған. Бұл көрерменге қойылатын сұрақтардың көркемдік жағына келер болсақ, мұнда орнын тауып қолданылған қанатты сөздер, мақал-мәтелдер, сөз тіркестері бағдарламаның мәнін одан сайын ашады. Мәселен, сценарийде: «Құдайым би қылмасаң да, би түсетін үй қыл», «Ала дастархан Алатауды да алады», «Құтты қонақ келсе қой егіз табады», «Қойдан қоңыр, жылқыдан торы», «Той десе қу бас домалайды», «Барымызбен базар», «Қонақ қойдан жуас, май берсең де жей береді», «Дастарханың мол болсын, пиғылың кең болсын» деген әуезді тіркестер сценарийдің өн бойынан көрініс тауып жатады. Психология ғылымында сөзбен әсер ету деген тәсіл бар, яғни адам айналасынан жылы сөздерді жиі естіп немесе өзгелерге жағымды, әрі жақсы сөздер жиі айтатын болса, ол адамның болашақ ісіне, көңіл-күйіне де оң нәтиже береді екен. Сол сияқты әр сағаттың басында немесе әрбір жаңа ән-шашу, сюжет, жаңалықтардан кейін «Қатарымызға жаңа ғана қосылған көрермендеріміз болса, атқан таңдарыңыз арайлы болсын дейміз», немесе «Таңмен таласа оянып, тағы бір күннің қызу тіршілігіне дайындалып жатқан көрермендерімізге «Қайырлы таң» дейміз», деген секілді, болмаса Жаңа күн ырысты, жеңісті болсын!», сондай-ақ, «Қатарымызға жаңа қосылып жатқан көрермендеріміз болса, Қайырлы таң! деп тағы бір амандасып қоялық! Егер таңғы астарыңызды ішіп отырған болсаңыздар, «астарыңыз дәмді болсын» дейміз!» - деген секілді жалынды амандасу, көгілдір экран алдында отырған көрерменге жылы шырай танытып, енді ұйқысынан оянған немесе теледидар алдында отырған адамдарды жігерлендіре түсері анық. Сценарийде бағдарлама барысында шақырылған қонақтарға қойылатын сұрақтар да жүйелі, әрі қысқа да, нұсқа.

Бағдарламада тақырыпқа қатысты сюжет, дайджест, ән-шашу және жұлдыз-жорамал беріліп отырады. Сюжеттер де бағдарламаның сол күнгі тақырыбына орай құрастырылады. Хабардың ұзақтығы материалдың мәнділігіне, тақырыптың өзектілігіне, психологиялық факторға, хабардың тартымдылығына тікелей байланысты. Демек, бірнеше жылдан бері эфирден үзілмей беріліп келе жатқан бағдарламаның көрерменіне берері мол. Басталған іске сыншы да көп болатыны рас. Кез келген бағдарламаның ең басты сыншысы – халық, яғни көрермен екені әмбеге аян. Көрермені бар хабардың ғана ғұмыры ұзақ бола алады. Демек, хабардың рейтингі де көрермендерімен бағаланатынын айта кету керек. Аудитория көлемін өлшеудің түрлі тәсілдері бар: әлеуметтік көрсеткішті анықтау, телекөрермен күнделігін жүргізу, телефонмен сұхбат, анкета жүргізу репрезентативтік таңдау тәсілі және тағы басқалар. «Тек көрермен арқылы ғана, соларға әсер ету сапасына қарап, бағдарламаның қаншалықты бағалы екенін айқындауға болады»[3,8-б], - деп жазды 1960 жылы телевизияның бірінші теоретигі және критигі В. Саппак.

Бүгінде интернет жүйесі көрермен рейтингін, хабардың сапа-сын анықтауда зор роль атқарып

жүр деуге болады. Бағдарламаның сценарийіне, құрылған сұрақтарына тоқталсақ, бағдарлама сценаристерінің сұрақтары жүйелі, ретті. Бірақ ол сұрақ эфирде қалай көрініс табатыны жүргізушілерге байланысты. Кейде олар шатасып, жаңылысып кетіп жатады. Сондай-ақ, «Таңшолпан» бағдарламасының жүргізушілері бір-бірінің сөзін бөліп кетіп жататын тұстары жиі кездесетінін интернеттегі көрермендер пікірінен де байқадық. Бағдарлама сұрақтарына қатысты айтар болсақ, «Айқын» газетіндегі «Таңшолпаннан» «Қайырлы таң, Қазақстанға» дейін» атты мақала авторы Бақыт Сәтбаев бүгінгі күнгі «Қайырлы таң, Қазақстанға» тоқталып, салмақты ойлар айтады. Автор бағдарлама жүргізушілеріне, қонақтарға қойылатын сұрақтарына былай тоқталады: «Енді таңертеңгілік бағдарламаның кешегі күнін қоя тұрып, бүгінге тоқталайық. Мәселен, кешегі, 9 қаңтар күнгі бағдарламаға ұстаздық, шәкірт тәрбиелеу тақырыбы өзек болды. Хабарды әдеттегіше Бақыт Қанат пен қазақшаға судай Майя Веронская жүргізді. Жалпы, бұл екеуі де эфирде отырып көбірек күлетіні болмаса, бағдарлама жүргізуге әбден төселген, осы тақылеттес хабарға машықтанған журналистер. Әсіресе, Майяның тікелей эфирдегі іс-қимылы жарасымды. Әдепті бойжеткеннің кейпін танытады. Сауалды орнымен қояды, ойланып сөйлейді. Ал жымиып отыратын жігіт Бақыт болса, салмағы жеңілдеу сұрақтарға әуес. Сол сауалдардың өзін кейде алдыңғы әңгімемен сабақтастыра бермейді. Бұл жолы эфирге қонақ ретінде Ұлттық техникалық университеттің геология пәнінен дәріс беретін оқытушысы Гүлімшат деген замандасымыз шақырылды. Бұл жерде әңгіме геология пәнін оқыту жайы, жоғары мектептегі педагогика мәселесі туралы болса керек-ті. Бірақ Бақыт оған мектеп мұғаліміне арналған сұрақтарды төпелеп қоя бастады. Майя да оған ілесіп, желе жортып отырды. Бақыт ә дегеннен белгілі бір университеттің оқытушы-ғалымын геология пәнінің мұғалімі деп таныстырды. Қалыптасқан ұғым бойынша, мұғалім мектепте, оқытушы университетте дәріс береді. «Университетте мұғалім сабақ береді» деген тіркесті мүлде қолданылмайды. Гүлімшат ассистент пе, оқытушы ма, аға оқытушы ма, әлде доцент пе, соны эфирдің алдында қонақтың өзінен сұрап алуға болмас па еді? Бақыт тікелей эфирдің қонағына «Сіз ұстаз болуды армандадыңыз ба?», «Үлкендерге сабақ берген қиын ба, әлде оқушыларға сабақ берген қиын ба?», «Алғашқы ұстазыңыз есіңізде шығар?»[4], - деген секілді әбден жауыр болған балаң сауалдарды көп қойды. Гүлімшат та сауалдан тосылмайтын сөзшең кісі екен, әйтеуір ерінбей-жалықпай жауап берумен болды. Бір тұста бағдарламаның жүргізушісі «Осы уақытқа дейін алдыңыздан қанша шәкірт түлеп ұшты?», - деп қойып қалды. Бұл сұрақ та «Көлдін суы қанша шелек шығады?», - деген секілді орынсыздау қойылды. Күніге бірнеше топқа дәріс беретін жоғары оқу орнының оқытушысы соның бәрін санап жүр ғой дейсің бе, әйтеуір амалдап орағытып жауап берген болды. «Сабаққа кешігіп келгендерге қандай жаза қолданасыз?», - деген сауалға мейманның педагогикалық ұстаныммен тұспалдап жауап бергеніне қарамастан, жүргізуші «Сонда шара қолданбайсыз ба?», «Дегенмен өзіндік тәсіліңіз бар шығар?», - деп қайта айналып сұрады. Оқытушының студенттерді жазалау тәжірибесіне журналистің неге сонша қызыққанын кім білсін? Бақыттың қояр сауалы таусылды ма, ең соңында «Жұмысыңыз сағат нешеде басталады?», - деп сұрады... «Таңертеңгі лекциядан қалып қоймаңыз, таяқ тастам жерде тұрған университетке үлгерсеңіз жарар еді», - деген оймен сабақтастырғысы келгенін түсіндік. Бірақ сұрақ сүреңсіздеу шықты», - дейді. Расында да, автордың айтып отырған жайттары кез келген оқырманға ой салады. Сұрақтардың тым жеңіл, әрі логикалық байланысы жоқ екені автор айтқан мысалдардан айқын көрініс тауып отыр. Бүгінде қандай БАҚ-ты алып қарасаңыз да, ең көп қолданылатын сұхбат жанры болғандықтан, оның мәнді шығуы тек сұрақ қоюшыға ғана байланысты емес, сұхбат берушінің жауабының маңыздылығына да байланысты. «Интервью жанрының ерекшелігі сол, онда тілшінің пікір білдіру пішіндерінің барлығы да тек қана ақпарат алуға бағытталады. Мұндайда бірінші орынға жауаптар шығуы тиіс, өйткені жауап арқылы түсінік туындайды, ал түсіну мен жауап диалектикалық тұрғыдан алғанда ажырағысыз және бірін-бірі өзара толықтырады»[5,39-б], - дейді журналистика теоретигі Т.С. Амандосов. Бақыт Сәтбаевтың мақаласының жалғасы осы турасында. «Эфирдің келесі қонағы — қазақтың әйгілі әншісі, халық әртісі Қайрат Байбосынов екен. Қашаннан қамшы салдырмайтын Қайрекеңнің суырылып сөйлегенін көріп, жігерленді ме, бағдарламаны жүргізушілердің сауалдары біршама жөнделе бастады. Бірақ бұл сұхбатта да «Неше жастан бастап сіз ұстаз болуға дайын болдыңыз?», - деген сықылды салмақсыз сауалдар қойылмай қалған жоқ. Әділін айту керек, бұл жерде Бақыт Қанат бір ұтымдылық көрсетті. Ол даңқты әншінің бала кезінде ән салып, әйгілі композитор Нұрғиса Тілендиевтің көзіне түскенін, Нұрекеңнің бала Қайратқа «Сен маған бала боласың ба?!», - деп сүйсінгенін еске салды. Содан Қайрекең көсілді. Соны тындап болған Бақыт «Сонда сіз Нұрғиса ағамен кездескен он үш жасыңызда ән салып жүрдіңіз



бе?», - деп қарап тұр... Сауалдың логикалық қайшылығына, жауабы алдында ғана айтылғанына қарамастан Қайрат әнші асқан сабырлықпен жауап берді. Сол жаста ән айтып, Нұрғисаның назарына іліксе, әрине ән салып жүреді де... Әрине, тікелей эфирде бағдарлама жүргізу оңай емес. Журналист сасқалақтайды, ойын жұптай алмай қиналады.

«Таңшолпан» бағдарламасындағы интерактивтілік жайындағы ойымызды қорытындылар болсақ, басталған істің жетістіктері көп және интерактивті жүйені белсенді пайдаланатын бірден бір тележоба. Еліміздегі басқа телеарналармен салыстырғанда, бұл алдыңғы қатардағы, әрі тұрақты таңғы бағдарлама деп айтуға негіз бар. Барша қазақ халқын әлдилеп оятатын, тартымды әңгімемен, тәтті әуенмен жағымды көңіл-күй сыйлайтын бағдарламаның әлі де шығармашылық қыры артып, қызықты бола түсетініне сенеміз.

***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Әбдіжәділқызы Ж. *Тікелей эфир табиғаты.* – Алматы: Қазақ университеті, 2003.
2. Ворошилов В. *Журналистика.* М., Издательство МГУ, 2000.
3. *Телевизионная журналистика.* М., Издательство МГУ, 1994.
4. Сәтбаев Б. «Таңшолпаннан» «Қайырлы таң, Қазақстанға» дейін». //«Айқын» газетінің «Дидар TV» бөлімі. 10.01.2008
5. Амандосов Т. *Совет журналистикасының теориясы мен практикасы.* – Алматы: Мектеп, 1978.



## ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ-ЭТИКАЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ АБАЙ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ НЕГІЗІНДЕ

**Ғ.С. Абсалықова**

*Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті  
Философия кафедрасының «Мәдениеттану» мамандығының  
2 курс магистранты, Астана қ.*

*В статье рассматривается преобразование всех ложных и настоящих ценностей, которые глубоко влияют на внутреннее состояние целого народа Казахстана, и определяет духовное осмысление каждого из нас.*

*In article transformation of all false and real values which deeply influence internal state of the whole people of Kazakhstan is considered, and defines spiritual judgment of each of us.*

Қазақ халқының рухани-этикалық құндылықтарының басым бағыттарын анықтауға бет бұрғанда біз міндетті түрде қазақтың бас ақыны Абай шығармашылығындағы қазақ халқының рухани-этикалық құндылықтарының көрінісі мен қазіргі замандағы өміршендігіне тоқталуымыз керек. Абай бүгінгі жаңа технологиялар мен рухани азғындық басқан ХХІ ғасырда еліміздің түпкі зердесін оятатын, ойына ой, ақылына ақыл қосатын, мәңгі өлмес тек қазақ халқына ғана емес, сонымен қатар жалпы адамзат баласына маңызды болған «мәңгілік сауалдарды» қоя білумен және соларға ұтымды жауап таба білуімен қажет, сонысымен өміршен. Еліміздің философы Ғарифолла Есім «Хакім Абай» атты еңбегінде, Абайды дүниеге әкелген заманды Ренессанс дәуірі деп атайды. Оның мәні түркі жазба мәдениеті дәстүрінің қазақ топырағында қайта жандануы. Түркі тілдес қазақ халқы өзінің тектілік жазба мәдениетіне қайта оралды. Оның ойынша, Абай сияқты біртуар ренессанстық тұлғалар хақында кесіп пішіп, қорытынды сөз айту мүмкін емес. Халықтық сана сезім жетіліп толысқан сайын Абай туралы ұғымымыз кеңейе бермек, әр ұрпақтың Абай туралы өзіндік ұғымы қалыптасып, әр ұрпақтың өз Абайы болмақ. Сондықтан, философ пікірінше, Абайды тануымыз өз халқымызды тану, оның рухани байлығын игеру деген сөз.

Ал шын мәнісінде Абай мұрасы бүгінгі ұрпақтың, қазақ жеткіншегінің зердесіне қона алды ма? Біз Абайды, оның қалдырған мәңгілік құндылықтарын қалай ұлықтап жүрміз? Осы сауалдар көкейімізде жиі көлденеңдейді. Егер «Абай» романы жазылмаған болса, оның заңды жалғасы «Абай жолы» эпопеясы қазақ әдебиетінің жауһарларының бірі ретінде жарық көрмегенде, Абай да жабулы күйінде қалатын тақырыптардың бірі еді. Сол қазақ әдебиетінің баға жеткісіз сом туындысы, классикалық роман М.Әуезовтің «Абай» романының жазылғанына 70 жыл өтті. Алайда қазіргі заман жастарының құндылығы, өмірлік мұраты Абай заманынан да, Әуезов заманынан да 180 градусқа өзгерді. Қазіргі жастарды даңғаза әуен, санасыз өлең, қызық өмір ғана ынтықтырады. Атом ғасырына аттаған біздер үшін ел мұратынан гөрі, әлемдік мұрат, жан азығынан гөрі, тән азығы алға озды. Жаһандану дәуірінде ұлттық ұлы құндылықтарын екінші сатыға ысырып, ғаламдық құндылықтарды көлденең тарта бастадық. Ғылым және білім министрі мектептерде үш тілділікті енгізудің алғашқы қадамдарын жасауға кірісті. Абай қалың қазағының бүгінгідей ұлттық мұратының тығырыққа тірелгенін көрсе, оның ұрпақтарының (қазақтың) басым көпшілігінің қазақ болып туғанына намыстанатынын, өкінетінін білсе, бұрынғыдан бетер күйзелері анық.

Абай – ұлттық мұраты айқын, елінің болашағы үшін басын тауға да, тасқа ұрған ақын. Егер Абай бүгінгі заманды, ұлтынан, қағынан жерігендердің қылығын көрсе, бұрынғы түңілгені түңілген бе, өмірден мүлдем баз кешіп кетер ме еді?! Ол «Тоғызыншы қара сөзінде» былай деп толғанады: «Осы мен өзім – қазақпын. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе? Егер жақсы көрсем, қылықтарын қостасам керек еді. Уә әрнешік бойларынан адам жақсы көрерлік, көңілге тиянақ қыларлық бір нәрсе тапсам керек еді. Соны не үміт үзбестікке, не онысы болмаса, мұнысы бар ғой деп, көңілге қуат қылуға жаратсам керек еді, ондайым жоқ. Егер жек көрсем, сөйлеспесем, мәжілістес, сырлас,

кеңестес болмасам керек еді, тобына бармай, «не қылды, не болды?» демей жату керек еді, ол мүмкін болмаса, бұлардың ортасынан көшіп кету керек еді. Бұларды жөндеймін деуге, жөнделер, үйренер деген үмітім де жоқ. Бұлардың бірі де жоқ. Бұл қалай? Бұл айтқанның бірін тұтпай болмас еді. Мен өзім тірі болсам да, анық тірі де емеспін. Әншейін осылардың ызасынан ба, өзіме-өзім ыза болғанымнан ба, яки бөтен бір себептен бе? – еш білмеймін. Сыртым сау болса да, ішім өліп қалыпты. Ашулансам, ызалана алмаймын. Күлсем, қуана алмаймын, сөйлегенім өз сөзім емес, күлгенім өз күлкім емес, бәрі де әлдекімдікі. Қайратты күнімде қазақты қиып бөтен жаққа кетпек түгіл, өзін жақсы көріп, үміт етіп жүріппін. Қашан әбден біліп, үмітімді үзген кезде, өзге жаққа барып, жатты өз қылып, үйір боларлық қайрат, жалын сөніп те қалған екен. Сол себептен бір жүрген қуыс кеудемін. Тегінде ойлаймын: бұ да жақсы, өлер кезде «әттегене-ай, сондай-сондай қызықтарым қалды-ау!» деп қайғылы болмай, алдыңғы тілеу болмаса, артқа алаң болмай өлуге».

Иә, бұның бәрі ертеңіне алаңсыз, қамсыз қазақ үшін күйінуден туған ой. Бұл ойлары оның өлеңдерінде де көрініс табады.

«Ішім өлген, сыртым сау,  
Көрінгенге деймін-ау:  
Бүгінгі дос — ертең жау,  
Мен не қылдым, япырм-ау?!»

Руханилық этикалық құндылықтар туралы сөз қозғағанда, қазақ халқының руханилығының басты тірегі мұсылман діні мен еңбек ету туралы сөз тарқатқан жөн. Дана ақынымыз Құдай жаратушы хақында нендей айтқан ойлары ерен орын алып, рухани азық болып табылады. Ақынның айтқан бірінші сүйі:

Сен де сүй ол Алланы жаннан тәтті.

Екіншіден, «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп». Мұнда ұлы ойшыл адам баласын сараламай, діні, тілі, түр келбетіне қарамай сүю хақында ой өрнегін құрап отыр, үшіншіден адамзатты сүю дәстүрінің хақ жолы, әділеттілік деп, әділеттілікті сүю деп ой түйіндейді.

Осы мәселелерді шынайы қабылдап, түсініп және осы жолды ұстансаң, нағыз мұсылман болғаның. Яғни, мұнда да қандай зат болмасын, ақылына, оның өмірге қажеттілігіне, өміршеңдігіне қатты назар аударған. Абайда қазақтардың бодандыққа түсіп, ойлары нокталанған заманның өзінде өзге халыққа, дінге деген наразылық жоқ. Керісінше, адамдардың кең түсіністігін аңсауы, биік ізгілікке құмарлығы айқын көрінеді. Мұның өзі ұлы ақынның өзге халықтардың жақсысын бойымызға сіңіріп, жаманынан жиреніп, діні өзге халықтар болса да, ізгілік пен адамгершілік қасиеттері тұрғысында, алар өнегесі болса, бойымызға сіңіруімізге оң көзқараста болғанын көрсетеді. Осы жолда аянбай еңбек етуге, талапты, терең ойды алға қоюға бастама болады.

Абай - «мұсылмандық», «иман» деген ұғымдарға терең талдау жасаған ойшыл. Оның айтып кеткен үш сүйі ұғымы адам баласының санасынан.

Батыс пен Шығыс ғұламаларын зерделеп зерттей келе түйгені: құдайдың өзі де рас, сөзі де рас; Ол ешкімге арам бол, қанішер бол, масыл бол деген емес; ендеше құдайға құлақ аспай құлық түзелмейді, адалға жүрмей, адам түзелмейді, адам түзелмей, қоғам түзелмейді; халық түзелу үшін әркім өз басын түзеуі қажет. Ол үшін «қуанбасқа қуанып, ұялмасқа ұялатынын» қою керек. Одан арылтатын жалғыз дауа еңбек. Абайдың ұғымында «Еңбек танымды арттырады. Еңбек естіген нәрсені бекіте түседі. Адам алған білімін ретке келтіреді, керектіні керексізден сұрыптап, ақылды болады». Сондықтан ол еңбекті барша игіліктің негізі, оған деген сүйіспеншілікті адамдық өмірдің басты мәні мен мақсаты деп біледі. Ал жалқаулықты барша қырсықтың, одан туындайтын жарамсақтықты барша қиянаттың, мақтаншақтықты түзелуден үмітін үзген бейшаралықтың түп атасы деп түсіндіреді. Халықты «түзелмейтін қайыршыға» айналдырмайтын амал «егін, сауда, кәсіп, ғылым» деп біледі. Ол тек ыждахат пен ынта бар жерде ғана жүзеге асады. Абайдың: «Құдай саған еңбек етуге жеткілікті күш берді. Бірақ сен еңбек етпейсің. Құдай саған ғылым берді. Бірақ сен оқымайсың. Құдай саған сана берді, сен оны жоғалттың. Сен ерінбей еңбек етсең, шыдамдылықты іздеп, пайдалы жұмыс жасасаң, бай болар едің», деп жазғыратыны бүгінгі таңда да өз өзектілігін жойған жоқ. Себебі, еліміздің тәуелсіздігін алып, алдыңғы қатарлы елдер қатарына қосылуы жолындағы жастарымыздың дені еңбек етуден қашады, осы айтылған қағиданы жадынан шығарып алғаны жанымызға батады. Өзімізден көш ілгері елдердің технологиясын меңгеріп, олардың озық жақтарын өзіміздің бойымызға сіңірудің орнына, тіптен руханилықты азғындататын, кері жолға сілтейтін жолдарына тез бейімделгіш келеді жастарымыз. Ол үшін Абай айтып кеткен Алла туралы, имани жол туралы көзқарасымызды таяздатпай оны өзінің терең әрі дәл мағынасында орынды қолдана

білуіміз керек. Абай адам тек еңбек етудің арқасында ғана моральдық жағынан кемелденіп, отбасына, жас ұрпақ тәрбиесіне, аталық, аналық, достық, жолдастық, туыскандық парызға деген көзқарасты өзгерте алады деп санайды.

Бүгінгі халықаралық жағдайға байланысты ұстанып отырған мемлекеттік ішкі, сыртқы саясатымызға да жауапты Абай айтқан асыл сөздерден табуға болады: «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген жолдардан халықтар достығы мен ынтымағының желі еседі. Бұл ақын үшін тіршіліктің негізгі мағынасын айқындайтын ұлы мұрат десек те болады. Ақын көзқарасын қазіргі заманғы тілмен айтсақ, біздің ел болып қатарға қосылуымыздың алғы шарттарының бірі - өзге елдермен достық, ынтымақтастық қарым-қатынаста болу. Өзге өскен ел не істесе соны істе, ғылымын, мәдениетін меңгер дейді Абай. Ол үшін өзгелермен мәдени, экономикалық, саяси араластық керек, оның аты қазіргі заманда еліміздің өркендеуінің алғы шарттарының бірі болып отырған - интеграция. Өзгеше тарихи жағдайда өмір сүрген қазақ халқына бұдан әрі бұрынғыша тіршілік етуге болмайтынын, заман талабына сай еңбек етіп, кәсіпті, сауданы меңгеру керектігін де бірінші айтқан Абай кемеңгер. Сонысымен Абай шығармасында ұсынған және ұстанған жолы - бүгін де өзекті, шынайы, заман талабына сай.

Сондықтан қазіргі замандағы қазақ халқының рухани өміріндегі олқылықтардың алдын алып, оны дұрыс бағдарға бұру үшін Абай жолымен жүрген абзал. Ол жерінен, суынан, тәуелсіздіген, билігінен айрылған қазақты құтқарудың жалғыз амалы оның рухани әлемін, елдік, адами ізгі қасиеттерін сақтап қалу екенін, сонда ғана оның ұлттық сипатын аман алып қалуға болатыны жақсы түсінді. Біз бүгінгі күні де Абайға қарап тірлігіміздің дұрыс бұрыстығын сараптай аламыз. Сондықтан да өзге дамыған елдердің ең алдымен рухани этикалық құндылықтар жүйесін саралап қана, олардың жақсы жаманын айырып, тек өзіміздің жарқын болашағымызға бастау үшін адамдардың санасына жаңашыл көзқарасты енгізетін ең асыл қасиеттерін бойымызға сіңіріп, келешек ұрпақтың рухани-этикалық тәрбиесінде дұрыс бағытта қолдана білгеніміз абзал.

***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Маркова. А.Н. *Культурология: история мировой культуры. 10-25 б.*
2. *Ғарифолла Есім. Хакім Абай. 38-146 б.*
3. *Абай. Шығармалар жинағы. II бөлім.*

ӘОЖ 004.4

## МАЙҚЫ МИРАСЫНЫҢ ҰРПАҚ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ МӘУЕЛІ ТАҒЫЛЫМЫ

**А.И. Басығараева**

*БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана қ.*

*В данной статье рассматривается ораторское наследие Майкы бия как один из факторов воспитания молодого поколения.*

*This article examines Maiky Biy's oratorical heritage as one of the factors in educating the younger generation*

*«Алтау ала болса - ауыздағы кетеді,  
Төртеу түгел болса - төбедегі келеді».  
Майқы би Мәнұлы*

Исі қазақ қазақ болғалы – ұлылығын да, дархандығын да, ерлігі мен елдігін де сөз қойнауына сыйғыза білген кемеңгер дана халық. Ғасырлар бойы халық жадында сақталып, атадан балаға мирас боп келе жатқан інжу маржандай аталы да баталы сөздерін аяқасты етпеген, аманатқа қиянат жасамаған, сөз қадірін өз қадірім деп түсінген. Ауыздыға сөз, аяқтыға жол бермеген, басынан сөз асырмаған, бір ауыз сөзге мойынсұнып тоқтай білген. Данышпан халық ата-бабасының мұң-шерін, арман-мұратын ұрпағының

санасына сіндіре білген, төтеден төге сөйлейтін бейнелі де бедерлі қасиетті сөздерін қастерлеп, жанына жалау етуге бесігінен баулыған. Пенде баласының сезімге толы тылсым сырларын, келелі ой, асқақтаған арманы мен қисынсыз қиялын, мұңға толы қарасы мен жанға түскен жарасын – өн бойына сыйғыза білген сұлу сөздің қадірін қазақтан артық кім білген? Атам қазақ: «Сөз қадірін білмесең, өз қадірінді білмейсің», - деп, сөз өнеріне ерекше мән берген.

Тарих қойнауы асыл мұраға бай, тамырын тереңге жайған қазыналы халықтың ұлттық таным-түсінігін саралауда ғұламалар ең алдымен ұлттық болмысымыздың асыл діңгегі ауыз әдебиетіне жиі жүгінеді. Ауыз әдебиетінің қазақ дүниетанымынан алар мәртебесі жөнінде атақты ғалым, әдебиеттанушы Кенжебай Ахметов: «Әдебиетті «өміртану құралы», «адам жанының айнасы» деп жиі айтамыз. Әдебиеттің мұндай сипаттамаларды иеленуінің бір сыры оның өмірдегі көкейкесті мәселелерді көтеріп, адам жанының құпия қойнауларына тереңдей үңіліп, талдап тануға бейімділігінде жатыр», - деп жазады [1].

Ауыз әдебиетінің бір түрі – шешендік сөздер. Шешендік – қазақ халқының ескіден келе жатқан дәстүрлі тіл өнері. Ғасырдан-ғасырға ұласып, елигілігіне жараған, қадірін де, қасиетін де жоғалтпаған ұлттық мұрамыздың бірі. Екіаяқты пендесіне Тәңірінің берген сыйы, сирек ұшырасатын қасиет-дарын. Шешендік сөз терең ойға, ұтқыр шешімге, тапқыр қисынға құрылады. Шешендіктің негізгі қасиеті – айтылған сөзге ұтымды, әрі жедел жауап қайтарып, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін тую. Қазақ халқы сөз бастаған шешенді қол бастаған батырмен қатар қойған.

Ұлттық өнеріміздің тарихы Шыңғысхан тұсында өмір сүрген Майқы би Мәнұлынан бастау алады. «Түгел сөздің түбі – бір, түп атасы – Майқы би» деген сөз осы күнге дейін халық жадында сақталған. Тарихи деректерге сүйенер болсақ, Майқы би Шыңғыс хан заманында өмір сүрген, әділ билік, аталы сөз иесі, теңдесі жоқ шешен екен. Шыңғысты хан көтеруге қатысқан он екі бидің бірі, сондай-ақ азулы ханның ең сенімді кеңесшілерінің бірі болған деседі. Майқы бабамыздың «қара қылды қақ жарған» әділетті билігімен, тапқыр шешендігімен қатар, ел болашағын дәл болжай білген көреген, ел пір тұтып, табынған әулиелік қасиеті мықты адам болған. Тағылымдық, тәрбиелік мәні зор толғамдар иірімі, киелі бабамыздың жыраулық қасиетінің де орасан болғандығының куәсі.

Майқының өз әкесі – Мән, өзіне дейінгі 18-атасының да есімі Майқы болған. Кей деректерде «Байқы», «Байқу» деп те аталады. Жасынан шешендігімен, тапқырлығымен ел аузына іліккен Майқы бабамыз, саналы ғұмырының соңына дейін ел қамын өз жанынан артық ойлаған кемеңгер тұлға ретінде, тарих саңлағына айналды. Майқы би ел ішінде жиі бой көтеретін дау-дамайлар, жер дауы, жесір дауы, үнемі қызылкенірдек боп қырқысып жататын жүздер, рулар арасындағы қызу айтыс-тартыстарда басу айтып, бір мәмілеге келтіріп жүрген. Ұлт мүддесін, халық бірлігін, ұрпақ келешегін бәрінен де биік қойған. «Бірліксіз - тірлік жоқ» деген дана сөз де, Майқы бабамыздың дуалы аузынан шыққан. Жұрт оны сөйлетіп қойып, аузына қарап отырады екен. Майқыны заманында «Қарқуардай Майқы» дейді екен. Ол да шешендігіне байланысты болса керек. Қарқуар деген құс ертеден сайрағаннан талмай түннің бір шамасында сайрауын қояды екен. Содан екі бие сауым ғана дем алып, таң құлан иектене қайта сайрайды екен. Міне, Майқы атамыз сондай шешен болыпты. Шешеннің қай мұрасын алсақ та, көптің көкейінен ойып орын алатын, көркемдік қуатымен, ғибраттық сарынымен дараланған, таңдай татарлық тың дүниелер екеніне көзіміз жетеді. Ел есінде сақталып келген осынау терең ойға толы асыл сөздері ұрпақ үшін әрқашан тәрбие-өнер мектебі болған.

«Кімнен кім туады?» деген сауалға Майқы би:

«Тұлпардан тұлпар туады,

Сұңқардан сұңқар туады,

Асылдан асыл туады,

Жалқаудан масыл туады,

Масылдан мал бақпас туады,

Тілазардан қылжақбас туады,

Таздан жарғақбас туады,

Сараңнан бермес туады,

Соқырдан көрмес туады,

Мылжыңнан езбе туады,

Қыдырмадан кезбе туады». - деп жауап берген екен.

Алдағыны болжай білетін көреген де кемеңгер, сәуегей кісі болғандықтан, ел оны әулие санаған. Асқан суырыпсалма, сөзшеңдігімен қатар, болашақты болжағыш сәуегейлік қасиеті де мықты болған деседі. Майқының әулиелілігі жайында аңыз былай дейді:

«Майқы билік құрып отырып қалғып кетіпті. Жанындағы билердің бірі мұны ұят көріп, Майқы оянсын деп тамағын кенеп жөткірініпті дейді. Сонда көзін ашып қалған Майқы:

- Қап, шіркін-ай, аяғын біле алмай қалдым-ау! - депті. Қасындағы нөкерлері мен билері оның түрі кетіп, түсі қашқанынан шошып үндей алмапты. Сөзді өзі бастап әрі қарай жалғап кеткен деседі:

- Көзі қысық, тісі қысық түстіктегі жаудан, көзі шегір, өзі жемір батыстағы жаудан үрім-бұтақ әуізатым көп қорлық көріп, көп азап шегеді екен. Тілін де дінін де құртады екен. Аяғын біле алмай қалғанымды көрдіңдер ме?!

Ұрпағымның керегесі сәгіліп, көз жасы төгіліп, жігері құм болып үгіліп, уығы қаламынан қарс айрылатын, шаңырағы шарт кетіп шайқалатын кез болады екен. Ұрпағым ынжықтық көрсетіп, мына маған жағын жара алмай отырған сендерше, оның айтқанына көніп, айдауына жүріп, зорлығына, қорлығына мөнді-мөнді деп, ұзақ уақыт соның табанында таусылады екен. Өттең, шіркін, аяғын көргенімде, шаңырағы шайқалмауының амалын осы бастан іздестіретін едім. Біреуің тамағыңды кенеп, біреуің біреуіңді шенеп, жөтелдің бе-ей, жөткеріңнің бе-ай! Мажалы алғашқы бағыну-жағынуды, шағынуды да өз тұқымымыз бастайды екен», - деп жалғастырып, канаттастырып тіккен бес қазақ үйдің төргісіне кіріп, көп уақыт жоқ болып кетіпті. Сол сәтті пайдаланған Аяз би: «Екінші әрі Майқы қалғыса көзін ашуын қаламандар, тып-тыныш, дым шығармай отыратын болайық», - депті.

- Майқы әулие адам. Оның көріпкелдігін, болжағыштығын біліп тұратын болайық. Тәңір тілеулеріңді берсін, бұдан былай, байқайтын болыңдар!, - депті. Осыдан кейін Майқы көзін жұмғанда отырғандар үн шығармайтын болыпты.

Осы сынды тағы бір аңызда былай дейді:

Майқы қартайып жетпіске ілінген кезде тағы бір әлеметті айтыпты. Тағы да көзін жұмып алған екен. Ордадағылар тегіс жым болыпты. Бір заматта көзін ашқан Майқы би жүрегі жаман болған адамдай, құсқысы келгендей түрі қашып кетіпті. Тіпті қасындағылар сасып, бірі қымыз, бірі су ұсынып әбігер болыпты. Майқы бәрінің қолын қағып-қағып жіберіп сөйлеп кетіпті.

- О, дүние, не болар сенің ақырың, — деп бастапты ол сөзін. Өзімізге өзіміз қарайтын да заман болады екен. Шығыстан келетін сары сақал өз тұқымымыз жұртымызға аз қорлық көрсетпейді екен. Талайдың қанын жүктейді екен. Елімізді, енді мына мен үш жылдан кейін өлген соң, мың жеті жүз жыл кейін жүнбас шегір сарылар басқарар болар. Оларға жақтасатындар да өз тұқымымыз болады. Билеушілер осыдан екі мың жыл өткен соң іріп-шірі бастайды. Өздерін-өздері құртады, қаратқан елінің бірін ол шаян болып шаққаны сияқты, түрі өзге бодан жұрттың хәммәсі оларға жексұрын көретін болады. Бірақ еліміз олардың билік жүргізген кезінде қатты бұзылады деп барып аяғын:

- Әлі заман өзгерер,  
Өзгергенін көз көрер,  
Мінгенің арба болар,  
Бар құс қарға болар.  
Жансыз арба ат болар,

Өз балаң өзіңе жат болар, - деп қынжылады, бабамыз. Бұл пәни жалған бір орында тұрмайды, заман да өзгерер, заманмен қоса адам да өзгерер. Көзіңнің қарашығындай тәрбиелеп өсірген ұл-қызың өзіңнен теріс айналып, өз дегенімен жүретін аумалы-төкпелі заман болар дегені,

Темірден құс болады,

Ұрпағымның көргені сұс болады, - деуі қазіргі техниканың тоқтаусыз дамып, ұрпағының соған тәуелді болатынын, сол дамудан адам баласы қауіп-қатерге ұрынатындығын әулие бабамыз сол кезде-ақ айтып кеткен.

Адам басы ауырып дақ шатылар,  
Базарында сұйылып сүт сатылар.  
Еркек билік тұл болар,  
Сиыр пұл болар.

Еркек жасып, и болар,  
 Қатын тұлданып, би болар.  
 Алғаның ғарабы болар,  
 Құттың қорабы болар.  
 Төсекке есеппен жатарсың,  
 Жыныс зарпын ақшаға сатарсың, - дейді.

Неткен көрегендік десеңіз-ші! Ертеде «батырды – намыс өлтірер» - деп қан майданда тер төккен есіл ерлердің ұрпағының бір күндері боркеміктеніп, қатынға билігі жүрмей, одан қалды жұмыссыз үйде отырып қазаншы болып, қатын біткен масайрап базаршы болар күн туарын дәл болжаған.

Иекке тиер кызыл аз болар,  
 Адам шаштан айрылып таз болар.  
 Он бесте азуыңды аршырсың,  
 Тумысыңнан тамаққа таршырсың,  
 Баққаның өсек, сөз болар,  
 Тастан аяқ болар,  
 Балаң саяқ болар.  
 Сары судан ас шығар,  
 Балаң өзіңе қас шығар, - дейді.

Әкесінің баласына сөзі өтпейтін, адам баласының берсең ит ішпейтін ащы суға тәуелді болып азып-тозатын, баланы есеппен туатын небір қилы заман болатынын сәуегей дәл айтқан, ұрпағының келешегі үшін ауыр уайымға салынған.

Жер тақыр болар,  
 Жұрт пақыр болар.  
 Осындай қилы заман болар,  
 Енді төрт мың жылда  
 Дүние тамам болар!- деп тоқ етерін айтқан [5].

Майқының қай толғауын алсақ та, даналыққа толы, тәрбиелік мәні өте зор. Адамгершіліктің асыл мұраттарын алға тартып, жаман қылықтардан аулақ болуға үндейді, бұл бүгінгі күні де күн тәртібінен ешқашан түспейтін озық ойлардың жүйесі екендігі ақиқат. Көріпкелділіктің белгілерімен қоса шешендік үлгілер де бой көрсетіп отырады.

Саралай келе, шешендік сөздерде ізгілік пен инабаттылық нышандары кеңінен көрініс табады. Шешендік сөздерді меңгерту нәтижесінде оқушылардың тілін дамытуға, сана-сезімі мен ақыл-ой ұшқырлығы, сөз шеберлігі, дұрыс ойлау жүйесі мен шығармашылық қабілетін арттыруға мол септігін тигізеді.

Өз заманында Ахмет Байтұрсынов: «Әділ билердің қолындағы билік қазақтың неше түрлі дертін жазатын жақсы дәрі еді», – деген болатын [5]. Демек, бұл қастерлі мұра – шешендікпен айтылған билер сөзі ұмытылмайды, қай кезде болса да ел есінде.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Ахметов К. *Әдебиеттануға кіріспе. Оқу құралы. Қарағанды. Арко ЖШС. 2004 ж.*
2. Әбсадықов А.А. *«Ауыз прозасының жанр түрлері»*
3. *Шешендік шыырлары - Алматы: Қайнар, 1993*
4. *Қазақ халқының шешендік өнері [Электрондық ресурс]: <http://malimetter.kz/kazak-xalkynyn-sheshendik-oneri/>*
5. Қосымова Г. *Қазақ тілі, Шешендік өнер, 11 сынып*

## БАЛА ТӘРБИЕСІНДЕГІ ОТБАСЫНЫҢ РӨЛІ

З.А. Қарабалиева

*Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана қ.*

*В данной статье рассматривается влияние семьи на воспитание ребенка. Семья – это особого рода коллектив, где закладываются основы личности ребенка.*

*This article is shown the influence of family to child's education. What, child acquires in childhood, keeps forever. The family's importance as education is very important because for a long time a child is in it.*

Бүгінгі таңда қоғам өмірін демократияландыру, ізгілендіру барысында бәсекеге қабілетті экономиканы дамыту мен бәсекеге қабілетті қоғам мүшелерін тәрбиелеу ісінде елімізде оңтайлы өзгерістер жүзеге асырылуда.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында жалпы білім беретін мектептерде Қазақстан Республикасының зияткерлік, дене бітімі және рухани дамыған азаматын қалыптастыру, тез өзгеретін әлемде оның табысты болуын қамтамасыз ететін білім алудағы қажеттілігін қанағаттандыру, еліміздің экономикалық әл-ауқаты үшін бәсекеге қабілетті адами капиталды дамыту мақсаттары көрсетілген [1].

Осыған орай қазіргі жаһандану кезеңінде білім беру ісі алдында ұлттық қасиетімізді қастерлеу, адамның адамгершілік қасиеттерін сапаландыру, адамның бойындағы құндылықтарды, отаншылдықты, ұлтжандылықты қалыптастыру міндеті тұр. Себебі, ХХІ ғасыр жас қазақстандықтан жер бетінде бейбітшілікті сақтау, ғылым мен экономиканы дамыту, заманауи технологияларды өмірге ендіру, азаматтарды әлеуметтік қорғау, саяси жедел жаңару, қоршаған ортаны қорғау, спорт, дін салаларында ынтымақтастықты, толеранттылықты арттыру ісіне даяр болуды талап етеді.

Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаев өз жолдауында «Бірлігі берекелі, тірлігі мерекелі, ынтымағы жарасқан елдің ғана ырысы мен табысы мол болмақ» деп бірлік пен татулықты бағалауға және сақтауға шақырады [2].

Бірлігі жарасқан, ынтымақ, береке орнаған елдің ең басты байлығы – адам – өзінің адамгершілігімен, биік парасат, білігімен ерекшеленуі тиіс. Бұл орайда ұлттық тәрбиенің негізі болатын, ғасырлар бойы қалыптасып, маңыздылығын жоғалтпай келе жатқан тәуелсіздік, ұлтжандылық, толеранттылық, ана тіліне деген сүйіспеншілік, заңға бағыну, этникалық мәдениет және салт-дәстүр сияқты қазақ халқының ұлттық құндылықтарының орны ерекше. Аталған құндылықтардың бала бойында қалыптасуында отбасы тәрбиесінің алар орны бөлек.

Тәрбие мен білімнің негізгі мақсаты – баланың адамгершілік мәдениетін қалыптастыратын берік ғылыми білімдерді меңгерту. Ол өз кезегінде келесі міндеттерді белгілейді: табиғи және әлеуметтік ортаға жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру, қайырымдылыққа, ізеттілікке үйрету, табиғатты қорғау, ағаш отырғызу, бұталар мен гүлдерді баптау, үй жануарларын өсіру, үлкенге ізет, кішіге құрмет көрсету қасиеттерін жетілдіру.

Халқымызда «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі», «Баласы үш жасқа келгенде ата-анасы сөйлеуді үйренеді» деген қанатты сөздер бар. Бала бойындағы барлық қасиеттер отбасында, қоршаған ортада, балалар бақшасында, мектепте, адамдардың іс-әрекетінің барысында бір-бірімен араласуы нәтижесінде, қоғамдық тәжірибені өмірмен байланыстыру кезінде қалыптасады. Тәлім-тәрбие болмаған жерде баланың адамгершілік мәдениеті мен қасиеті де қалыптаспайтыны анық.

Осы орайда бабамыз Әбу-Насыр әл-Фарабидің «Адам алдымен ойлы, парасатты болуға, ақыл-ойдың жан-жақты дамуына көңіл бөлуі қажет. Шын мағынасындағы білімділік – тамаша адамгершілік сипат» – деген ұлағатты сөзі бала тәрбиесіне жауапты жандарға үлкен міндет жүктеп отырғанының дәлелі.

Тәрбиенің алғашқы әліппесін бала отбасында алады. Әрбір отбасы қоғамның құрамдас бөлігі болғандықтан онда тұлға бойындағы адамгершілік пен ізгіліктің негізі қаланады.



Қазақ отбасы баланы қоғамның моральдық нормасын орындауға қатыстыру, олардың тәртіп және мінез құлық тәжірибесін қалыптастыру, Отанға, халқына еңбек ету және қоғамдық іс-әрекетке жауапкершілік сезімін тәрбиелеу арқылы адамгершілікке баулиды.

Бала тәрбиесінде отбасы төмендегідей рөлдерді атқарады:

- отбасы болашақ ұрпақтың бойында ең құнды адамгершілік қасиеттерді қалыптастырады;
- отбасы жеке тұлғаны әлеуметтендіру міндетін жүзеге асырады. Ол болашақ жас азаматтың дене жетілуіне, рухани және адами тұрғыдан дамуына, жалпы адамзаттық құндылықтарды және ұлттық рухани байлықты бағалауға, еңбек ету дағдысын тәрбиелеуге ықпал жасайды;
- отбасында бала тәрбиесінде ұлттық дәстүрлер жалғасады;
- отбасы Қазақстан Республикасының мемлекеттік заңдарын құрметтеуші, елжанды азаматты тәрбиелейді және т.б.

Баланың өз Отаны үшін қажетті азамат болып өсуінде отбасы тәрбиесіне үлкен міндет жүктеледі. «Отан – отбасынан басталады» – деген сөз бекер айтылмаса керек, Отанына, туған елі мен жеріне, ана тіліне, тарихына, халықтың салт-дәстүріне, туыс-туғандары мен жора-жолдастарына деген құрмет пен сүйіспеншілік тәрбиесі балаға ана сүтімен беріліп, жүрегіне ана тілімен жетуі тиіс. Заманымыздың ақиық ақыны Мұхтар Шаханов жырлаған төрт ана: туған жері, туған тілі, туған дәстүр және туған тарихына деген сүйіспеншілік пен құрметті отбасы тәрбиесінде алған жан оларды қастерлей де білері анық.

Ал, барлық бірдей отбасы өз балаларына лайықты тәрбие бере алып отыр ма? Өкінішке орай, бауыр еті балаларының өсуіне, олардың рухани түрде жетілуіне, адамгершілігінің қалыптаспауына, қоғамда өз орнын табуына жеткілікті көңіл бөлмеген ата-ана баласының қатігез, мейірімсіз, менменшіл болып өскеніне қынжылып, кінәліні іздейді.

Ел экономикасы дамуымен қатар қоғамға жақсы өзгерістермен бірге, келеңсіз құбылыстар да еніп отыр: дәстүрлі отбасылық қарым-қатынастарға нұқсан келді; қазақ баласы отбасының шырқын бұзатын ішімдік, есірткі пайдалана бастады; ата-анасы мен үлкенін, қызды қадірлейтін қасиетіне сызат түсті, т.б. Осыдан барып бүгінгі отбасыларындағы ата-аналардың бала тәрбиесін заман талабына сай ұйымдастыру қабілеттері мен мүмкіндіктері бірдей болмай отыр. «Отбасы – шағын мемлекет» десек, осындай мәселенің шешімін отбасынан бастаған жөн болар.

Ата-ана, ересектер бала тәрбиесінде оң нәтижеге қол жеткізгісі келсе, тәрбиені өз басынан бастау қажет. Отбасында баламен ашық сөйлесіп, оның пікірін шыдамдылықпен тыңдап, баланың таңдауын құрметтеп, оны мазалап жүрген сауалдың жауабын бірге іздеп, тұлға ретінде, өзімен тең азамат ретінде сыйлаған жағдайда бала ата-анасына бүкпесіз ашылып, ойындағысымен бөлісе алады. Осылайша түсіністік пен сыйласымға құрылған тәрбие өз жемісін береді.

Кезінде ата-бабаларымыз ұрпақ тәрбиесіне жіті назар аударып, ер баланы әкесі мен атасы, қоғамдағы азаматтар, қызды анасы мен апа-әжелері ар тазалығын бәрінен жоғары қоюға тәрбиелеген. «Қызға қырық үйден тыю ...», - дей отыра, қызға болашақ жар, ана деп қарап, қоғам болып тәрбиелеген.

Қазіргі күні селт еткен сезімді махаббатқа балап, ойнақтаған жастар отбасы құру мәселесіне келгенде жауапкершіліктен бас тартатын жағдайлар кездесіп жатады. Нәтижесінде жеңіл ойлы бойжеткен-ана мен ойсыз жігіт-әке жас сәбиін толық жанұяда өсу бақытынан айырады. Ата-ана махаббатынан айырылған бала жетімдер үйінде тәрбиеленіп, «бағы» жанғандары шетелдіктерге сатылуда. Еліміз тәуелсіздігін алған жиырма жыл ішінде 8 мыңнан астам қара көз бүдіршін шетел асыпты. Небір жаугершілік заманда да қазақ халқы «Жесір ерден кетсе де елден кетпейді» деп, жетімін бөтенге жаутаңдатпаған. Әмеңгерлік институтының мақсаты да осы болатын. Бүгінгі таңда толық емес отбасылар мен некесіз туылған балалар санының артып отыруының тағы бір себебі – батыстың теріс ықпалына еліктеген жастардың заңды некеге тұрмай өмір сүруі.

Қазақ халқы ықылым заманнан-ақ арын жанынан да малынан да артық санап, неке тазалығына зор мән берген. Дүниеге некесіз бала әкелген әйел ғана емес оның ата-анасы, туған-туыстары кісі бетіне тура қараудан қалатын. Әке ризашылығын алмай тұрмыс құрған балаға теріс бата берілетін, «Ата қарғысы – оқ» деп есептелгендіктен, батаны аттап кету өліммен тең саналды. Некесіз бала тууға дін де қарсы болды.

Бүгінгі таңда моральдық-адамгершілік құндылықтардың жаһандық дағдарысының алдын алуда діннің атқаратын миссиясы жауапты болмақ. Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Дін – руханисыздық пен аш-көздіктің алдындағы аса берік қорғаушы бөгеттердің бірі» – деген сөзі жай айтылмаса керек [3].

Осы секілді қоғамға, қазақ халқының діліне жат құбылыстардың алдын алуда отбасы мен қоғамның, оның ішінде білім беру ұйымдарының өзара ынтымақтастығын нығайту өте маңызды. Жас ұрпақты тәрбиелеу ісінде мектеп, отбасы және қоғамдық мекемелер өзара сабақтастықпен және ынтымақтастықпен жұмыс атқаруы тиіс. Қазір елімізде отбасы мен неке тазалығын сақтаудың озық тәжірибесін зерделеу, жастардың арасында дәстүрлі отбасын қалыптастырудағы ұлттық құндылықтарды насихаттау жұмыстары кеңінен ұйымдастырылуда. Мысалы, жер-жерлерде жас ұрпақ тәрбиесіне Ақсақалдар алқасы, Әкелер мектебі, Ардагерлер кеңесі және Әжелер комитеті сияқты ата-аналар қауымдастығы тартылуда. Олардың ұйымдастыруымен әке мәртебесін, ана беделін көрсетуге бағытталған әңгіме-кеңестер жүргізіліп, отбасындағы ұл-қыз тәрбиесі туралы ұлағатты ойларды ортаға салынып отырады. Ұлттық тәрбиенің дәстүрлері көрініс беретін «Қыз сыны», «Жігіт сұлтаны», «Үлгілі отбасы» және т.б. сайыстар өткізіледі. Мұндағы мақсат – жас ұрпаққа ұлттық тәрбие беру арқылы үлкенді пір тұтуға, кішіге ізет көрсетуге баулу, қызды қылықты, ұлды ұлағатты болуға тәрбиелеу.

Халқымыз қартына төрден ұсынып, ақыл-кеңесіне құлақ түрген, көненің ізі, ақылдың көзі деп бағалап, құрметтеген. Отбасында аталары немерелеріне ертегі-аңыз айтып берумен ғана шектелмей, оларды жеті атасымен, көне шежіремен және ел тарихымен таныстырып отырған. Қазақ қоғамында жалғызбасты қария, қараусыз қалған қарт деген ұғым мүлдем болмаған. Ұл-қыздары мен туыстары қарттары мен кейуаналарын ешқашан жетімсіретпеген. Кеңес үкіметінің қазақ қоғамына алып келген қайғы-қасіретінің бірі – елімізде ашылған қарттар үйі. Жетпіс жыл бойы билік құрған осынау үкімет тегімізге, тіліміз бен дінімізге балта шауып, жүрегі жақсы мен жаманға селт етпейтін ұрпақ тәрбиелеп шығарды. Енді сол ұрпақ өкілдері қартайған ата-анасын қарттар үйіне тапсырып, жылына бір рет қарттар күнінде қамқорлық көрсеткендеріне мәз болуда. Сол қариялардың ойы мен тілегін кім сұрады екен?! Қартайған шағында кіндік қаны тамған туған жердің ауасын құшырлана жұтсам, сол жерден топырақ бұйырса деген арманын кім жүзеге асырады?! Елімізде қарттар үйін ұстауға мемлекеттік бюджеттен бөлінетін миллиардтаған теңге қаражатты қарттардың әлеуметтік жағдайын көтеруге жұмсаса қалай болар еді?... Ел әлеуетін арттыруда қарттарымыздың қосқан үлесі отбасында ғана емес, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы марапатталып, көпке таныстырылып жатса, мерейлері артқан қарияларымыз қоғамға, ұрпақ тәрбиесінде әлі де болса өз қажеттіліктерін сезініп, бір жасап қалары анық. Қариялар – қоғамның қазынасы екенін жас ұрпақ жадынан шығармауы керек.

Соңғы жылдары балалардың мінезінде қатыгездік, бойкүйездік, рухани құндылықтарға деген немқұрайлылық, енжарлық секілді дерттер ендеп алғандығы жасырын емес. Сол себепті, бүкіл әлем адамгершілік құндылықтарға негізделген жаңа білім беру бағдарламаларын іздестіруде. Мәселен, Жапонияда білім беру жүйесінде адамгершілігі жоғары тұлғаны тәрбиелеуге бағытталған мораль курсы бар. Францияда көркемөнер арқылы тәрбиелеу тұжырымдамасы іске асырылып келеді. Литваның мектептеріндегі оқу жоспарына рухани білім беру курсы негізгі пән ретінде енгізілген. Ал финдерде адамгершілік қарым-қатынас пен рухани даму, қоғамдық байланыс пен азаматтық этика сабақтары оқытылады.

Бізде қазақ халқының отбасылық дәстүрлер мен құндылықтарға негізделген адамгершілікке тәрбиелеу арқылы отбасы мәртебесін нығайту мүмкіншілігі мол. Отбасының әлеуетін пайдалана отыра отбасы мүшелерінің денсаулығын нығайту, өмірге дені сау ұрпақ әкелу және тәрбиелеу сияқты келелі мәселелерін шешуге болады.

### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы: / Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы №1118 Жарлығы // ресми мәтін. – Астана, 2012. – 114 б.

2. Қазақстан Республикасының Президенті – Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы / Н.Ә. Назарбаев // Егемен Қазақстан. – Астана, 2012.

3. Қазақстан Республикасы Президенті Н. Назарбаевтың Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының IV Съезінің ашылуында сөйлеген сөзі / Астана, 31 мамыр, 2012.

## РЕСУРСТЫҚ ОРТАЛЫҚТАРДА БИОЛОГИЯ ПӘНІНЕН ПРАКТИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ҮЛГІ ЖОСПАРЫ

**А. Бақыт**

*Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының  
аға ғылыми қызметкері, магистр. Астана қ.*

**Л.Е. Құлманова**

*№264 мектеп-лицейінің биология пәнінің мұғалімі, Қызылорда қ.*

*В статье приведены и рекомендованы виды практических работ по биологии, проводимые в ресурсных центрах.*

*The types of over practical works on biology, conducted in resource centers, are brought in the article and recommended.*

Шағын жинақты мектептегі биология пәнінен практикалық жұмыстарды ресурстық орталықтарда ұйымдастыру барысында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, жалпы білім беретін мектептер туралы нормативтік құжаттар және «Шағын жинақты мектеп және тірек мектебі (ресурстық орталық) қызметін ұйымдастыру Ережесі» басшылыққа алынады.

Шағын жинақты мектептегі биология пәнінен практикалық жұмыстарды ресурстық орталықтарда ұйымдастыру бағдарламасы сессиялар мен сессияаралық кезеңінде виртуалды тәжірибелік практика мен инновациялық әдістер арқылы, интерактивті технологиялар мен қолданбалы курстар арқылы жүзеге асырылып, ақпараттық және коммуникативтік құзыреттіліктерді дамыта отырып, алған білімін бәсекеге қабілетті ортада қолдана білу мақсатына бағытталады.

Тұлғаны үйлесімді дамудың және әлеуметтендірудің қажетті шарты ретінде жобалау технологиясы мен бейіндік саралай оқыту үрдісі ресурстық орталықтың бағдарламасымен жылына үш рет болатын сессия және сессияаралық жұмыстар негізінде жүзеге асырылады. Ресурстық орталықтың мақсатына сай келесі міндеттерді жүзеге асыру талап етіледі:

- білім беру үрдісінің вариативтілігін және тұлғаға бағдарлануын ресурстық орталық жағдайында бейіндік оқыту арқылы ұйымдастыру;
- білім беру үрдісіне интерактивті, жобалық зерттеушілік және коммуникативтік әдістер енгізу арқылы оның тәжірибелік бағытталуын қамтамасыз ету;
- жоғары сынып оқушыларының өзіндік әлеуетін анықтауы үшін, сәйкес кәсіби білім алу үшін қажет қабілеттіліктері мен құзыреттіліктерінің қалыптасуына ықпал ету.

Қазіргі оқыту мен оқушыларды биологиялық мәдениет тәрбиелеу ісінде әсіресе ғылыми түрде негізделген әртүрлі практикалық жұмыстарды қолданудың өзектілігі өте жоғары болып отыр. Биология курсы оқып үйренуде оқытудың белсенді формалары мен әдістерін қолданғанда ғана нәтижелі болары сөзсіз. Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыру амалдарының бірі болып түрлі практикалық жұмыстарды қолдану болып табылады [1-5].

Сабақ үстінде және сабақтан тыс мезгілде жүргізілетін практикалық жұмыс оқушылардың байқампаздығын, шығармашылыққа ұмтылысын, тірі ағзалар туралы оқып үйрену бағытындағы мақсатты жұмыстарды жүргізу дағдылары мен біліктерін қалыптастырады.

Биология және басқа пәндердің сабақтарында әртүрлі практикалық жұмыстарының көмегімен оқушылар білімдерін, іскерліктерін және дағдыларын қалыптастырады. Осы барлық жұмыстар айқындалған түрде, яғни жүйелі түрде ұйымдастырылғанда ғана болымды нәтиже береді.

Практикалық зерттеу жұмыстарының жүйесі деп біз алдымен өзара байланысқан, бір-бірін өзара байланыстыратын, бірі біреуінен логикалық түрде шығатын және жұмыс түрлерінің ортақ мақсатына бағынатын жұмыстар деп түсінеміз. Егер практикалық жұмыстары оқу процесінің

құрама, негізгі элементі болса, онда оның тиімділігі артады. Сонымен қатар, кездейсоқ және ауық-ауық емес, жоспарлы және жүйелі түрде жүргізілсе, оған әр сабақта және де одан тыс мезгілде арнайы уақыт бөлінеді.

Тек осы шарттарды қанағаттандырғанда, оқушылар әртүрлі практикалық жұмыстарын орындағанда ғана олардың тұрақты білім мен білік дағдылары тәрбиеленеді және оны орындау қарқыны өседі.

Қазіргі таңда практикалық әрекетіне оқытудың жалпыға бірдей қабылданған жан-жақты әдістемесі жоқ екендігін айта кеткеніміз жөн. Дегенмен, іс жүзінде ресурстық орталық оқушыларының практикалық жұмыстарды жүргізулеріне толық мүмкіндік бар. Балалардағы зерттеу дағдыларын дамыту үшін барлық бақылаулар мен зерттеулер жүйелі және жоспарлы түрде жүргізіліп, жұмыс мақсаты нақты және оған қол жеткізу мүмкіндігі болуы керек.

Тәжірибе көрсеткеніндей, ресурстық орталықтарда биология пәні мұғалімінің оқушылардың практикалық жұмыстарда зерттеу әрекеттерінің түрлі формаларын шебер үйлестіре білуі маңызды. Олардың ішіндегі ең маңыздылары:

1. Жануарлар мен өсімдіктерге бақылау жүргізу, ағзалардың тіршілік функцияларын оқып үйрену;

2. Ресурстық орталық жанындағы тәжірибелік - практикалық жұмыстар;

3. Табиғатта жүргізілетін бақылаудың көмегімен жергілікті биоценоздардың флорасы мен фаунасын оқып үйрену;

4. Фенологиялық бақылау жүргізу;

5. Түрлі тақырыптар бойынша көрнекіліктер әзірлеу;

6. Ойындар, ертеңгіліктер, кештердің тақырыптық жоспарларын құру;

7. Ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізу;

8. Тәжірибенің жаңа нұсқасын әзірлеу;

9. Тәжірибенің қойылу әдістемесіне өзгерістер енгізу;

10. Жаңаларды қолданып биологиялық оқу жобасын құру;

11. Практика тәжірибелерінің мультимедиялық презентацияларын сабаққа көрнекілік ретінде әзірлеу;

12. Күрделі биологиялық және экологиялық үрдістерді компьютермен модельдеу;

13. Компьютерлік программалар арқылы саяхаттау кезіндегі кездейсоқ жағдайлардан шығуға түрлі ойындар әзірлеу;

14. Оқулықпен жұмыс: жаңаны үйрену, кестелермен жұмыс;

15. Үйлестірмелі материалдармен жұмыс;

16. Қосымша әдебиеттермен жұмыс;

17. Өтілген тақырыптар бойынша тірек-сызбалар әзірлеу;

18. Сабаққа қосымша материалдардан хабарламалар әзірлеу;

19. Ғылыми практикалық конференцияларға, семинарларға баяндамалар әзірлеу;

Бүгінгі күні қоғам — жоғары оқу орнын бітірушілердің білімінің сапасына ғана емес, олардың практикалық жұмыс істеуіне, проблемаларға ғылыми көзқараспен қарауына, оны шешу жолдарын іздестіруді талап етіп отыр.

«Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің негізгі заңдылықтары»

тарауын қайталау сабағындағы практикалық жұмыстарды өткізу әдістемесі:

**Тақырыбы:** Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің негізгі заңдылықтары.

Сабақтың мақсаты:

**Білімдік:** Оқушылардың тарау бойынша алған білімдерін тексеру, нақтылау, олқы тұстарын толықтыру;

**Тәрбиелік:** өз бетінше жұмыс істей білуге, ізденімпаздыққа тәрбиелеу;

**Дамытушылық:** есептер шығару арқылы логикалық ойлауын кеңейту, алған білімдерін одан әрі жетілдіру.

**Сабақ түрі:** “Бақытты сәт” оқыта үйрету ойын сабағы

**Сабақтың өту әдісі:** практикалық, тест.

**Сабақтың көрнекілігі:** үлестірмелер материалдар.

**Құрал-жабдықтар:** мультимедия құрылғысы.

**Сабақтың құрылымы:**

№	Сабақтың құрылымы	уақыты
1	Ұйымдастыру кезеңі	2 мин
2	Өтілген материалдарды қайталау	35 мин
3	Сабақты қорытындылау, бағалау	7 мин
4	Үйге тапсырма	1 мин

**Сабақтың барысы:**

I. Ұйымдастыру кезеңі

Оқушылармен сәлемдесу, түгелдеу, жинақтау, оларды сабаққа бейімдеу.

II. Өтілген материалдарды қайталау

Сабақ Г.Мендель, Т.Морган өмірбаяны, тәжірибелері туралы мәлімет. “Бой сергіту”, “Бөшкеден шыққан шарлар”, Жұмбақтас (есептер шығарту), “Сен – маған, мен - саған” кезеңдері бойынша өтілді.

Оқушылар “Алғырлар” мен “Тапқырлар” атты екі ұжымдық топқа бөлінеді. Жауаптарын әділ қазылар алқасы бағалап отырады. Тақтаға бағалау парағы ілініп, әр кезеңнен алған бағалар жазылып отырады. Әр кезең 5 ұпаймен есептелінеді. Бірінші кезеңде топ басшылары өздерін таныстырады.

I топ “Алғырлар”

Ұраны: “Білекті бірді жығады, білімді мыңды жығады”

II топ “Тапқырлар”

Ұраны: “Шешеннің сөзі өткір, тапқырдың ойы ұшқыр”

Сонымен “Бой сергіту” кезеңінде топтарға 5 сұрақтан қойылады. Оларды талдауға уақыт беріледі, яғни “Тұқым қуалаушылық пен өзгергіштіктің негізгі заңдылықтары” тарауын қайталау мақсатында сұрақтарға оқушылар мүмкіндігінше тез жауап беруі қажет.

I кезең. “Бой сергіту”

“Алғырлар” тобына:

1. Генетика ғылымы нені зерттейді?
2. Г.Мендель не себепті зерттеу жұмыстарына бұршақ өсімдігін алды?
3. Гибридологиялық әдістің ерекшелігі неде?
4. Мына терминдерге анықтама беріңіздер: генотип, фенотип, гомозигота, гетерозигота.

Моногибридті шағылыстыру деген не?

“Тапқырлар” тобына:

1. Мендельдің біркелкілік заңының мәні неде?
2. Ажырау заңының мәні неде?
3. Мына терминдерге анықтама беріңіздер: доминанттық және рецессивтік, аллельді гендер.
4. Талдай шағылыстыру деген не?
5. Дигибридті шағылыстыру деген не?

“Бір нәрсеге, не өнерге талпыну үшін адамға алдымен табандылық керек” деп ұлы Әл-Фараби айтқандай, ойланып сұрақтарыңызға нақты жауап беруге тырысыңыздар.

II кезең. Бөшкеден шыққан шарлар

Топ мүшелері бөшкеден шыққан нөмірлері бар шарларды алады. Әр нөмірге жеке сұрақтар жазылады. Топ ішінде талқылап, топ басшылары жауап береді.

1. Тәуелсіз ажырау заңына анықтама беріңіз.

2. Пеннет торын пайдалана отырып, екінші ұрпақтағы белгілердің ажырау заңдылығын түсіндіріңіздер.

3. Полигибридті шағылыстыруды қалай түсінесіздер?

4. Тіркесті тұқым қуалау деген не?

5. “Бақытты сәт” – 5 ұпай қосылады.

6. Кроссинговер деген не?

7. Музыка. Шарда музыкалық нөмір.

Әділ қазылар екінші кезеңнің бағасын көрсетеді.

III кезең. “Жұмбақтас”

“Алғырлар” тобына

1-есеп. Шешесінің қаны II топ, әкесінің қаны I топ. Балаларының қаны III топ болуы мүмкін бе?

Шешесінің генотипі гомозиготалы АА.

гетерозиготалы АО

## №1 (68)

Әкесінің генотипі гомозиготалы ОО

	O	O
A	AO	AO
A	AO	AO

	O	O
A	AO	AO
O	OO	OO

Әке-шешенің генотипі  
AA x OO  
AO x OO

Балаларының генотипі  
AO - II  
AO - II OO - I

Жауабы: шешесінің қаны гомозиготалы AA болғанда, балаларының қаны II топ гетерозиготалы AO болғанда балалардың қаны I, II топ болады. B гені болмағандықтан III топ болуы мүмкін емес.

2-есеп. Дрозофила шыбынының екінші хромосомасының 48,5 локусында денесінің қара түсін анықтайтын рецессивті ген, ал 54,5-локусында көзінің қызыл түсін бақылайтын рецессивті ген орналасқан. Осы шыбынның денесі сұр және көзі қоңыр дигетерозиготалы аналығында гаметалардың қанша типі және қандай пайыз қатынасында түзіледі?

Жауабы: Есептің шарты бойынша гендердің ара қашықтығы 6 морганидке тең (54,5-48,5). Жыныс клеткаларының мейоздық бөліну нәтижесінде дигетерозиготалы аналығында 4 түрлі гаметалардың типі түзіледі, оның екі типі кроссоверлі 6 пайыз, (әрқайсысы 3 пайыздан) болады. Себебі, хромосомада орналасқан гендердің ара қашықтығы кроссинговердің пайызына және кроссинговерлі гаметалардың пайызына тура пропорционалды. Кроссоверлі емес гаметалардың үлесі 94 пайыз (әр типке 47 пайыздан).

“Тапқырлар” тобына

1-есеп. Шешесінің қаны II топ, ал әкесінің қаны III топ болса, балалардың қаны I, IV топ болуы мүмкін бе?

Шешесінің генотипі гомозиготалы AA, гетерозиготалы AO.

Әкесінің генотипі гомозиготалы BB, гетерозиготалы BO

	B	B
A	AB	AB
A	AB	AB

	B	O
A	AB	AO
O	BO	OO

	B	O
A	AB	AO
A	AB	AO

	B	B
A	AB	AB
O	BO	BO

Балаларында әке-шешесінің II, III қан топтары және әке-шешесінде жоқ I, IV қан топтары болуы мүмкін, яғни балаларының 4 түрлі қан тобының да болуы мүмкін.

Әке-шешенің генотипі	Балаларының генотипі
AA x BB	AB - IV
AA x BO	AB - IV, AO - II
AO x BO	OO - I, AO - II, BO - III, AB - IV
AO x BB	BO - III, AB - IV

2-есеп. Егер әйелдің және еркектің генотиптері AaBbDd және AaBbYy болса, қанша және қандай типті гаметалар түзіледі?

Жауабы:

әйелдің ABd, авд, ABd, авд-кроссоверлі емес;

ABd, авд, авд, ABd-кроссоверлі;

еркектің ABY, ABY, авY, авY-кроссоверлі және кроссоверлі емес гаметалар бірдей.

Әділ қазылар алқасы III кезеңге баға береді.

IV кезең. “Сен – маған, мен - саған”

Топтар бір-біріне екі сұрақтан қояды.

1. Гендердің өзара әрекеттесуін қалай түсінесіздер? Оның қандай түрлерін білесіздер?

2. Аллельді емес гендер қалай өзара әрекеттеседі?

3. Комплементарлық деген не?

4. Полимерия деген не?

Әділ қазылар IV кезеңнің бағасын көрсетеді.

**Қорытынды:** “Алғырлар” мен “Тапқырлар” тобындағы оқушылардың бағалары жарияланып, жіберілген кемшіліктерге толықтырулар жасалды.

V. Үйге тапсырма: Тарау бойынша өтілген материалды қайталау.

Ресурстық орталықтарда биология пәнінен практикалық жұмыстар ұйымдастыру ауыл оқушыларына толыққанды бейіндік білім бере отырып, жаңа ақпараттық технологияларды меңгертіп



шығару міндетін шешсе, екінші жағынан әрбір оқушының әртүрлі білімге деген қажеттіліктерін қанағаттандырады, оқушы өзінөзі дамытады, сапалы білім алады. Практикалық жұмыс оқу-тәжірибе алаңдарында өткізіледі және ол теориялық бағытта ғана емес, практикалық бағытта да болады. Шағын жинақты мектеп оқушылары ауылшаруашылық жұмыстарына дағдыланып, теориялық талдауды біліп, түсініп алады. Ұйымдастырудың бұл формасы оқушылардың ой еңбегін ғана емес, еңбек операцияларын орындауды қажет ететін дене қызметін талап етеді.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы / Астана, 2007 жылғы 27 шілде // Егемен Қазақстан. - № 254-256.

2. Орта мектепте оқушылардың өзіндік зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру әдістемесі оқу-әдістемелік нұсқаулық – Ақтау, Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2011 ж.- 35 б.

3. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.

4. Талызина Н.Ф. Управление процессом усвоения знания М., МГУ им.М.В. Ломоносова, 1975, Б. 344.

5. Мырзабаев А.Б. Биологияны оқыту әдістемесі: Оқу құралы, Қарағанды, ЖШС «САНАТ-Полиграфия» баспасы, 2006-344 бет.

ӘОЖ 372.878:372.367

## КРЕДИТТІК ЖҮЙЕ БОЙЫНША БОЛАШАҚ МАМАННЫҢ КӘСІБИ БАҒЫТТЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Н.К. Султанова**

*п.ғ.к., доцент-профессор*

*Шәкәрім атындағы Семей мемлекеттік университеті, Семейқ.*

*В данной статье рассмотрены вопросы профессиональной направленности личности при обучении по кредитной технологии. Раскрыты основные системообразующие факторы выбора будущей профессии.*

*This article discusses the issues of professional orientation of the individual in training on credit technology. Reveals the main system factors choosing a future profession.*

Қазақстан Республикасының президенті Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты жолдауындағы 7-бөлімінде: «Білім беру жүйесін жаңғырту барысында біз үшін келесі іс-шараларды жүзеге асырудың маңызы зор. Біріншіден, оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу. Екіншіден, педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор. Үшіншіден, біліктілікті бекітудің тәуелсіз жүйесін құру қажет, ХХІ ғасырда білім беру ісін дамыта білмеген мемлекет құрдымға кетері хақ. Сондықтан біз болашақта жоғары технологиялық және білікті өнеркәсіп мамандарының шоғырын қалыптастыруымыз қажет. Бұл орайда, Қазақстандағы жоғары оқу орындарының міндеті - әлемдік стандартқа сай білім беру, ал олардан алынған дипломдар дүние жүзі мойындайтындай болуы қажет. Біз әрбір Қазақстан азаматтарының дұрыс мүмкіндіктермен жоғары білім алуына кепілдік беруіміз қажет», - деген болатын [1].

Жоғары білім - маманға білім, іскерлік және дағды ғана беріп қоймайды, ол жеке тұлға қалыптастырады. Жоғары мектептегі білім берудің басты мақсаты - алдыңғы қатарлы жастар тәрбиелеу, адамзаттың мәдени және өнегелік деңгейі мен оның ой-өрісін арттыру, жоғары білімді маман иелерін дайындау. Білім саясатының өзекті мәселелері-кәсіптік даярлаудың сапасын жақсарту, біліммен қамтамасыз етудің ғылыми-әдістемелік жүйесін түбегейлі жаңарту, оқытудың әдістері мен ұйымдастыру түрлерін өзгерту, педагогикалық ғылымдарды ұйымдастыруды қайта құру, ондағы алдыңғы қатарлы оқу-тәрбие

тәжірибелері мен қазіргі қоғамның сұраныстарының алшақтығын жою, білімдегі жаңашылдықты саралау, білімді жетілдіру үрдісіндегі үздіксіздікті қамтамасыз етуде оның ролін арттыру.

Қазақстан Республикасындағы қоғамдық өзгерістердің ауқымдылығы, күрделілігі білім беру саласына оның ішінде жоғары оқу орындарында білім беру стратегияларына өзгерістер енгізуді талап етеді. Әр түрлі болжамдардың сан алуандығына қарамастан, қазіргі білім беру жүйесін дамыту үрдісінде жаңа оқыту үлгілеріне, мазмұнына, технологияларына, түрлері мен әдістеріне қатысты шығармашылық ізденістердің қарқындылығымен әрі көп түрлілігімен ерекшеленетінін мойындауға болады.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім беру және оның шығармашылық, рухани және тәни күш қуатын жетілдіру, жеке тұлғаның жан-жақты дамуына жағдай жасау міндеті көзделгенін ескерсек, болашақ мамандарды жаңашылдыққа даярлауымыз керек [2].

Қазіргі кезеңде тәуелсіз мемлекетіміздің экономикалық қуаты мен ұлттық қауіпсіздігінің кепілі ретінде білім беру жүйесін реформалауды ойдағыдай жүзеге асырудың маңызы артып отыр. Білім беру жүйесіндегі жаңа білім парадигмасы білім, білік, дағды жиынтығынан, жылдам өзгеріп отыратын өмірге бейімделген, өзін-өзі көрсете алатын, қоғам өміріне белсене қатысатын, шығармашылықпен жұмыс істей алатын, өздігінен ақпаратты іздеп, талдау арқылы өзін-өзі өмірде жүзеге асыруға, дамытуға қабілетті жеке тұлғаны субъект ретінде қалыптастыруға бағытталған.

Студенттердің кәсіби бағыттылығын қарастыратын ғылыми, психологиялық, педагогикалық әдебиеттердің талдуы - кәсіби бағыттылық проблемасының кәсіптік бағдар беру жұмысының теориясы мен практикасына өзіндік үлес қосатынын көрсетеді. Сонымен қатар, болашақ кәсіптік оқыту мамандықтарында оқитын студенттер кәсіптік бағдар беру жұмысын дұрыс жолға қоюда, өздерінің бұл процестегі орны мен ролін дұрыс анықтауда, оқушылардың кәсіби бағыттылықтарын жеке – дара ерекшеліктеріне сәйкес қалыптастыруда, кәсіби бағыттылықты қалыптастыру процесін дұрыс ұйымдастырып басқаруда көптеген қиындықтарға тап болатынын көрсетеді.

Жеке тұлға бағыттылығының проблемасы қазіргі кезеңдегі психологиялық-педагогикалық ғылымның негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Бағыттылық – жеке тұлға құрылымының өзегі, негізгі құрамдас бөлігі, оның «ең жоғарғы деңгейі» екені көптеген ғылыми зерттеулерде анықталған. Бағыттылықтың жоғарғы деңгейі жеке тұлғаны іс - әрекеттің барлық түріндегі жоғары белсенділікпен және олардың арасындағы өзара қатынастар үйлесімділігімен сипатталады. Мұндай жеке тұлға өзінің іс-әрекетіндегі еңбектің әртүрінде кездесетін қиындықтарды жеңе отырып, іс-әрекет түрлерінің бір – бірімен толықтыратын деңгейге жеткізе алады. Қазіргі біздің еліміздегі кредиттік оқыту жүйесіне енуі кезеңінде мамандарды шығармашылық еңбекке адамгершілік, психологиялық, педагогикалық және практикалық тұрғыдан дайын – біртұтас, жан-жақты дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу жоғарғы оқу орындарының негізгі мақсаты. Республикамыздағы жоғары оқу орындарының кредиттік оқыту жүйесіне өтуіне байланысты кәсіби бағыттылықты қалыптастыру проблемасы да өзгеріп отыр.

Бағыттылық проблемасы өте күрделі және жан – жақты проблема болғандықтан, алдымен бағыттылық түсінігін, оның сипаттамасы мен құрылымын айқындау қажет. Жалпы қазіргі кезеңде кредиттік оқыту жүйесінің негізі – студенттердің өз бетінше дамуына барынша мүмкіндік туғызу. Яғни, бұл дегеніміз – дәстүрлі оқытудағыдай, студенттердің дайын білімді оқытушыдан алып, меңгеруі емес, өз бетінше ізденуі арқылы білім деңгейін жетілдіру, өзін-өзі дамыту қабілеттіліктерін қалыптастыруға бағыттау деген сөз. Ал, мұндай қабілеттер еңбек нарығындағы бәсекелестік жағдайында өте қажет.

Дегенмен, кредиттік технологияны Қазақстан жағдайында білім беру жүйесінде студенттерінің кәсіби бағыттылығын дамыту мәселелерін ескеру қажет. Себебі, жеке тұлға құрылымындағы бағыттылықтың маңызын, оның іс-әрекет деңгейіне әсерін, жеке тұлғаның негізгі жақтарының бірі ретіндегі мәні мен бағыттылықтың динамикасын ғалым-педагогтар, психологтармен қатар, инженер-педагогтар да белсенді түрде зерттеуде. Ол өмірлік және кәсіби дұрыс айқындалу мәселесінің қажеттілігінен туындайды. Психологиялық әдебиеттерде жеке тұлғаның бағыттылығы оның құрылымындағы негізгі компонент түрінде қарастырылады. К.К. Платоновтың анықтауы бойынша, жеке тұлғаның бірінші құрылымында – бағыттылық, қатынастар және моральдық қасиеттер бар. «Бұл құрылым тәрбиелеу арқылы қалыптасады... Тұтастай алғанда бағыттылық иерархиялы түрде байланысқан бірнеше форманы қамтиды: бағыттылықтың ең қарапайым формасындағы әуестік, ынтаға айналатын тілек; қызығу, дүниетаным, сенім» [3].

В.О. Мерлиннің айтуынша, жеке адам сипаттамасында ең маңыздысы және негізгісі - оның



бағыттылығы, яғни жеке адам өмірінің жалпы бағыты мен барлық белсенді шығармашылық іс-әрекеті соған байланысты. «Жеке адам бағыттылығына мінезінің қасиеттері, тіпті қабілеттерінің дамуы да байланысты, жеке адам бағыттылығына әлеуметтік және адамгершілік құндылықтары да жатады».

Қазіргі кезде жеке тұлғаның жалпы бағыттылығы, оның бейнесін құрушы факторы ретінде қарастырылады. Мәселен, С.Л.Рубинштейннің, А.И.Леонтьев, Б.Г.Ананьев, К.К.Платонов және т.б. жеке тұлға тұжырымдамаларындағы әр түрлі сипаттамаларды талдай келе, Б.Ф.Ломов былай дейді: «Жеке тұлғаны зерттейтін талдаулардың жоспарларының әртүрлілігіне қарамастан ... барлық көзқарастар жеке адамның негізгі сипаттамасы ретінде оның бағыттылығын баса айтады... Нақ осы қасиетінде, жеке адам мақсаты, оның мотивтері, болмыстың әртүрлі жақтарына субъективті қатынасы: оның бар сипаттамаларының жүйесі көрінеді». Осы проблема бойынша адам бағыттылығына деген мұндай кең көзқарас, оны іске асыруда нақты қиындықтармен байланысты болады.

Бағыттылық дегеніміз – жеке тұлғаның сыртқы жүйесінің қарапайым проекциясы (кескін-сұлбасы) түрінде қалыптасқан құрылымы емес, сыртқы әсерлердің жеке тұлғаның ішкі жағдайларына әсер етуі нәтижесінде құрылатын күрделі құрылым деп айтуға болады.

Жеке тұлғаның жалпы бағыттылығына іс-әрекет мазмұны, оның өзгешелігі әсер етеді. Жеке тұлға бағыттылығының негізгі типтері: қоғамдық, ұжымдық, жеке бастық, өзімшілдік, кәсіби, эстетикалық, т.б. бағыттылықтар деп қарастырылады.

Бұл мәселе бойынша педагогтар көзқарасы бойынша, жеке тұлға бағыттылығы – оқу, оқудан тыс іс-әрекет формаларының баршасының әсерінен қалыптасатын, оқушы жастардың болашақ кәсіби іс-әрекетке дайындығын тәрбиелейтін күрделі жеке тұлғалық құрылым деген түсінікке саяды. Егер де, бағыттылық жеке тұлғаның ерекшеліктерін тұтастай анықтайтын болса, онда кәсіби бағыттылық жеке тұлғаның жалпы бағыттылығының маңызды бір бөлігі болып табылады.

Кәсіби бағыттылық – адамның таңдап алған мамандыққа көзқарасын сипаттайтын, кәсіби іс-әрекетке дайындығы мен оның табыстылығына әсер ететін жеке тұлғаның интегралды қасиеті деп қарастырылады. Кәсіби бағыттылықтың жан-жақтылығы, жеке тұлғаның жүйесін құрайтын қасиеті ретінде П.А.Шавирдің анықтамасында көрсетілген. Ол бойынша кәсіби бағыттылықтағы іс-әрекетті артығырақ көретін мотивтер жүйесі, оның өзі жеке адамның танымдық және құндылық-бағдарлық іс-әрекеті негізінде өтетін кәсіби әсерлер жүйесімен қарым-қатынас процесінде қалыптасады.

Кәсіби бағыттылықтың психологиялық-педагогикалық аспектісін, кәсіби шеберлікті дамыту бағытында, кәсіби бағыттылықты қалыптастыруды жетілдіру және де жеке тұлғаның жалпы дамуы тұрғысынан өте терең және жан-жақты зерттеген А.П.Сейтешев. А.П.Сейтешевтің пікірінше: кәсіби бағыттылық дегеніміз – «жеке адамның маңызды жақтарының бірі, ол оның қызығулары, ниеттері, бейімділіктері, мұраты мен сенімдерінен көрінеді». Педагогика және психология білімінің қағидаларын және өз зерттеулерінің нәтижелерін негізге ала отырып А.П.Сейтешев педагогикалық-психологиялық сипаттамаларды – толығымен қарастырды, жас жұмысшылардың жеке тұлғасының кәсіби бағыттылығы дамуының кейбір заңдылықтарын, оны тәрбиелеу жағдайларын көрсетеді [4].

Кәсіби бағыттылықты болашақ маманның жеке тұлғасының біртұтас және жан-жақты қасиеті түрінде толық түсіну үшін, оның компоненттік құрамын, сапалы сипаттамалары мен динамикасын анықтау қажет.

Студенттердің саналы түрде мамандық таңдауын мотивтейтін өз кәсіби қызығуларын түсінуі, арман-тілектерін іске асыру үшін саналы мақсат қойып, іс-әрекетін жоспарлауы – кәсіби бағыттылық қалыптасуының маңызды факторлары болып табылады.

Кәсіби бағыттылық әсерлілігі студенттердің сол мамандықты меңгеруге деген белсенді ұмтылыстарымен, қойылған мақсатқа жетудегі табандылығы, саналылығымен айқындалады.

Бұл ретте оқытудың кредиттік жүйесі бойынша болашақ маманның жеке тұлғалық қасиетін – кәсіби бағыттылығын қалыптастыруға деген талаптар жоғары, әрі өзекті болып отыр.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Н.Ә.Назарбаевтың 2012 жылғы 27 қаңтардағы «Әлеуметтік-экономикалық жаңғырту - Қазақстан дамуының басты бағыты» атты жолдауы.
2. ҚР «Білім туралы» Заңы. - Астана. - 2007 ж.
3. Әбеуова И.Ә. Кәсіби бағыттылықты қалыптастыру.
4. Сейтешев А.П. Воспитание профессиональной направленности личности молодых рабочих как педагогическая проблема: Дис.док.пед.наук. – Фрунзе, 1974.

## СТУДЕНТТЕРГЕ ЖОҒАРЫ КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ГРАФИКАЛЫҚ ДАЙЫНДЫҚТЫҢ МАЗМҰНЫН ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ТҮРҒЫСЫНАН ЖАҢАРТУ ТУРАЛЫ

**М.М. Хасенов**

*Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, Астана қ.*

**Е.Т. Сүйіндіков, Ж.А. Кожиков**

*Е.А.Бөкетов атындағы*

*Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды қ.*

*В статье раскрывается необходимость обновления содержания графической подготовки в вузах с позиции компетентного подхода. Предлагается новое содержание высшего геометро-графического образования студентов для формирования у них профессиональной компетентности.*

*The article deals with the need to update the contents of the graphics training in institutes of higher education from the perspective of kompetentostnogo approach. A new higher-education students graphic geometro to develop their professional competence.*

Жоғары кәсіби білім беру сапасын арттыруға деген заманауи қажеттіліктер педагогикалық ғылымның алдына білім беру мазмұнының реформалаудың себептері мен бағытын анықтау міндеттерін қоюда. Ақпараттанудың жедел дамуы мен әртүрлі қызметтер салаларының интеграциялануы, өндіріс пен білім беру салаларындағы ақпараттар легі мен инновацияның өсуі жоғарғы оқу орыны түлектерінің білімдерінің тұрақты жаңартылуын және олардың білім сапаларының жоғарылауын қажет етеді. Қоғамның даму үдерісі адамның кәсіби қызметінің мазмұны оның еңбегінің тұтас кезеңіне алдына ала анықталып қоймайтындығынан, әр маман өз кәсіби құзыреттілігін тұрақты көтеріп отыруды қарастырады. Заманауи кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру болашақ мамандарды дайындаудың негізгі қызметінің бірі болып табылады. Осылардың барлығы кәсіби, оның ішінде көркем-графикалық білім берудің мазмұнын одан әрі жетілдіруге және білім беру, ғылым мен өндірістің интеграциясы негізінде жоғары кәсіби білімнің сапасын арттыру қажеттілігін туғызады.

Жаңа ғасырдағы кәсіби білім берудің мазмұнын жаңартудың тұжырымдамалық ережесі құзыреттілік қатынаспен анықталады. Оны қолдану білім берудің мазмұнын, оның әдістері мен технологияларын жаңаша қарастыруды қажет етеді. Білім беру мазмұнын жаңартудың негізгі бірліктерінің бірі ретінде студенттің мамандығы бойынша жұмыс атқаруға дайындығын қамтамасыз ететін және арттыратын сапаларының, яғни білімдері, іскерліктері, дағдылары, тәжірибесі, қабілеттері, құндылықтық-мәндік бағдарларының жиынтығымен шарттыланатын тұлғаның интегративтік қасиеті түріндегі құзыреттілік түсінігі, оның түрлерінің сипаты мен құрамы қызмет етеді.

Задачи: Образовательная: совершенствовать вычислительные навыки сложения и вычитания в пределах 100; умение решать текстовые задачи; чертить отрезки заданной длины. Развивающая: развивать мышление и внимание; умение рассуждать, сопоставлять и сравнивать. Воспитывающая: воспитывать аккуратность; прививать интерес к урокам математики.	Задачи: Образовательная: совершенствовать вычислительные навыки сложения и умножения и деления многозначных чисел; умение решать задачи, примеры, уравнения; умение преобразовывать величины. Развивающая: развивать умение читать и записывать многозначные числа. Воспитывающая: воспитывать аккуратность; прививать интерес к урокам математики.
Ход урока	
<b>I Организационный момент</b>	
Долгожданный дан звонок – Начинается урок! Тут затей и задачи, Игры, шутки, все для вас! Пожелаю вам удачи – За работу, в добрый час!	
Сообщение темы и цели урока.	





II Повторение	II Повторение
<p>Ребята, какой приближается праздник? Учитель объясняет правила выполнения задания</p> <p>1. Игра «Украсть елочку» (ученики решают примеры, находят ответы и раскрашивают игрушку заданным цветом)</p> <p>60 + 20 32 + 7 29 - 2 54 - 7 14 - (9 - 3)</p>	<p>1. Самостоятельная работа. Карточка №1 Не вычисляя значение уравнения, определите, как найти неизвестное, используя знаки-помощники. <math>x \cdot 10 = 450</math> <math>25 \cdot x = 500</math> <math>400 : x = 100</math> <math>400 : x = 100</math> <math>x + 120 = 240</math> <math>x - 260 = 315</math> <math>540 - x = 225</math> <math>117 + x = 413</math> Учитель объясняет правила выполнения задания</p>
<p>2. Самостоятельная работа:</p> <p>а) Доставь знаки + или - <math>72 * 8 * 35 = 45</math> <math>54 * 4 * 50 = 100</math> <math>62 * 20 * 7 = 49</math> <math>36 * 30 * 6 = 60</math></p> <p>в) Начерти два отрезка. Длина первого отрезка 6 см, а второго на 2 см меньше</p>	<p>2. Взаимопроверка (ученики проверяют работу своих товарищей). Выставление оценок</p>
<p>3. Проверка</p>	<p>3. Коллективная работа Решаем задачи с биологическим сюжетом</p> <p>1. В результате аварийных разливов нефти в мире гибнет около 1 000 000 водоплавающих птиц в год. Сколько птиц могут погибнуть за 5 лет? <i>(5 000 000)</i></p> <p>2. Сова съедает в день 13 мышей. Сколько мышей съест она за неделю? <i>(91)</i></p> <p>3. Кустик черники растет 300 лет, а плодоносит только 5 лет. На сколько лет больше кустик черники растет, чем плодоносит? <i>(на 295 лет)</i></p> <p>4. Большая синица за летний день подлетает к корму 400 раз. Сколько раз синица подлетит к корму за неделю? <i>(28000 раз)</i></p> <p>5. Можжевельник живет 2000 лет. А рябина 600 лет. На сколько лет больше живет можжевельник, чем сосна? <i>(на 1400 лет)</i></p> <p>6. Береза живет 400 лет, а рябина 100 лет. Во сколько раз больше живет береза, чем рябина? <i>(в 4 раза)</i></p> <p>7. Вес слона равен 6 тонн. Сколько будут весит 10 таких слонов? <i>(60 тонн, 60 000 кг)</i></p> <p>8. Ежегодно сбрасывается 120 000 т отработанных масел, 600 000 т моющих средств и 100 т ртути. Сколько всего вредных веществ попадает в Средиземное море ежегодно? <i>(720100 тонн)</i></p> <p>9. Комар делает 600 взмахов крыльшками в 1 секунду. Сколько раз он взмахнет крыльшками за 1 минуту? <i>(36000 взмахов)</i></p> <p>Физминутка</p>



<p>4. Игра «Веселые фигурки» Объединить фигуры по форме, составить равенства.</p>	<p>4. Самостоятельная работа Арифметическая минутка (записать только ответы)  <math>96 : 16 = (6)</math> <math>45 : 15 = (3)</math> <math>54 : 27 = (2)</math>  <math>12 \cdot 7 = (84)</math> <math>13 \cdot 6 = (78)</math> <math>16 \cdot 2 = (32)</math>  <math>99 : 99 = (1)</math> <math>64 : 4 = (16)</math> <math>90 : 5 = (18)</math>  <math>57 + 26 = (83)</math> <math>82 - 65 = (17)</math> <math>74 - 56 = (18)</math>  <math>80 - 54 = (26)</math> <math>34 + 49 = (83)</math> <math>52 + 28 = (80)</math>  <math>52 : 4 = (13)</math> <math>60 : 5 = (12)</math> <math>73 - 47 = (26)</math>  <math>16 \cdot 3 = (48)</math> <math>17 \cdot 5 = (85)</math> <math>14 \cdot 8 = (112)</math></p>
<p>5. Минутка чистописания А потом пошла плясать По бумаге цифра «5» Руку вправо протянула, Ножку круто изогнула 5 55 5 – 5 –</p>	<p>5. Проверка учителем работы. Выставление учащимися оценок.</p>
<p>6. Самостоятельная работа. Вместо звездочек вставьте цифры, чтобы равенство было верным</p> $\begin{array}{r} + * 2 * \\ 3 * 4 \\ \hline 5 8 6 \end{array}$ $\begin{array}{r} - 1 * * * \\ \quad 2 5 6 \\ \hline \quad 7 4 4 \end{array}$	<p>6. Устный счет «Цепочка». Сейчас мы узнаем, какая птица выводит птенцов зимой. Снегирь – 2999 Свиристель – 2001 Клест – 0 . + : - + . 4 100 2300 10 150 1000 0 0</p>
<p>7. Решение задач. Коллективная работа «На кормушке было 7 синиц и 8 воробьев. Улетели 5 птиц. Сколько птиц осталось на кормушке?»  (решаем задачу, используя знаки-помощники) На елку спешит Дед Мороз, дорогу замело, расчистим дорожку, выполнив задания.</p>	<p>7. Самостоятельная работа. Тест 1. Укажите правильную запись числа: тринадцать тысяч пятьдесят шесть а)13560; в) 1356; г)1300056; д)13056 2. Сравни числа: 8030 и 8009 а)8030&lt;8009; в) 8030&gt;8009; г)8030=8009; д)не знаю 3. Вычисли: 63 - 16 а)46; в) 37; г)47; д)79 4. Вычисли: 78 : 3 а)26; в) 16; г)36; д)75 5. Вычисли произведение 60 и 300 а)1800; в) 18000; г)180; д)360 6. Выполни действие: 3406+616 а)9566; в) 4020; г)3102; д)4022 7. Сумма двух чисел равна 39, одно из чисел равно 13. Найди другое число. а)52; в) 26; г)3; д)16 8. Вычисли: 6 \cdot 2 + 3 \cdot 5 а)102; в) 150; г)27; д)75 9. Вычисли: 30 - (14 - 5 \cdot 2) а)12; в) 26; г)22</p>
<p>8. Самостоятельная работа Найдите закономерность, продолжи ряд. 302, 304, 306, ... . 705, 710, 715, ... . Проверка работы учителем</p>	<p>8. Проверка. Выставление учащимися оценок</p>



9. Проверка работы учителем	9. Решение задач. Коллективная работа с. 85 №439
10. Решение примеров. Работа с классом. Дед Мороз пригласил гостей на елку. Узнаем кто эти гости.  Игра «Гости» 50 - 7 76 - 9 45 + 7 72 + 8 73 - 4 67 - 6 5 + 9 - 6	10. Самостоятельная работа (по вариантам) Узнаем, какой подарок передал ребятам Дед Мороз. 9 522 : 6 2 367 : 3 7 306 . 4 6 800 . 6
11. Итог урока Какие задания мы выполнили? Какие задачи мы решали? Какие задания вам понравились?	11. Проверка Е 1 587 Л 29 224 К 40 800 А 789 (Елка)
12. Минутка чистописания. Найдите в работе числа, которые написаны неправильно. Неаккуратно и запишите одну строчку.	12. Итог урока. Выставление оценок за урок. Какие задания выполнялись на уроке для закрепления умножения и деления многозначных чисел? Какие задания вам показались более сложными, а с какими вы справились легко?
13. Литературная минутка. Стихотворение Яшина «Покормите птиц зимой»	

Педагогические закономерности в условиях малокомплектной школы приобретают конкретный характер, методические рекомендации требуют творческого переосмысления и применения; отдаленность школ от методических центров ставит учителей перед необходимостью постоянного педагогического поиска.

Многолетний опыт учителей показывает, что учителю легче вести уроки с двумя классами по одному предмету (например, по математике, казахскому или русскому языку), чем по двум разным предметам. На этих уроках есть возможность широко использовать самостоятельные виды работы учащихся, а также такие предметы, как познание мира и литература намного больше требуют от учителя непосредственных занятий с учащимися. Имеется в виду рассказ, беседа учителя, демонстрация сюжетных картин, таблиц, диафильмов, организация экскурсий и т.д. Поэтому опытные учителя ставят в расписание эти предметы в сочетании с изобразительным искусством, математикой, письмом в младших классах.

**Список использованной литературы:**

1. Государственная программа развития образования Республики Казахстан на 2011 – 2020 годы;
2. Приказ МОН РК от 17 сентября 2013 года № 375 «Об утверждении Типовых правил деятельности по видам общеобразовательных организаций (начального, основного среднего и общего среднего образования)»;
3. Эльконин Д.Б. Психология игры – М., 1978;
4. Актуальные проблемы методики обучения математике в начальных классах/ Под ред. М.И. Моро, А.М. Пышкало. - М., 1987;
5. Математика. Малокомплектная школа 2006, №10,11 стр.31;
6. Математика. Учебник и методическое руководство. 1,2,3,4 классы. Г.И.Кукарина, Т.П.Кучер, А.С.Акрамова, Алматы: Атамұра, 2010;
7. Используются разработки уроков учителей начальных классов Акмолинской области.



## №25 ҚАЗАҚ ҚЫЗДАР ГИМНАЗИЯСЫ – БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ БІЛІМ ОРДАСЫ

**С.Д. Избастина**

*№25 қазақ қыздар гимназиясының директоры, Екібастұз қ.*

*В данной работе излагаются этнопедagogические особенности учебно-воспитательного процесса казахской женской гимназии №25*

*In this paper, we present ethnopedagogical particular of educational process of Kazakh girls' gymnasium number 25.*

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев «Еліміздің ертеңі бүгінгі жастардың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздың қолында» деген сөз білім сапасын арттыру үшін әрбір мұғалім жауапты дегенді білдіреді. Осы жауапкершілікті жан-тәнімен сезініп, жаңа заманның ауыр жүгінен қалыспай, жұмыла көтерген жүктің жеңіл екенін сезіне білген ізгілікті ұяның бірі - №25 қазақ қыздар гимназиясы 1993 жылы ашылды. Гимназия - Қазақстан Республикасының педагогикалық іс-тәжірибесінде қазақ қыздарына арналған алғашқы оқу орны. Алғашқы директоры -Л.С.Сырымбетова. Одан кейінгі жылдары осы мекемеде басшылық жасап, дамуына зор үлес қосқан директорлар - Г.К.Сванкулова, Қ.Ы.Адамова, М.М.Айткенова, З.Ә.Мұхаметжанова.

Еліміздің ертеңгі тізгінін ұстар, Отанын ғаламдық дамудың көшінен қалдырмай өрге шығарар азамат тәрбиелеу саласында ұстаздарға аса жауапты қоғамдық міндет жүктеліп отыр [1]. Білім ордасында бүгінде қаншама ұрпаққа білім беріп, тәрбиелеп, сара жолға салған 42 ұстаз еңбек етеді, олардың 38 жоғары білімді, жоғары және бірінші санатты ұстаздар 62% құрайды. 8 ұстаз жаңа форматтағы курсты аяқтап, оқушыларға өз білімдерін беруде. Гимназияның бүгінгі келбетін мектеп басшыларынан бастап әрбір ұжым мүшелерінің қайраткерлік келбетімен байланыстыруға болады. Оқушылардың білім сапасын жоғары деңгейге көтерудің басты шарттарының бірі - бақылаудың дұрыс жолға қойылуы және нәтижелі жұмыс істеуге қатаң талап етілуі. Екінші, білімді де білікті мамандар. Үшінші, материалдық-техникалық базаның нығайтылуы.

Қазақ қыздар гимназиясы - ұлттық тәрбие жүйесінің моделі. Оның басты идеясы: «Руыңды қорғаймын десең, ұлыңды тәрбиеле, ұлтыңды қорғаймын десең, қызыңды тәрбиеле». Мектепте оқу-тәрбие жүйесінің тұжырымдамасы, мектеп түлегі және қазақ қыздар гимназиясы мұғалімінің моделі жасалды, олар жыл сайын ата-аналар қоғамы мен социум сұранысына байланысты толықтырылып, түзетіліп отырады. Оқу-тәрбие жүйесінің негізі - Л.С.Сырымбетова, Қ.Ы.Адамованың құрастырған авторлық 1-11-сыныптарға арналған «Қыздар әліппесі» бағдарламасы және гимназия ұстаздары құрастырған «Қыздар әліппесі» хрестоматиясы. Бағдарламаның мақсаты – ұлттық рухани байлықты жалпыадамзаттық мәдениетпен ұштастыра байланыстыру арқылы қазақ қыздарын тәрбиелеу және оқыту. Бұл бағдарлама аясында барлық оқу пәндері қамтылған және сыныптан тыс жұмыстар енгізілген. «Қыздар әліппесінің» ғаламтордағы нұсқасын [www.kyzdar-alippesy.kz](http://www.kyzdar-alippesy.kz) сайтынан табуға болады.

Білім саласын жаңартудағы басты мақсат Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасында белгіленгендей, Қазақстанның бәсекеге қабілеттілігін бүкіл әлемде қамтамасыз ету болып табылады. Жоғары дамыған елдің бәсекеге қабілеттілігі адам мүмкіншілігінің дамуымен байланысты. Ол білім жүйесінің жағдайымен анықталады. Елдің экономикалық өсуінің тұрақтылығы негізінен осы салада қамтамасыз етіледі [2]. Аталған мақсатқа білім жүйесіне жаңа ұйымдастырушылық экономикалық механизмді енгізу, білім саласының өсуін қамтамасыз ету, білім құрылымын, оқытудың мазмұнын мен технологиясын жаңарту, білім беру саласына білікті мамандарды жұмылдыру, орта мектептің жаңашыл әлеуетін көтеру арқылы жетуге болады. Жақсы білім мекемесіне әрқашанда қалыптасу мен даму үрдістері тән. Қазіргі заман мектебіне кеңінен және жаңаша ойлайтын менеджер қажет. Жаңашыл менеджердің негізгі міндеті тиімді іс-әрекет болып табылады. Менеджердің шеберлігі - кез келген жұмысты өзі жасамай, басқа адамдарды жұмылдыру арқылы жұмыс жасау. Қызметкерлердің мақсаттарына жету үшін жасаған іс-әрекеттеріне қолдау көрсеткенде ғана жалпы құндылықтары

мен мақсаттары біріккен біртұтас ұжым қалыптастыруға болады. Басқару бұл - белгілі бір жүйеге керекті мақсат, нәтижеге жетуге әсер ету [3]. Бүгінгі күні гимназия жаңашыл тәртіпте жұмыс атқаруда. Жаңаша көзқараспен, заман талабына сай өз жұмыстарына жауапкершілікпен қарап, әріптестерінен де соны талап етіп, оқушының бойындағы талант пен дарындылықты ұштай білеген, гимназия директорының орынбасарлары болып қызмет атқарған ұстаздар – Г.Хамитова, Қ.Сұлтанбекова, Г.Сейіловалар болса, қазіргі күні осы жұмысты абыроймен атқарып келе жатқан Б.Сағындықова, Қ.Жұмаділова, Ж.Рамазановалардың гимназияның жаңаша биіктерден көрінуіне қосар үлестері әлі де мол. Ұстаздар еңбегінің нәтижесінде гимназия оқушылары әр жыл сайын республикалық «Тарих ата» олимпиадасында, облыстық пән олимпиадаларында, халықаралық, республикалық, облыстық оқушылардың ғылыми жобалар сайысы мен «Зерде» ғылыми жобалар жарысында, КАТЕV ұйымдастырған қазақ тілінен «Жарқын болашақ» олимпиадасында, облыстық жастардың жергілікті қауымдастығының қоғамдық маңызды проблемаларын шешу мақсатындағы ұйымдастырылған әлеуметтік жобалар сайысында, инновациялық идеялар, шығармалар сайысы мен оқуларда, ақындар мүшайрасында, халықаралық ғылыми практикалық конференциялар мен оқуларда, «Табиғат және адам», «Су-тіршілік көзі» интеллектуалдық сайыстарда үнемі жүлделі орындарға ие болып, облыстық және республикалық жоғары оқу орындарының грант иегерлері атануда. Осының бір айғағы ретінде 2013-2014 оқу жылындағы облыстық ғылыми жобалар сайысында гимназия оқушыларының командасы «Ең үздік білім мекемесі» номинациясына, КИО олимпиадасында III орынға ие болса, 2 оқушы Халықаралық Л. Толстой оқуларының дипломанттары атанды.

Гимназияны басқару іс-әрекетінің ең басты міндеті - қабылданған шешімдерді іске асырудағы кері байланысты қамтамасыз ету. Басқару іс-әрекетінің процесі гимназияда жүйе ретінде қарастырылады, оның негізгі элементтері – жоспарлау, жүзеге асыру, тексеру және түзету. Мектептің тұжырымдамасына, даму бағдарламасына сәйкес басқару кезеңінде, біріншіден, жан-жақтан ақпарат жиналып, талдау жүргізіледі. Негізгі проблемалар анықталып, тақырыбы және мақсаты белгіленеді. Мақсат – іс-әрекеттің бағыты, ал басқару мақсаты - бұл күтілген нәтиже бейнесі. Осы нәтижеге жету үшін жоспар әзірленіп, керекті іс-шаралар ұйымдастырылып, жүзеге асырылады. Қол жеткізген нәтижелерге талдау жүргізіледі. Күтілген нәтижеге қол жеткізілмесе, жоспар мен мақсаты қайта қаралады және оларға түзетулер енгізіледі. Стратегиялық міндетті шешу және құзыреттілік үйлесімін қолдану гимназияны басқаруда бағдарламалық іс-шараларды іске асыру есебінен қамтамасыз етіледі. Бұның негізгі бағыты болып білім үрдісін басқарудың әбден жетілуі, педагогикалық технологияларды тиімді түрде қолдану, қоғамдық және оқушының өзін-өзі басқару формаларын, мектептің қамқорлық кеңесін әр түрлі бағдарламалар мен жобалау қызметтеріне енгізу болып табылады [4]. Гимназиядағы оқу-тәрбие үрдісін басқару жүйесінің тағы бір ерекшелігі мектепті басқаруда ата-аналар да қатысады. Мектепте ата – аналардың қамқоршылық кеңесі жұмыс жасайды. Кеңес жұмысының мазмұны мен қызметі мемлекеттік нормативтік құжаттармен және мектептің жарғысымен айқындалады. 2009 жылы қамқоршылық кеңестің қолдауымен «№25 қазақ қыздар гимназиясының даму қоры» қоғамдық қоры ашылды. Бұл қоғамдық қор кеңес білім ұйымдарын алқалық басқарудың бір түрі болып табылады. Іс-әрекетінің негізгі бағыты - гимназияның дамуына ықпал жасау, әлеуметтік-мәдени, сауықтыру және дамыту іс-шараларын өткізуге қаржылық қолдау көрсету. Материалдық-техникалық базаны нығайту мақсатында «Қамқоршылық кеңестің» қолдауымен компьютер, оргтехника алынды, жиһаздар жаңартылды, үздік нәтиже көрсеткен оқушылар мен мұғалімдерге, сыныптарға материалдық қолдау көрсетілді.

Гимназия «ашық мектеп» аясында жұмыс жүргізуде. Мектептің газеті мен сайты бар, ол бір неше бөлімнен құрылған, сонын ішінде виртуалдық қабылдауы жұмыс жасауда және E-sabak.kz онлайн журналы бар. Жыл бойы мектеп туралы ақпарат, мақалалар газет-журналдарда үнемі басылады. Оқу жылы аяқталғанда ата-аналарға оқу-тәрбие жұмыс жүйесінің нәтижесі бойынша баяндама жазылып, слайд-шоу, шығармашылық кеш түрінде есеп беріледі. Осы жұмыстардың арқасында кері байланыс орнатылып, бар кемшіліктер мен проблемаларды тез жоюға коррекция жұмысы жүргізіледі.

2004 жылдан бастап қазақ қыздар гимназиясы 12 жылдық білім беру бойынша республикалық ғылыми-практикалық орталығының эксперимент алаңы болып табылады. «Оқулық» орталығының оқу бағдарламалары, оқулықтары апробациялануда. Осы жылдар ішінде атқарылған істер аз емес. Жыл сайын оқулықтар мен бағдарламаларға беттік талдау жасалады. Экспериментатор

мұғалімдер - республикалық, облыстық және қалалық деңгейде семинар, ғылыми-практикалық конференциялардың белсенді ұйымдастырушылары және қатысушылары.

Қазақстандағы білім беру жүйесін жаңалау үрдісінде, әлемдік білім беру тенденциясын дамытуда бағалау жүйесін заманға сай реформалау қажеттілігі анықталды. Қазақ қыздар гимназиясы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесін енгізуде эксперимент жүргізіп келеді. Аталған проблема бойынша үнемі жүргізілетін семинарлар ұйымдастырылып, сонымен қатар технологиялық картаға, күнтізбелік және сабақ жоспарларына жаңа бағалау критерийлері енгізілген. Сабақта және сабақтан тыс әрекеттерде 4 критерий бойынша бағалау кеңінен қолданылып, білім, білік, дағдылары, проблеманы шеше алу, ақпараттық және коммуникативтік құзыреттіліктері іске асырылады. 1-деңгей - минималды (1-3 ұпай), 2-деңгей - қанағаттанарлық (4-6 ұпай), 3-деңгей - жеткілікті (7-9 ұпай), 4-деңгей - жоғары (10-12 ұпай) [5]. Гимназия мұғалімдері ашық, жабық түрдегі тесттер, практикалық- эксперименталды жұмыстар, зерттеу және шығармашылық, логикалық-құзыреттілік тапсырмалар жасауда. Бұл жасалымдар білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін анықтайтын өлшеуіштері болып табылады. Білім нәтижесін анықтауда әр оқушыға жеке білім маршруты жасалады. Жеке білім траекториясын іске асыру дәрежесі, оқудағы ілгерілеуінің айқындалуы, зерттеу-жобалау әрекетінің барысы, әрекет тәсілдерінің қалыптасуы, құзыреттілік негіздері, тұлғаның дамуы, рефлексия жасау қабілеті білім алушылар портфолиосында жинақталады. Портфолио оқу нәтижелерін жүйелі де үзіліссіз бағалау және өзін-өзі бағалау мақсатына бағытталған форма ретінде қаралып, портфолионың: жеке нәтиже портфолиосы, жобалау әрекеттерінің портфолиосы, пәндер бойынша портфолио сияқты түрлері практикада қолданылады. Жүргізіліп жатқан шаралар білім беру саласын басқаруда және бақылау процесіне жаңашылдық енгізуге мүмкіндік береді. Бұл мектептің әрекетін барлық деңгейде уақытылы және дәлелденген басқару шешімдерін қабылдауға жетелейді.

Құзыреттілік үйлесімінде басқарушының зейіні білім кеңістігінің субъектілерінің біріккен әрекеттерінің диагностикасына, педагогтың кәсіптік функциясын орындауына, теориялық және практикалық дайындығына назар аударылады. Құзыреттілік мұғалім әрекетін бейнелейді, сондықтан кәсіби құзыреттілігінің деңгейін көрсететін критерийлерін жасау қажет. Мысалы: пәндік құзыреттілік, психологиялық құзыреттілік, жаңашылдыққа дайындық және басқалар. Мұғалім – білім беру үрдісінде негізгі субъект, оның кәсіби шеберлігі мен пәнін терең білуі - оқушы бойындағы құзыреттіліктің даму көзі [6]. Оқушы бойында негізгі құзыреттіліктерді дамыту мақсатында гимназия ұстаздары қазақ тілі, орыс тілі, ағылшын тілі, биология, география, физика, тарих, математика пәндері бойынша тапсырмалар жинағын құрастырып, рецензиялады. Қазақ қыздар гимназиясында білім сапасын арттыруда оқушыларға арналған бейіндік және бейіналды модель жасалған. Бейіндік оқыту жекелеген пәндерді тереңдетіп оқытудың синонимі емес, ол ең алдымен, жоғары сынып оқушыларының сапалы түрде болашақта өмірлік траекториясын таңдауы болып табылады. Бұл модель белгілі бір оқушы мен ата-аналардың әлеуметтік білім тапсырысына бағытталған. Оқушылардың білімге деген қажеттілігін және жеке ерекшеліктері мен мүмкіншіліктерін ескеретін жеке оқу жоспары бар. Оқу жоспарының вариативтік бөлімінен арнайы курс, факультативтер және элективті курстар енгізілген: «Риторика», «Психология», «ІРғақ», «Таным мәдениеті» және т.б. Бейіндік оқытуды қамтамасыз ету үшін гимназия ұстаздары оқу-әдістемелік кешенмен жинақталған 30 авторлық бағдарламалар жасады. Гимназия іс-әрекеті қазақ қыздар тәрбиесінің ерекшеліктерін ескере отырып, жеке тұлғаның шығармашылығын, танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған [6]. Оның дәлелі ретінде жыл сайын ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижесі бойынша қала деңгейінде бірнеше жылдар бойы І орынға ие болып, облыс көлемінде «50 үздік мектеп» қатарына енді. ҰБТ қортындысы бір жылдық еңбектің нәтижесі ғана емес, бала мектеп табалдырығын аттаған күннен бастап берілген жүйелі білімнің нәтижесі. Оқушыларға мектеп бағдарламасы деңгейінде ғана білім беріп қоймай, оларды білім әлемінің тереңіне жетектеп, тұнығынан сусындатқан бастауыш сынып мұғалімдері А.Абдрахманова, Қ.Жаудина, Ә.Скокова, қазақ тілі пәнінің мұғалімдері М.Көбешова, Қ.Жұмаділова, К.Даутова, тарих пәнінің мұғалімдері Т.Қаржасбаев, А.Касымғалиева, орыс тілі пәнінің мұғалімдері Б.Сағындықова, О.Байшуақова, математика пәнінің мұғалімдері Г.Хамитова, Ә.Жаңбырбаева, физика пәнінің мұғалімі Ж.Рамазанова, биология пәнінің мұғалімі О.Аушакимова, география пәнінің мұғалімдері А.Қуандықұлы, А.Жангурова, мектеп психологы Г.Ақшолоқованың еңбектерін ерекше атап

өткім келеді. Бұл ұстаздардың шәкірттері тек ҰБТ-де ғана емес, түрлі облыстық, республикалық, халықаралық білім сайыстарында жүлдегерлер атанып келеді. Мұғалімдер өмір ағымына ілесе алатын, заман талабына сай ұрпақты тәрбиелеумен қатар өз білімін үнемі толықтырып отырады және білікті мамандарымыз - облыстық, республикалық, халықаралық «Дарынды балаға – талантты ұстаз», «Ең үздік шығармашыл ұстаз», мұғалімдер арасындағы пән олимпиадалары тәрізді түрлі сайыстардың жүлдегерлері. Соңғы жылдары мұғалімдер құрастырған «Білім берудегі жаңа көзқарас: әдістеме мен жаңашыл әдістер» атты ғылыми – практикалық конференция материалдары, «Математика пәнінен ҰБТ дайындаудың оқу әдістемелік құралы», «Жас дарын әлеміне саяхат», гимназияның 20 жылдық мерейтойына арналған «Тағылымы мол білім ордасы» атты кітаптар және «Мектебім - әнім, гүл бағым...» атты журнал баспадан шығарылды. «Гимназия ұстаздарымен оқушылары Республикалық «Дарынды балалар - Қазақстанның болашағы», «Қазақстанның үміт артарлары» атты энциклопедияларына енді. Биология пәні мұғалімі О. Аушақимова 2014 жылы Астана қаласында өткен Халықаралық «XXI ғасыр білім беру саласындағы жаңа технологиялар ғасыры» атты ғылыми-практикалық конференциясына қатысып, «Ыбырай Алтынсарин» атындағы алтын медальмен марапатталды және Халықаралық ұстаздар Одағының мүшелігіне қабылданды. Орыс тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі О. Байшуақова Халықаралық әлем халықтарының ғылыми конференциясына шығармашылық жұмыстарымен сырттай қатысып, ЮНЕСКО-ның дипломанты атанды.

Гимназия оқушыларын ғылыми-зерттеу жұмыстарына баулу мақсатында мектеп әкімшілігі мен жоғары оқу орындары арасында келісім шарттар жасалған. Павлодар қаласының жоғары оқу орындарының профессорлары А.Бейсембаев, Қ.Ергалиев гимназия мұғалімдерімен бірлесе отырып, оқушыларды пәндік олимпиада, ғылыми жоба жарыстарына дайындауға ақыл-кеңестерін беріп, өз бойындағы білімдерімен сусындатуда. Осы жұмыстың нәтижесі оқушылардың интеллектуалдық сайыстардан облыс, республика, халықаралық деңгейде алған жүлделі орындары және оқушылардың сапалы білім алумен қатар рухани байлығын молайту мен жетілдіруге бағытталған гимназиядағы жүргізілетін үйірме жұмыстары, авторлық бағдарламалар өз нәтижелілігін көрсетуде. Атап айтсақ, «Бозторғай» хоры, «Еркетай», «Назерке» домбырашылар оркестрі, «Наз» би тобы, «Дебат», «Жас дарын» үйірмелері қала, облыс, республика, халықаралық деңгейлерде үнемі жетістіктерге ие болуда.

Білім мен тәрбие беруде гимназияның миссиясына сай ең басты ерекшелігі - түлектердің бүгінгі күні өмірден өз орындарын тауып отырғаны. Біздің анықтауымыз бойынша түлектеріміздің 85%-ы - отбасылық өмір құрып, барлығы да бір-бір отбасының берекесі, жанұясының қаймағын бұзбай, болашақ ұрпақтың бойына ең құнды рухани-адамгершілік қалыптастыратын қоғамның басты тірек-арқауы – АНА деген абыройлы атқа ие болып отырған жандар. Бұл – көңілге қуаныш ұялататын мәселе.

Қорыта келгенде, мектептегі сапаны жаппай басқара отырып, әрбір оқушы мен мұғалімнің одан әрі қарай дамуы үшін жеке тұлғаға бағытталған тәсілдерге сүйену қажет. Заманауи мектеп - бұл үнемі өзгере отырып дамитын педагогикалық үрдіс, жаңару үстінде болатын мектеп екендігін жадымызда ұстау керек. Үнемі жаңару принципі оқу-тәрбие үрдісін, сапаны жаппай басқарудың негізгі ережесі болып табылады.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. *XXI ғасыр педагогикасы мектеп табалдырығында. Ақпараттық-әдістемелік дайджест/ А.Ә.Жайтапова, Г.А.Рудик, Е.В.Белошниченко, А.С.Сатывалдиева-Алматы: ББЖ ҚБАРИ, 2009 - 304б.*
2. *2011-2020 жылдарға арналған ҚР білім беру жүйесінің даму жоспары/ ҚР БҒМ, 2010*
3. *Зверева В.И. Управление школой. М., 1998*
4. *ТҚМ-нің базалық принциптері. Дәріс/А.Ш.Орақова-Алматы: ББЖ ҚБАРИ, 2010*
5. *Сырымбетова Л.С. Казахская женская гимназия как модель национальной воспитательной системы. А., 1998-36 с.*
6. *Жексенбаева У.Б. Положение о системе оценивания учебных достижений обучающихся. А., 2007*

## ҚЫЗ БАЛА ТӘРБИЕСІН ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ТҮРҒЫДАН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

**Қ.Б. Жұмаділова**

*№25 қазақ қыздар гимназиясы директорының  
тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Екібастұз қ.*

*В этой работе рассматривается система воспитательной работы казахской женской гимназии.*

*In this paper we consider a system of educational work of the Kazakh girls' school.*

Қазіргі Қазақстан білім берудің өзіндік ұлттық моделінің үлгісін құру үстінде. Ертеңгі күннің бүгінгіден гөрі жарқынырақ болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек сапалы білім мен саналы тәрбиеге ғана тән. Мектептегі білім мен тәрбие оқушыларды халқымыздың бай мәдениеті негізінде тәрбиелеп, ғылым негіздерін игертіп, ой-өрісі кең, шығармашыл, іске әрқашан әзір, салауатты азамат қалыптастыруды қажет етеді. Қай қоғамның болсын жедел жаңаруы сол қоғамның талап-тілегіне, арман-мүддесіне байланысты. Жедел жаңару немесе халықаралық тілмен айтқанда, модернизация – мемлекеттің жаңа жағдайға сай дамуы мен өркендеуіне себепші кешенді іс-шаралардың жүйесі [1]. Ж. Аймауытов: «Мектеп бітіріп шыққан соң бала бүкіл әлемге, өзгенің және өзінің өміріне білім жүзімен, ашылған саналы ақыл көзімен қарай білсе, міне, білімділердің көздейтін түпкі мақсаты – осы. Мектеп осы бағытта баланың келешекте жетілуіне мықты негіз салуы керек», - дегеніндей, бүгінгі таңдағы гимназияның алдында тұрған өзекті мәселе – нәтижеге бағытталған білім мен тәрбиені қоса бере отырып, жалпы азаматтық құндылықтарға сәйкес мінез-құлқы, құзыреттілігі қалыптасқан жеке тұлға тәрбиелеу [2].

Этнопедагогика мен этнопсихология негізін қалаған идеялардың бірі – ер адам мен әйел адамның әлеуметтік қызметтерін сұрыпталу факторын ескеру. Бұл идеяның ұмытылуы қоғамда бірқатар жағымсыз әлеуметтік құбылыстар туғызды. Олар: ажырасу, толық емес отбасылардың, жалғыз басты әйелдердің, әкесіз балалардың, жетімдер мен қарттар үйінің көбеюі, жыныстық ауытқулар, есірткіге құмарлық т.б.

Халықтық педагогикалық идеяларды зерттей келіп, әрбір ұлттың рухани байлығы - Әйел-Ананың білімділігімен, әлеуметтік позициясымен, қоғамдағы ролімен анықталатынын көруге болатыны дәлелденді. М.Шаханов әрбір қазаққа ең қажеттісі “туған жер, туған тіл, туған дәстүр, салт-сана, туған тарихты” білу, құрметтеу, меңгеру, ұрпақтан-ұрпаққа көздің қарашығындай жеткізу деп ескертеді. Яғни, ұлттық мектепте ана тілімен қатар сол халықтың рухы, оның тарихы, географиясы, экологиясы, әдет – ғұрпы, тұрмыс – салты, елдік дәстүрі жайында жүйелі түрде білім берілуі қажет. Осы бағытты басшылыққа алған қазақ қыздар гимназиясы 1993 жылы Павлодар облысының Екібастұз қаласында ашылды. Қазақ қыздар гимназиясы тәрбие жұмысының мақсаты:

- Теориялық тұрғыда мектеп тәрбие жүйелерінің теориясы мен этнопедагогика теориясын зерттеу негізінде халық тәжірибесі мен қазіргі замандағы жаңашыл педагогикалық практиканы ұштастыру;

- Ғылыми - әдістемелік тұрғыда қазіргі заман талабына сай қазақ қыздарын тәрбиелеу бағдарламасын жасау негізінде дидактикалық жүйе мен тәрбие жүйесін мазмұнды деңгейде интеграциялау;

- Практикалық тұрғыда этнос тұлғасын қалыптастыру нәтижесін бақылау және осы үрдісті әдістемелік сүйемелдеу үшін педагогикалық-психологиялық мониторингті іске асыру.

Тәрбие жұмысының мақсат, міндеттерімен қоса ұстанымдары мен іске асыру әдістерінің реті жасалған. Қазақ қыздар гимназиясы түлегінің моделін құруда ұлы ойшыл Ж. Баласағұнның “Адамда жақсы қасиет болмаса, оған бақ та, бақыт та қонбайды” деген тұлға мәні туралы ой-пікірі негізге алынды. Гимназия түлегінің моделі «Төрт құбыласы - Парасаты, Қанағаты, Әділет,



Дәулеті тең, ұлтының тарихын, салт-дәстүрін, тілін, туған жерін жақсы білетін, құрметтейтін қыз бала» деген ұғымға тең [3]. Әр сатының жас ерекшеліктеріне сай бастауыш мектеп түлегі, негізгі мектеп түлегі, гимназия түлегі модельдерінің сипаттамалары жасалған. Гимназия тәрбие жүйесінің ерекшеліктеріне сай қыздар ережесі жасалып, әнұраны жазылған.

Гимназияда тәрбие жұмысының жүйесін негізгі төрт қыр құрайды: Мұғалім – Оқушы - Ата-ана - Қоғамдық орындар.

Ұлттық тәрбие мәселелерін шешу үшін жасалған арнайы “Қыздар әліппесі” бағдарламасының мазмұны негізгі 6 бөлімнен тұрады.

- Бағыну заңы
- Тек тәрбиесі
- Қара шаңырақ
- Келін тәрбиесі
- Құрсақ тәрбиесі
- Неке тәрбиесі

Осы негізде жүргізілген жұмыстың барлығы да оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін ашуға және дамытуға бағытталған. Этнопедагогика, этнопсихология әдіснамалық негіздеріне сүйене отырып және “Білімнің жұптасып кіруі” біртұтас жүйелі принциптерін негізге ала отырып, “Қыздар әліппесі” бағдарламасы басқа пәндермен байланыстырылды.

Жеке тұлғаға бағытталған тәрбие үрдісін ұйымдастыруды жаңа педагогикалық технологиялар негізінде жүргізу тәрбиеге қатысушы субъектілер арасында жаңа байланыстар мен қатынастар туғызды. Кафедра, шығармашылық топ, класс айымдары институты секілді жаңа құрылымдар тәрбиенің мазмұны мен түрінің, әдіс-тәсілдерінің тереңдеп түрленуіне мүмкіндік береді. Тәрбие жұмысын ұйымдастыруда класс жетекшілердің әдістемелік бірлестігі - класс айымдары институтының жұмысы маңызды роль атқарады. Мақсаты: Гимназия ерекшелігін ескере отырып, жеке тұлғаны тәрбиелейтін құзыретті жетекшілерді дайындау. Класс айымдары институтының «Класс айымы туралы ережесі», арнайы бағдарламасы бар.

Тұлғаның құндылығы, рухани дүниесінің байлығы тәрбие үрдісінде ізгіліктік көріністің нақты формасы болып табылады. Гимназияда тәрбие жүйесінің барлық тармақталған компоненттері өзара тығыз байланыста ортақ мақсатқа жұмылдырылған. Құндылықтар, білім-ілім, интеллект және шығармашылық, ынтымақ, денсаулық, әуестену әлемі, болашақ кәсіби маман - жүйенің мазмұндық сипатын ашады. Тәрбие жүйесі педагогикалық жүйенің негізі болғандықтан, жеке тұлғаның дамуына тиімді және мақсатты бағыттағы рухани-адамгершілік, дүниетанымдық-мәдени, азаматтық-саналылық құзыреттіліктерін қамтиды. Тәрбие жұмысын ұйымдастыруда оқушылардың өзін-өзі басқару ұйымының алатын орны ерекше. Өзін-өзі басқаруды жүйелі ұйымдастыру – оқушыларды басқару ісіне тарту арқылы белсенді субъект ретінде өзін-өзі ынталандыруға, дамытуға, тәрбиелеуге жағдай жасау. Гимназияда бірнеше жылдан бері рейтинг-рангілік жүйе жүргізіліп келеді. Рейтинг-рангілік жүйенің оқушылардың өзін-өзі басқару жұмысын жүйелі ұйымдастыруда маңызы өте зор. Бұл жүйені оқу-тәрбие көрсеткіштері қамтылған әртүрлі параметрлер бойынша оқушылар жүргізеді де, класс айымдары бақылап отырады. Нәтижесінде «Таңдаулы ай оқушысы», «Таңдаулы класс», «Таңдаулы жыл оқушысы», «Ең таңдаулы класс» номинациялары шығарылады. Жүйе бойынша оқушылардың өзін-өзі басқару белсенділігі төмендегідей көрсеткішті көрсетті:

- Өзін-өзі басқару туралы түсінігінің қалыптасуы – 87%;
- Өзін-өзі басқару ұйымында белсенділік танытуы – 92%;
- Өзін-өзі басқарудағы жетістік - 97%.

Сонымен қатар, оқушылармен тәрбие жұмысы пәндік және эстетикалық үйірмелер мен клубтар, дәстүрлі іс-шаралар («Анаға қарап қыз өсер», «Парасатты Әйгерім», «Анам, айым және мен», «Жүзден жүйрік», «Қасиетті жетілік», «Әнші де биші балапан», «Үкілі домбыра», «Толағай» т.б.), құқықтық білім беру мектебінің жұмысы, тақырыптық тәрбие сағаттары қоғамдық мекемелермен үздіксіз байланыс арқылы жүзеге асады. Жүргізілген тәрбие жұмысының беріп жатқан нәтижесі төмендегідей:

- Оқушылар өздерінің қоғамдағы орнын табуға талпыныс жасайды;
- Өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарайды;

- Салауатты өмір сүруге дағдыланады;
- Демократиялық бағытты ұстанған құқықтық мемлекетте қалай өмір сүрудің жағдайын сезінеді.

Тәрбие – тұлғаны қалыптастыруға мақсатты бағытталған үрдіс. Тәрбие – бұл өмірлік шығармашылық. Сондықтан мұнда бала бейнесі, яғни, жеке тұлға бейнесі маңызды [4]. Бүгінгі оқушылар – еліміздің ертеңгі болашағы Халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық білім мен өнер сайыстарында, интеллектуалдық марафондарда шәкірттеріміз биік белестерден көрінуде. Дарынды, өнерлі, талантты қыздар шығармашылығы білікті ұстаздар жетекшілігімен шындала түсуде. Білім мен тәрбиенің бұтақ жайған бәйтерегіндей болған республикамыздағы тұңғыш қыздар гимназиясы жеке тұлғаның қалыптасуына, оның жан-жақты үйлесімді дамуына, ізгілендіру, демократияландыру, толеранттық, ынтымақтастық, құзыреттілік деген адами құндылықтарды оқушы бойына сіңіруге мол үлес қосуда.

***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. ҚР үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасы. Астана, 2009
2. Кожухметова К. Ж. Мектептің ұлттық тәрбие жүйесі және практика.-Алматы: РБК, 1997
3. Сырымбетова Л. С. Модель казахской женской гимназии.-Алматы, 1998
4. Мұсырманов. А. Тәрбие жұмысының модульдік технологиясының моделі. -Алматы, 2007

ӘОЖ 37.018.58

## **ҚАЗАҚ ҚЫЗДАР ГИМНАЗИЯСЫ – 12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЭКСПЕРИМЕНТАЛДЫҚ АЛАҢЫ**

**Б.М. Сагиндикова**

*№25 қазақ қыздар гимназиясы директорының  
ғылыми-әдістемелік жұмыс бойынша орынбасары, Екібастұз қ.*

*В данной работе представлены пути совершенствования учебно-воспитательного процесса в казахской женской гимназии как экспериментальной площадки по переходу на 12-летнее обучение.*

*Passing to the 12-years in hired the ways of perfection of education process are presented in the Kazakh woman gymnasium as an experimental ground educating.*

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасына сай білім интеллектуалдық қана емес, сонымен қатар қоғам өркендеуінің экономикалық базасын құрайтын мемлекет іс-әрекетінің аса маңызды саласы болып табылады. Білім беру реформасының басты өлшемі біздің еліміздің кез келген азаматының алған білімі мен біліктілігіне сәйкес әлемнің кез келген мемлекетінде қажетті маман бола алуы деңгейіне жету болып табылады. Бүгінгі таңда білім беруге қойылатын талаптар адамды ең жоғары құндылық ретінде ізгіліктік тұжырымдамасы тұрғысынан қарастырады [1].

«Білім берудегі дағдарыс - бұл әлемдік құбылыс. Дүниежүзілік кеңістікте білім беру постиндустриалды өтпелі кезеңде тұрып қалды... Бүгінгі заман білім беруді тәуекелге шақырып тұр. Бұл тәуекелдің мәні - адам баласының өмірдегі беталыс бағдарын өзгерту қажеттілігінде, жаңаша ойлау үлгісін қалыптастыру, адам баласының тарихтағы, қоғамдағы және әлемдегі өз орнын жаңаша түсіну қажеттілігінде болып отыр».

Елдің экономикалық өсуінің тұрақтылығы негізінен осы салада қамтамасыз етіледі. Аталған мақсатқа білім жүйесіне жаңа ұйымдастырушылық экономикалық механизмді енгізу, білім саласының өсуін қамтамасыз ету, білім құрылымын, оқытудың мазмұны мен технологиясын

жаңарту, білім беру саласына білікті мамандарды жұмылдыру, орта мектептің жаңашыл әлеуетін көтеру арқылы жетуге болады [2].

Жиырма жылдық тарихы бар №25 қазақ қыздар гимназиясы еліміздің педагогикалық іс-тәжірибесінде қазақ қыздарына арналған алғашқы оқу орны, ұлттық тәрбие жүйесінің моделі, басты идеясы: «Руыңды қорғаймын десең, ұлыңды тәрбиеле, ұлтыңды қорғаймын десең, қызыңды тәрбиеле» [3]. Мектепте оқу-тәрбие жүйесінің Тұжырымдамасы, мектеп түлегі және қазақ қыздар гимназиясы мұғалімінің моделі жасалды, олар жыл сайын ата-аналар қоғамы мен социум сұранысына байланысты толықтырылып, түзетіліп отырады. Оқу-тәрбие жүйесінің негізі - авторлық «Қыздар әліппесі» бағдарламасы 1-11-сыныптарда жүргізіледі. Бағдарламаның мақсаты – ұлттық рухани байлықты жалпы адамзаттың мәдениетімен байланыстыру негізінде ұштастыру арқылы қазақ қыздарын тәрбиелеу және оқыту.

2004 жылдан бастап қазақ қыздар гимназиясы 12 жылдық білім беруге көшу барысында республикалық ғылыми-практикалық орталығының эксперимент алаңы ретінде жұмыс жасауда. Эксперименталдық 12 жылдық мектептің оқу бағдарламаларын апробациядан өткізуде, білім стандартының жобасын іске асыруда атқарылған істер аз емес. Білім беру жүйесін жаңалау үрдісінде, әлемдік білім беру тенденциясын дамытуда бағалау жүйесін заманға сай реформалау қажеттілігі анықталды. Қазақ қыздар гимназиясы оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесін енгізуде эксперимент жүргізіп келеді. Аталған проблема бойынша үнемі жүргізілетін семинарлар циклы ұйымдастырылған, сонымен қатар технологиялық картаға, күнтізбелік және сабақ жоспарларына жаңа бағалау критерийлері енгізілген [4]. «Сабақта және сабақтан тыс әрекеттерде 4 критерий бойынша бағалау кеңінен қолданылады: білім, білік, дағдылары, проблеманы шешу құзыреттілігі, ақпараттық құзыреттілік, коммуникативтік құзыреттілік. Әр берілген критерий 4 деңгейге бөлінген. 1-деңгей: минималды (1-3 ұпай), 2-деңгей қанағаттанарлық (4-6 ұпай), 3-деңгей жеткілікті (7-9 ұпай), 4-деңгей жоғары (10-12 ұпай)». [5, 12-13] Гимназия мұғалімдері ашық және жабық түрдегі тесттер, практикалық және эксперименталды жұмыстар, зерттеу және шығармашылық тапсырмалар жасауда. Бұл жасалымдар білім алушылардың оқу жетістіктерінің деңгейін анықтайтын өлшеуіштері болып табылады. Білім нәтижесін анықтауда әр оқушыға жеке білім маршруты жасалады. Жеке білім траекториясын іске асыру дәрежесі, оқудағы ілгерілеуінің айқындалуы, зерттеу-жобалау әрекетінің барысы, әрекет тәсілдерінің қалыптасуы, құзіреттілік негіздері, тұлғаның дамуы, рефлексия жасау қабілеті білім алушылар портфолиосында жинақталады [4].

Портфолио оқу нәтижелерін жүйелі де үзіліссіз бағалау және өзін-өзі бағалау мақсатына бағытталған форма ретінде қаралады. Портфолионың бірнеше түрі іске асырылады (жеке нәтиже портфолиосы, жобалау әрекеттерінің портфолиосы, пәндер бойынша портфолио). Жүргізіліп жатқан эксперимент білім беру саласын басқаруда және бақылау процесіне жаңашылдық енгізуге мүмкіндік береді. Бұл мектептің әрекетін барлық деңгейде уақытылы және дәлелденген басқару шешімдерін қабылдауға жетелейді. Жыл сайын оқулықтар мен бағдарламаларға беттік талдау жасалады. Экспериментатор мұғалімдер - республикалық, облыстық және қалалық деңгейде семинар, ғылыми-практикалық конференциялардың белсенді ұйымдастырушылары және қатысушылары.

Қазақ қыздар гимназиясында білім сапасын арттыруда бейіндік және бейіналды қыздарға арналған модель жасалды. Бұл модель белгілі бір оқушы мен ата-аналардың әлеуметтік білім тапсырысына бағытталған. Оқушылардың білімге деген қажеттілігін және жеке ерекшеліктері мен мүмкіншіліктерін ескеретін жеке оқу жоспары бар. Оқу жоспарының вариативтік бөлімінен арнайы курс, факультативтер және элективті курстар енгізілген: «Риторика», «Психология», «Ырғақ», «Таным мәдениеті» және т.б. Гимназия ұстаздары оқу-әдістемелік кешенмен қамтамасыз етілген 30 авторлық бағдарламалар жасалып, тәжірибеде қолданылуда. Бейіндік оқыту жекелеген пәндерді тереңдетіп оқытудың синонимі емес, ол ең алдымен, жоғары сынып оқушыларының сапалы түрде болашақта өмірлік траекториясын таңдауы болып табылады.

Жалпы гимназияда барлық класс-комплект саны - 20. Эксперимент сыныптары - 3, ол сыныптарда білім алушылар саны - 40: 8а- 12 оқушы, 9- 17 оқушы, 10а-11 оқушы.

Класс	Оқыту тілі	Оқушылар саны	Ұл	Қыз
8а	қазақша	12	0	12
9	қазақша	17	0	17
10а	қазақша	11	0	11

Барлық сыныптар 100% оқулықтармен қамтамасыз етілген. Эксперимент сыныптарының оқулықтары «Мектеп», «Келешек-2030», «Арман - ПВ» баспасынан шыққан. Кітапхана бойынша оқулық және әдеби кітаптар қоры жыл сайын толықтырылып отырады.

Класс	Оқулық	Оқу-әдістемелік кеңес	Жұмыс дәптері	Баспа
8а	12	12	12	Алматы «Мектеп» «Келешек-2030», «Арман -ПВ»
9	17	17	17	
10а	11	11	11	

Эксперимент сыныптарында 19 педагог жұмыс істейді, 18 мұғалім жоғары білімді, 1-арнаулы орта. Жоғары санатты - 7, бірінші санатты – 4, екінші санатты – 5. Экспериментатор-мұғалімдердің сапалық құрамы бойынша жоғары білімді мұғалімдер– 95%, жоғары және бірінші санатты мұғалімдер 58%, екінші санат 26%-ды құрайды.

р/с	Мұғалімнің тегі, аты, әкесінің аты	Пед өтілі	Білімі	Диплом бойынша мамандығы	Санаты	Қай пәнді жүргізеді
1	Рахимбаева А.К.	14	жоғары	қазақ тілі мен әдебиеті	1	қазақ тілі мен әдебиеті
2	Жанбырбаева А.Ж.	17	жоғары	математика	жоғары	математика
3	Сагиндиқова Б.М.	33	жоғары	орыс тілі мен әдебиеті	жоғары	орыс тілі мен әдебиеті
4	Каиржанова Ж.С	5	жоғары	ағылшын тілі	2	ағылшын тілі
5	Қуатбай Д.К.	бай	жоғары	тарих	с/з	тарих
6	Жангурова А.Б.	7	жоғары	география	2	география
7	Адамова Ж.А.	4	жоғары	ИВТ	с/з	информатика
8	Рамазанова Ж.Д.	26	жоғары	физика	жоғары	физика
9	Избастина С.Д.	25	жоғары	химия	жоғары	химия
10	Аушақимова О.С.	26	жоғары	биология	жоғары	биология
11	Кадыров Н.А.	5	жоғары	физкультура	2	физкультура
12	Смагулова И.Н.	17	арн-ор	ритмика	1	ритмика
13	Ақшолоқова Г.М.	25	жоғары	психолог	жоғары	психолог
14	Жұмаділова Қ. Б.	17	жоғары	қазақ тілі мен әдебиеті	жоғары	қазақ тілі мен әдебиеті
15	Қарабаева С. К.	11	жоғары	ағылшын тілі	2	ағылшын тілі
16	Ержанов К.Е.	12	жоғары	математика, физика	1	математика, физика

17	Каржасбаев Т. К.	5	жоғары	тарих, құқық	2	тарих, құқық
18	Касымғалиева А. К.	6	жоғары	тарих	1	тарих
19	Оношбай Ж.	1	жоғары	технология	с/з	технология

Эксперимент сыныбы оқушыларының ақыл-ой даму деңгейінің диагностикасы АОДМТ (ШТУР), Савенков әдістемелері бойынша анықталды. Талдау бойынша оқушылардың ойлау әрекеттерінің деңгейі жалпы түрде жоғарылығы байқалады.

Психологиялық қызметтің ең бірінші міндеті: ақыл-ой деңгейінің даму диагностикасы болып табылады, бұл жағдайда оқушының ойлау қабілетінің дамуы жыл бойы бақылауда болады, белгілі бір интеллектуалдық даму функцияларына коррекция жасалып отырады. Жалпы оқу-тәрбие үрдісінде гимназиядағы психологиялық ахуал қолайлы, жайлы.

Мұғалімдер үнемі оқытудың әдістемелік құрылым негізі бойынша және жаңа форматтағы деңгейлік курстар арқылы білімдерін жетілдіруде. Республикалық, облыстық «12жылдыққа көшу барысы: проблемалар, ізденістер» тақырыбында интернет–форум, «Онлайн» сабақтар, педагогикалық оқулар, т. б. іс-шараларға мұғалімдер белсенді қатысуда. Эксперимент сыныптары бойынша жыл сайын «12 жылдық білім беру» кабинетімен тікелей байланыста білім сапасы диагностикасы, оқулықтарға беттік талдау бойынша есептер тапсырылады. Экспериментатор–мұғалім күнделігі, оқушы портфолиосы жүргізіледі [5].

2013-2014 оқу жылы І-ші жартыжылдығының бақылау жұмыстары қорытындысы бойынша жиынтық ақпарат

№	Оқу пәні	Бақылау формасы	Оқушылар саны	Жұмысты орындаған оқушылар саны	Баға				Үлгерім	Білім сапасы
					5	4	3	2		
1	Қазақ тілі	б/ж	40	37	5	19	13		100	66
2	Қазақ әдебиеті	т/б		40	9	24	7		100	81
3	Русский язык	б/ж		37	8	17	12		100	66
4	Русская литература	т/б		40	9	27	4		100	89
5	Ағылшын тілі	б/ж		39	4	22	13		100	58
6	Қазақстан тарихы	тест		38	8	16	14		100	65
7	Дүниежүзі тарихы	тест		36	6	17	13		100	64
8	Адам.Қоғам.Құқық.	т/б	11	11	2	9			100	100
9	Биология	б/ж		39	0	20	19		100	52
10	Физика	б/ж		39	7	18	14		100	54
11	География	б/ж		40	7	18	15		100	64
12	Химия	б/ж		39	5	15	19		100	52
13	Алгебра	б/ж		37	4	17	16		100	57
14	Геометрия	т/б		40	5	20	15		100	63
15	Информатика	б/ж		40	14	14	12		100	60
16	Дене шынықтыру	т/б							100	100
17	Технология (қыз балалар)	т/б							100	100
	Барлығы:								100	70

Сонымен қатар эксперимент алаңының жұмысына қатысушылар білім беру үдерісін жаңғыртуда әдістемелік білімдерін арттыра отырып, шығармашылық сайыстар мен көрме жұмыстарына қатысады [5]. Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияда математика пәнінің мұғалімі Ә.Жаңбырбаеваның «12жылдық білім беруге көшу барысында эксперимент сыныптарында математика пәнінің ерекшеліктері», қазақ тілі мен қазақ әдебиеті пәнінің мұғалімі

Қ.Жұмаділованың «Негізгі құзыреттіліктерді қазақ тілі пәнінде қалыптастыру жолдары» атты баяндамалары жинаққа енді.

Республикалық деңгейде ең алғаш экспериментатор-мұғалім А. Абдрахманованың іс-тәжірибесі таратылды. Республикалық әдістемелік журнал бетіне орыс тілі пәнінің мұғалімі Б.Сагиндиқованың сабағы жарияланды. «12-жылдық білім беру – құзыреттіліктерді қалыптастырудың бір құралы» атты баяндамасы облыстық «Педагогикалық альманах» журналына жинаққа енді. Тарих, құқық пәнінің мұғалімі Т. Қаржасбаев «Дарынды оқушыға – талантты ұстаз» сайысына қатысушы.

Облыстық педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институты өткізген АКТ сайысында экспериментатор – мұғалімдер А.Хуандық, Н. Қадыров 1-3-орындарды жеңіп алды. Қазақ тілі мұғалімі А. Рахимбаева мұғалімдер арасында өткен пән олимпиадасының жеңімпазы - 1 орын. Эксперимент өткізген бастауыш сынып мұғалімі А. Скокова мен психолог Г.Ақшолоқованың іс- тәжірибесі таратылды.

Қала деңгейінде «Білім беру ұйымдарын мемлекеттік аттестаттаудан өткізу туралы» атты семинарда экспериментатор – мұғалімдер тәжірибелерімен бөлісіп, «Мастер - класс», т.б. іс-шараларда 12 жылдыққа көшу барысындағы негізгі сұрақтар мен құзыреттіліктерді қалыптастыру ерекшеліктерін атап өтті; қалалық білім бөлімінің өткізген диагностика, сауалнамаларына қатысылды, нәтижесінде мұғалімдердің ақпараттық хабардары бар, өз тәжірибелерінде жаңашылдықтарды қолданатындары анықталды. Негізгі құзыреттіліктерді оқушы бойына дамыту мақсатында әр пәнге технологиялық карта, сабақ жоспарларын құруда ерекшеліктер ескерілді, сонымен қатар құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағдарланған рецензияланған тапсырмалар жинақтары жарық көрді, тағы да пәндер бойынша жинақтар шығару жұмыс үстінде; ақпараттық – коммуникативтік технологияларды қолдану жоғары деңгейде. 12 жылдық білім беруге көшуге дайындық барысы туралы сұрақтар педагогикалық, директор және директордың орынбасары жанындағы кеңестерде қарастырылады.

Эксперимент сынып оқушыларының жетістіктері: Республикалық ғылыми жобалар сайысына қатысушы А. Байзыханова, «Күншуақ» фестиваль-сайысында 8а эксперимент сыныбының оқушылары домбыра ойнау шеберліктерімен Ж.Шаймағанбетова – III орын, Ж.Шахмарова - II орынды жеңіп алды. Дельфий ойындарында «Еркетай», «Назерке» домбыра ансамбльдері аспаптық орындауда дипломант атанды. Облыстық «Зерде» ғылыми жобалар сайысында эксперимент сыныбының оқушысы Н.Жеңісова II орынды иеленді.

Қорыта келгенде, мектептегі 12 жылдық білім беруге көшу барысындағы эксперименталдық алаң жұмысы іс-шаралар жоспары жалғасуда. Әрбір оқушы мен мұғалімнің одан әрі қарай дамуы үшін жеке тұлғаға бағытталған тәсілдерді қазіргі замандағы мектеп талаптарына сай үнемі өзгере отырып дамытын педагогикалық үрдіс, жаңару үстінде өткізілген жұмыстар деп айтуға болады. Үнемі жаңару принципі оқу-тәрбие үрдісін, сапаны көтерудің негізгі ережесі болып табылады.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. 2011-2020 жылдарға арналған ҚР білім беру жүйесінің даму жоспары/ ҚР БҒМ, 2010
2. 21-ші ғасыр педагогикасы мектеп табалдырығында. Ақпараттық-әдістемелік дайджест/ А.Ә.Жайтапова, Г.А.Рудик, Е.В.Белошниченко, А.С.Сатывалдиева-Алматы: ББЖ ҚБАРИ, 2009 - 304б.
3. Сырымбетова Л.С. Казахская женская гимназия как модель национальной воспитательной системы. А., 1998-36 с.
4. Жексенбаева У.Б. Положение о системе оценивания учебных достижений обучающихся. А., 2007
5. 12 жылдық білім. №1, 8, 11, 2009ж.Л.Р. Баимбетова «Жаңа оқытудың жаңа әдістері.
6. 12 жылдық білім. № 3, 5 2006ж. У.Б. Жексенбаева.12 жылдық білім берудің құрылымдық – мазмұндық ерекшеліктері.

## ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫ ДАМУДА ҚҰЗЫРЕТТІЛІК ТАПСЫРМАЛАРДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

**Е.А. Адилова**

*№ 25 қазақ қыздар гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі, Екібастұз қ.*

*В этой статье говорится о развитии личности, о глубине профессиональных знаний, человеческих качествах и умении правильно их применять.*

*This article refers to the development of personality, the depth of professional knowledge, personal qualities and the ability to apply them correctly.*

Жаңа заман ағымына сай білім саласында жаңа технологиялар қолданудың маңызы зор.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасында орта білім берудің мақсаты – жылдам өзгеріп отыратын дүние жағдайында алынған терең білімнің, кәсіби дағдылардың негізінде еркін бағдарлай білуге, өзін-өзі дамытуға және өз бетінше дұрыс, адамгершілік тұлғасынан жауапты шешімдер қабылдауға қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру деп нақты көрсетілген.

Қазіргі кезеңде педагогикалық технологиялар қоймасы үнемі толықтырылып отырады. Сол себептен осы технологияларды оқып-білумен айналысу жөн. Мұндай педагогикалық технологиялардың жан-жақты тараған, оң нәтижесін танытып жатқан бірқатар түрлерін атауға болады: сын тұрғысынан ойлауды дамыту, ойын арқылы оқыту технологиясы, білім беруді іздендіру технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, оқытудың компьютерлік технологиясы, дамыта оқыту технологиясы, т.б.

Заман талабына сай білім беру - бұл оқушыларды адамгершілік, интеллектуалдық, мәдени дамудың жоғарғы деңгейі мен білімін қамтасыз етуге бағытталған тәрбие беру мен оқытудың үздіксіз үрдісі десек, оның тиімділігі мен сапасын арттыру мұғалімнен оқу процесінің ғылыми теорияға негізделген және оқушының қабілетімен бейіміне негізделген оқытудың таңдамалы, белсенді, қарқынды әдістеріне көшуді талап етеді.

2004 жылдан бастап 12 жылдық білім беру алаңы ашылды. Қазақ қыздар гимназиясы осы жылдан бастап эксперимент алаңында жұмыс жасап келеді. 12 жылдық білім беру жағдайында мұғалім тек білім беруші ғана болып қалмауы тиіс. Жаңа мектеп мұғалімі ізденуші, зерттеуші, басқарушы, ұйымдастырушы, кеңесші, үйлестіруші тұлғаға айналуы керек. Осы көзқарас тұрғысынан келгенде, 12 жылдық мектепте құзыреттілік тәсіл оқытудың ең өзекті тәсілі екені айқын көрінеді. Ал құзыреттілік тәсіл оқытуда алғашқы кезекке оқушыны теориялық біліммен қаруландырудың орнына проблеманы шеше білуге үйретуді шығаратыны белгілі.

12 жылдық білім беру тұжырымдамасында орта білім берудің басты мақсаты: Қазақстан Республикасының әлеуметтік, экономикалық және саяси өміріне белсене қатысуға дайын бәсекеге қабілетті тұлға дайындау деп атап көрсетілген, сондықтан оқу тәрбие үрдісінің алдында тұрған негізгі міндет табысты және тиімді әрекетке дайын өзінің пікірін білдіруге және өзінің іс-әрекетін өмір сүріп отырған қоғам үшін жауапкершілігін түсінуге қабілетті отбасындағы, қоғамдағы, ұжымдағы әлеуметтік ролін сезінетін құзырлы тұлғаны қалыптастыру. Оқушылардың бойында шығармашылық іс-әрекетті, іздемпаздықты қалыптастыру, жүйелі қортынды жасай білу, дәлелді пікір айту іскерлігін арттыру, оқу материалдарын сараптау, талдап салыстыру іскерліктерін үйрету қажеттілігі туындайды.

12 жылдық білім берудің күтілетін нәтижелері белгіленген мақсатқа сәйкес мектеп түлегінің негізгі құзырлылығы көрсетілген:

- құндылықты-бағдарлы құзыреттілік
- жалпылық және этномәдениеттік құзыреттілік
- оқу-танымдық құзыреттілік
- коммуникативті құзыреттілік

- ақпараттық-технологиялық құзыреттілік
- әлеуметтік-еңбек құзыреттілік
- тұлғалық өзін-өзі дамыту құзыреттілік

«Құзырлылық» ұғымы соңғы жылдары педагогика саласында тұлғаның субъектілік тәжірибесіне ерекше көңіл аудару нәтижесінде ендіріліп отырған ұғым. Құзырлылықтың тікелей аудармасы белгілі сала бойынша жан-жақты хабардар, білгір деген мағынаны қамти отырып, қандай да бір сұрақтар төңірегінде беделді түрде үкім шығара алады дегенді білдіреді. /1,43б./

Мұғалімнің педагогикалық, әдістемелік, коммуникативтік, ақпараттық, дара құзіреттілігі – оқушы құзіреттілігін дамытуға бағытталған, нәтижесінде ақылды, қабілетті, дарынды, жан-жақты жеке тұлға қалыптасады .

Осы құзыреттілікті қалыптастыруда әдістемелік жұмыстың тақырыбы болды. Мынадай үш міндет қойылды:

- теориялық тұрғыда
- әдістемелік тұрғыда
- практикалық тұрғыда

Қазіргі кезеңде педагогикалық технологиялар қоймасы үнемі толықтырылып отырады. Қыздар гимназиясы, бұл жаңа типті мектеп. Гимназияда білім мен біліктіліктің жоғары деңгейіне жетуге жаңа озық технологияларды оқып үйрену керек болды. Сол себептен мен осы технологияларды зерттеп, оқу тәжірибе үрдісіне қолдана бастадым. Мұндай педагогикалық технологиялардың жан-жақты тараған, оң нәтижесін танытып жатқан бірқатар түрлерін атауға болады: сын тұрғысынан ойлауды дамыту, ойын арқылы оқыту технологиясы, білім беруді іздендіру технологиясы, модульдік оқыту технологиясы, оқытудың компьютерлік технологиясы, дамыта оқыту технологиясы, т.б.

Мемлекеттің отбасы қарым-қатынастарына гендірлік теңдікті енгізгендігі басты мақсаты-ер мен әйелдің, баланың денсаулығын нығайту, ұрпақты болу, өмір сүру деңгейін арттыру, ер-әйелге, балаға қатысты зорлық-зомбылыққа қарсы ел болып күресу. Мұның бәрі кезең-кезеңімен жүзеге асып жатса, қазақ қоғамының нығаюына қосылған үлкен үлес.

Қазақ қыздар гимназиясы оқу тәрбие үрдісінде гендірлік саясатты негіз етіп алып, озық идея, заманның жаңа талаптарымен үйлестіру, кіріктіру міндетін шешіп келеді.

Оқу процесінде құзыреттілікті қалыптастыру тәжірибеме тоқтала кетейін. Оқу жылы басында технологиялық карта жоспары жасалып, күнделікті сабақ жоспарлары құрылады. Жоспарлау кесте түрінде жасалып, мұғалім ғана емес, оқушылар да пайдалану үшін тиімді және ыңғайлы болады. Оқушылар өзін-өзі бақылау дәптерлерін жүргізеді. Оқу процесінде ТК түрінде жоспарлау формасы «нашар» деп аталатын оқушының өзі оқу материалын меңгере бастайды. Өйткені ол тақырыптың соңғы нәтижесін көз алдына елестетіп, нақты сабақты көре алады. Әрбір сабақ кезеңдерін анықтап, әрбір кезеңде белгілі бір құзыреттілікті қалыптастыруға бағытталатын тапсырмалар әзірленеді. Оқушы бақылау дәптерлеріне осы тапсырмаларды меңгерген білімі білігі және нәтижесін бағалап, белгілеп отырады. Бұл оның өз еңбегінің нәтижесіне деген жауапкершілігін арттыруға көмектеседі.

Жаңа технологиялар мұғалімнің жүйелі жұмыс істеуіне мүмкіндік береді. Ақпаратты оқыту технологиясының бүгінгі күні интерактивті тақта ерекше орын алып отыр. Оқушылар интерактивті тақтамен жаңа материалдарды арнаулы программамен мүмкіндігінше пайдалана алады. Ондағы мақсат - оқушының өзінше ойлау қабілетін арттыру және қазіргі заманғы интерактивті тақтамен жұмыс істеуге үйрету. Жаңа технологиялар оқушының шығармашылық белсенділігімен өзіндік танымдық қызметін ұйымдастырушы болады. Оқушылардың сабаққа деген көзқарастары өзгеріп, қызығушылық туады. /2,24б/

Бұл кезде оқушылардың ойлау қабілеті іске қосылып, танымдылық іс- әрекеті жинақталып құзіреттілігі дамиды. Оқушыны біліммен, білім алу тәсімен қаруландырып, оның өмір салтымен, мінез-құлқын сауықтандыра отырып, өзін үнемі дамитын оқушыны тәрбиелей отырып, саналы білім алуын жүзеге асыру. Егер математика пәні бойынша жүйелі жан-жақты терең білім берілсе жаңа ақпаратты технология арқылы оқушылардың шығармашылығы қалыптасса, онда логикалық ойлары теңеліп, өздігінен білім алу, сол білімді нәтижелі түрде пайдалану деңгейлері уақыт талабына сай, бәсекеге қабілетті және құзыретті тұлға болып қалыптасады. /3,48б/



Практикалық кезеңде оқушылардың қалыптасу деңгейін бақылау бағалау қажеттілігі туады. Сол себепті оның өлшеуіш критерийлері жасалады, яғни арнайы тапсырмалар «Проблеманың шешімін табу құзыреттілігін қалыптастыруға арналған тапсырмалар» және «Қазақ тілінен құзыреттіліктерді қалыптастыруға арналған тапсырмалар» атты жинағы құрылды. Жинақта берілген тапсырмалар оқушылардың ой-өрісін арттыратындай, жеке тұлға ретінде қалыптасуына, ақыл-ойының дамуына мүмкіндік туғызу, белсенділік, шапшаңдық әрекеттерінің қалыптасуына жағдай жасайды.

Бағалауды сапалы жаңарту бағдарының бірі ретінде 12-жылдық білім беру мектебіне көшу барысында портфолио жүргізу ұсынылды. Алғашқы рет эксперимент сынып оқушыларымен портфолио басталынды. Жұмыстың бұл формасы оқушы әрекетінің нәтижесін объективті түрде бағалауға мүмкіндік береді. Портфолио дәстүрлі бақылау-бағалау құралын мейлінше толықтырып тұратындығы байқалады. Оның дәстүрлі жүйеден айырмашылығы - оқушының оқу, шығармашылық, әлеуметтік, коммуникативті қызмет түрлеріндегі нәтижелерін ескеруге мүмкіндік береді, баланың жеке құзыреттілігін айқындайды.

Бүгінгі күні ақпараттық – коммуникативтік технологиясын қолдану барысында оқушы бойына негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыруда портфолионың маңызы зор. Өйткені, портфолио оқытудың белгілі кезеңінде оқушының жеке жетістіктерін бағалау, жинақтау, және есепке алуда тиімді тәсіл. Портфолио бағалау процесіне ғана емес, сондай –ақ оқушының өзін-өзі бағалау процесіне бағдарланған «аутентикалық» яғни, шынайы бағалауға барынша жақындатылған, дараланған бағалар қатарына жатады. Портфолионың құрылымы:

1. Титул беті.
2. Визитка.
3. Оқушының пәндер бойынша оқу жетістіктері.
  - 3.1. Жеке жетістіктер парағы.
  - 3.2. Ілгерілеу кестесі.
  - 3.3. Оқушының сақтағысы келетін тексеру жұмыстары.
  - 3.4. Оқылатын элективті курстар.
  - 3.5. Оқу пәндері бойынша олимпиадалар мен байқауларға қатысу.
4. Негізгі құзыреттіліктердің қалыптасуы.
  - 4.1. Оқу-зерттеу қызметі.
  - 4.2. Қоғамдық-шығармашылық қызмет.
5. Айналадағылардың бағасы және қол жеткізілген нәтижелердің өзіндік бағасы.

Коммуникативтік құзыреттілік өлшеуіші ретінде оқушылармен зерттеу шағын жоба жазу және қорғау сайысы өткізіледі. Бұл жұмыс оқу жылының басында басталды. Оқушылар тақырыптар тандап алады, ізденеді. Оқу жылының соңында жобалар қорғалады. Жобаны қорғау барысында оқушылар бір-бірімен, үлкендермен, өзін қоршаған ортамен қарым-қатынасқа түседі. Сыныпта үздік деп танылған үш жоба мектепшілік жоба сайысына қатыса алады. Мектеп ішінде жүлделі орынға ие болып, қалалық бастауыш сынып оқушылар арасында өтетін ғылыми жобалар сайысына қатыса алады.

Заман талабына сай жаңа технология әдістерін үйрету, бағыт-бағдар беруші – мұғалім. Сондықтан оқушыларды жаңа тұрмысқа, жаңа оқуға, жаңа қатынастарға бейімдеуіміз ең бірінші мақсат, яғни бәсекеге қабілетті, дамыған елдердің қатарына еруге дайын тұлға тәрбиелеу ұстаздар қауымының зор міндеті екендігін ұмытпауымыз абзал.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Төрбекова З.Т. Оқытудың тиімділігі-тұлғаға бағбарлануында // 12 жылдық білім беру 2006, №2, 43б.
2. Сәбитова. Ә. Мұғалімнің ізденіс тақырыбы // Бастауыш мектеп, №5, 2007, 24б.
3. Құлдыбаева С.Б. Электронды оқулықтық білім берудегі тиімділігі // 12 жылдық білім беру 2008, №2, 48б.

## 12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ ОҚУ-ТӘРБИЕ ҮРДІСІНДЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

**Г.М. Ақшолақова**

*№ 25 қазақ қыздар гимназиясының психологы, Екібастұз қ.*

*В статье уделено особое внимание взаимосвязи процесса обучения и состояния здоровья школьников, создания психологической службы в гимназии.*

*Summary*

*The article paid special attention to the relationship of the learning process and health of schoolchildren, create a psychological service.*

Дамуы сонау көне заман қойнауынан бастау алған жантану ғылымы күнделікті өмірге қарқындап еніп келеді. «Өзінді-өзің тани біл» деген Сократ тұжырымының өзектілігі де артып барады. Психология ғылымымен жақсы таныс адам өзінің жан дүниесінің қыры мен сырын, яғни жеке басының қайталанбас ішкі болмысын танып білуге зор мүмкіндік алады. Психология - психиканың айғақтарын, заңдылықтарын және механизмдерін зерттейтін ғылым [1,97-98].

Қазіргі кезеңде психология ғылымы алдында тұрған теориялық және практикалық міндеттердің сан қилығына орай үлкен қарқынмен дамуда. Психологияның негізгі міндеті - психикалық іс-әрекетті оның даму барысымен байланыстыра зерттеу. Соңғы он жылдықтарда психологиялық зерттеулер аймағы біршама кеңейіп, жаңа ғылыми бағыттар мен салалар дүниеге келді. Б.Ф.Ломов: «Психологияның методологиялық және теориялық проблемалары» атты еңбегінде қазіргі заман ғылымының жағдайын сипаттай келе, «бүгінгі күнде психология әдіснамалық проблемалары мен оның жалпы теориясын бұдан да былай тереңдетіп зерттеудің қажеттігі күрт жоғарылады» - деп жазады. Психология зерттейтін құбылыстар әлемі ұлан-ғайыр. Жантану ғылымы үшін ең маңызды мәселелердің бірі - зерттелуші құбылыстардың мән-мағынасын ашып беру. Егер психология алғашқы уақытта теориялық тарапы басымдау, дүниетанымдық пән болса, ол қазіргі кезде өзінің танымдық қызметін сақтай отырып, өндірістегі, мемлекеттік басқарудағы, білім беру жүйесіндегі, денсаулық, заң мекемелеріндегі, мәдениеттегі, спорттағы және т.б. кәсіби практикалық іс-әрекеттің бір саласына айналуға сонымен, осы заман психологиясы көп тармақты білімдер жүйесі ретінде танылып, әртүрлі еңбек тәжірибесімен байланысуда. Әдетте, психология салаларын жіктеудің негізгі принципі – психиканың іс-әрекетте даму принципі болып табылады. Сондықтан, көбінесе психология салаларын топтастыру негізіне адамдардың әртүрлі еңбектік әрекеттері алынады [2, 125].

Психологиялық қызметті қазақ қыздар гимназиясының жағдайында ұйымдастыруда осы салалардың бірі - педагогикалық психология саласы айрықша орынды иеленетінін атап өткен жөн. Педагогикалық психология қызметі - адамды оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық заңдылықтарын ашу. Ол оқушылардың ақыл-ойы мен ойлау жүйесін, дағдыларын қалыптастырудың, олардың оқу материалдарын меңгеруі мен ұстаз-шәкірт арасындағы өзара қарым-қатынастардың реттеудің түйінді мәселелерін қарастырады. Педагогикалық психология келесі реттегі тармақтарға бөлінеді: а) оқыту психологиясы - дидактиканың психологиялық негіздерін, оқыту мен білім берудің негізгі әдістемелік мәселелерін, балалардың ақыл-ойын қалыптастыру сияқты өзге де мәселелерін зерттейді; ә) тәрбие психологиясы - гуманистік және әлеуметтік тәрбие мәселелерінің психологиясын зерттеп, оқушылар ұжымының, еңбекпен түзету педагогикасының негіздеріне қатысты мәселелерді қарастырады.

Бүгінгі күнде оқудайындығын анықтау көпкомпонентті. Ол жан-жақты комплексті психологиялық зерттеулерді талап етеді. Л.А.Венгер, А.Л.Венгер, В.В.Холмовской, Я.Я.Коломинский, Е.А.Ташко және т.б. мәліметтер бойынша психологияның дайындықты анықтау құрылымының келесі компоненттері бар [3,40-41].

- Тұлғалық дайындығы. Онда баланың жаңа әлеуметтік ортаға көзқарасы енеді. Тұлғалық дайындық баланың эмоционалдық және мотивациялық өрістің даму деңгейлерін де көрсетеді.

- Интеллектуалдық дайындық. Дайындықтың бұл компоненті балада дүниетаным мен нақтылы білім қорын көрсетеді. Бала жалпылай ойлау, қабылдау, мағыналық есте сақтау, логикалық операцияларды меңгеруі керек. Балада бейнелік ойлау болады.

- Әлеуметтік - психологиялық дайындық. Баланың достарымен, ұстаздармен қарым - қатынас жасауы. Бала жаңа ортасы мектепке басқа да балалармен араласып өзара қарым-қатынас жасай білуі осында көрінеді.

Қазіргі педогогикалық қоғамдастықтың алдында білім берудің жаңа моделін құру, оны сынақтан өткізу мен енгізудің ауқымды міндеттері тұр. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасындағы басты мақсат мектепке дейінгі білім беруді ұлғайту жолымен балалардың білім алуына бастапқы мүмкіндіктерді қамтамасыз ету болып табылады. Бұл алты жасар балалардың бойында оқу қызметін меңгерту, олардың танымдық белсенділігін дамытудың басты бағыттарының бірі ретінде танылуда. Сонымен қатар 12 жылдық білім беру жағдайында мектепке дейінгі тәрбие мен білім беру деңгейі ерекше мәнге ие болып отыр.

12 жылдық білім беруді эксперименттен өткізудегі психологиялық қызмет мына мақсаттар мен міндеттерге жіктеледі:

- Баланың дамуына психологиялық жағдай жасап, жеке және интеллектуалдық дамуына әр жастың кезеңіне тән көмек көрсету арқылы, олардың өзін-өзі оқытуға, тәрбиелеуге, дамуына жағдай туғызып, қалыптастыру;

- Оқушылардың жеке тұлғасын, интеллектуалды, шығармашылық қабілеттерін дамыту, бақылау, бағыттау;

- Оқушылардың психологиялық денсаулықтарын және сыныптағы оқушылардың әлеуметтік - психологиялық жағдайларын ескеру;

Алты жасар баланың психикасы ойын немесе оқу жағдайларында дамуына байланысты сапалық өзгерістерге ұшырап, әр түрлі кедергіден өтеді. Психологиялық мәлімет бойынша алты жасар балалар үлкендер мен құрбылары ортасында өз жағдайын сезіне білуге қабілетті.

Осыған байланысты 12 жылдық эксперименттік бірінші сыныпқа қабылданатын 5-6 жасқа дейінгі балалармен сауалнама арқылы зерттеу жүргізіледі.

Бұл жұмыстың мақсаты - болашақ бірінші сынып оқушысының моделін негіздеу және танымдық қызығушылығы, білімге құмарлығы, қарым-қатынас мәдениеті, еңбексүйгіштігі, мінез-құлқ мәдениетінің дамуы үшін қажетті жағдаймен қамтамасыз ету.

Зерттеу қорытындысы төмендегі міндеттерді шешуге бағытталады:

- 5-тен 6 жасқа дейінгі балалардың жалпы даму жағдайы мен деңгейін анықтау;
- Баланың даралығын сақтау, қолдау және дамыту үшін қажетті жағдайларды айқындау;
- 12 жылдық бірінші эксперименттік сыныбында оқу іс-әрекеттерін жетілдіру жолдарын анықтау;

Психологиялық қызмет ең бірінші кезекте білім баспалдағының қазыналы тұтқасы болу үшін, баланың мектептегі оқуға психологиялық дайындығын дұрыс айқындауға бағытталады.

Қазақ қыздар гимназиясының психологиялық жүйесінің атқарар істерінің ауқымы мол. Ата-аналар, басшылар, мұғалімдер, оқушылар деп аталатын төрт категорияны қамти отырып, психологиялық қызмет оқу-тәрбие үрдісін жақсартуға үлес қосады. «Баланы жан-жақты етіп тәрбиелеу үшін, оны жан-жақты білу керек» деген белгілі педагог К.Д. Ушинский көрегендігі педагогикалық іс-әрекеттің психологиялық қызметпен тығыз қарым-қатынаста екендігінің дәлелі. Оқушының қабілеттілік деңгейін, зеректігін, зейіннің қасиетін т.б. танымдық аймағын анықтау нәтижесінде психолог мұғалім қолына оқушының мүмкіндігі туралы құнды деректер береді: білім берудің бала танымына лайық жолдарын сұрыптап, оқушылардың белсенділігін арттыруға жағдай жасайды; ұжымдағы өзара қарым- қатынас түрлерін реттейді; топтағы психологиялық ахуалды байқап, бірқалыпты жағдайды ұстап отыруға жағдай туғызады [4, 20-21].

Оқушылардың ақыл-ой деңгейінің дамуын жиі түрде және ертерек бақылауға алу қажеттілігі психологиялық практикада негізделген. Гимназиядағы психологиялық қызметтің ең бірінші міндеті ақыл-ой деңгейінің даму диагностикасы болып табылады, бұл жағдайда оқушының ойлау қабілетінің дамуы жыл бойы бақылауда болады, белгілі бір интеллектуалдық даму функцияларына түзетулер жасалады. Оқу тәрбие үрдісі негізінді баланың жеке басының дамуы

зерттеледі. Осы бағыттағы гимназиядағы психологиялық қызмет мына мақсаттар мен міндеттерге жіктеледі: баланың дамуына психологиялық жағдай жасап, жеке және интеллектуалдық дамуына әр жастың кезеңіне тән көмек көрсету арқылы, олардың өзін-өзі оқытуға, тәрбиелеуге, дамуына жағдай туғызып, қалыптастыру; оқушылардың жеке тұлғасын, интеллектуалды қабілеттерін дамыту, бақылау, бағыттау; оқушылардың психологиялық денсаулықтарын және әр сыныптағы оқушылардың әлеуметтік - психологиялық жағдайларын ескеру; оқушылар, мұғалімдер және ата-аналармен жеке, топпен кеңестер өткізу.

Психологиялық критерий жүйелері:

I. Психологиялық қызметті ұйымдастыру үшін жағдай жасау:

- психологиялық жүйе құру;
- гимназиядағы психологиялық қызметтің бағдарламасы.

II. Рухани адамгершілік қарым - қатынастың қалыптасуы:

- оқушының жеке - дара қасиеттерінің деңгейі;
- ақыл - ой қабілеттерінің деңгейі;
- оқушылардың психологиялық мәдениеті, мінез-құлық тәрбиелілігі.

III. Әлеуметтік бейімделуге қабілеттілігі:

- гимназия түлектерінің жоғары оқу орындарына түсулері;
- сайыстарға, жарыстарға мұғалімдер мен оқушылардың қатысуы;
- мұғалімнің педагогикалық мәдениеттілігі мен педагогикалық шеберлігінің деңгейі.

IV. Ата - аналар мен оқушылардың гимназия өмірінің іс-әрекетіне қанағаттандырылуы;

- гимназия өмірінің іс-әрекетінің негізгі жақтарына деген қарым-қатынасының жайлылығы;
- ата - аналардың оқу және тәрбие деңгейіне қанағаттандырылуы.

Гимназияда атқарылатын негізгі іс-әрекеттерінің түрлері: Психодиагностикалық жұмыстар: таным процестерін диагностикалау, мінез ерекшеліктерін зерттеу, жеке қабілеттерін анықтау, қарым - қатынас ауқымын зерттеу, баланың әлеуметтік жағдайын, анатомиялық - физиологиялық дамуын зерттеу. Түзету жұмыстары: жеке, топтық, тренингтер, психотерапиялар, түзету-дамыту сабақтары, ойындар, психогимнастикалар. Тақырыптық кештер, тренинг - сабақтар, сайыстар, консилиумдар, дәрістер, практикум - дәріс, спорттық жарыстар. Кеңес беру жұмыстары: жеке және топтық - кеңестер, практикум - дәріс, дәрістер.

Гимназиядағы психологиялық қызметінің міндеттерінің бірі - баланың психикалық саулығына яғни, жан - дүниелік, физиологиялық дамуына қолайлы жайлы ахуал қалыптастыру болып табылады.

Бейімделудің кезеңдерінде «Оқушының мектеп үрдісіндегі ахуалға көзқарасы» сауалнамасы арқылы баланың оқу еңбегіндегі белсенділігі, үзіліс аралығындағы мінез - құлығы, қызығушылығы, мұғаліммен қарым - қатынас сипаты көрініс береді [5, 40-41].

Оқушылардың жас ерекшелігіне қарай сыныптастарымен қарым-қатынас барысындағы дағдылы іс-әрекет жасауға, білім сапасын жетілдіруге, өзін-өзі бағалауға, тәрбиелеуге, шығармашылық деңгейін көтеру және таным белсенділіктерін дамыту мақсатында психологиялық тренингтер жоспар бойынша өткізіледі.

Рухани жетілген тұлғалардың айналасында ізгі ниет пен мақсатты көздеген адамдардың топтасуы көпшіліктің сана-сезіміне, іс-әрекетіне ізгі әсер етеді. Ел басқарған басшы да, қосшы да, ұстаз да әділ болып, өнеге көрсетсе, оны бәрі қолдайды. Сондықтан әлемдік үйлесімділікті қамтамасыз ету үшін, жан дүниесі бай адам тәрбиелеу үшін ақыл-ой, жүрек, ұждан тазалығы керек. Тәрбие қоғамдық құбылыс, онсыз ешбір қоғамның алға дамуы, өркендеуі мүмкін емес [6, 14-18].

«Тәрбиесіз берілген білім - адамзаттың қас жауы», деп әл-Фараби атамыз айтқандай, ел келешегі ұрпақ тәрбиесімен тығыз байланысты. Ол ұстаз тағылымынан бастау алады. Сонымен қоса, биологиялық жайы мен қоршаған орта да жеке адамды дамытудың факторы болып есептеледі. Осындай факторлар жеке адамның өзіндік дара ерекшеліктерінің мінез-құлқын, т.б. жан-жақты жеке қасиеттерін қалыптастырады. Демек, жеке адам айналасымен қарым-қатынастар жүйесінде бойына жағымды-жағымсыз қылықтарды жинайды.

Оқушылардың жеке тұлғалық қасиеттерін дамытуға, нық өзіндік позициясы мен көзқарасының

болуына, адамдар арасындағы қарым-қатынастарға достық, сыйласу, инабаттық көзқараспен қарауға, патриоттық сезімге, Отанды шексіз сүйеге біздің еліміздің жүйелі тарихын білудің үлкен тәрбиелік мәні бар.

Есте жоқ ескі заманнан-ақ, ұлт болашағы - ұрпақ тәрбиесі әр елді алаңдатса керек. Өйткені, ертеңін ойламаған мемлекет қашан да орны толмас өкініштерге душар болып отырды. Тіпті, ұрпақ келешегіне селқос қараудың салдарынан ұлы империялардың күйрегені де шындық. Бұған көнекөз тарих куә. Мұндай кезде даналарымыз «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» деп өнегелі өсиетін айтты.

Асылында, баланың алтын ұя - мектептен алған тәлім-тәрбиесі мен ата-анасының өнегесі ұлт келешегінде зор маңызға ие.

Қорыта келе, мектеп үшін психологиялық қызмет жұмысының мәні ерекше, әсіресе мемлекетіміздің күш қуаты дамыған заманда бала ерекшеліктеріне мән беру, дарындылығына жол ашу, дамыту, ой-өрісті өркендету кезеңі болмақ. Психологиялық қызметті жүйелі түрде жүргізудің нәтижесінде, өзін - өзі таныған адам ретінде биікке көтеріле алатын, өз ұлтының қадір - қасиетін сақтай да, ұстана білетін, өз жетістігін және кемшілігін білетін, өз жұмысын жан-жақты талдау жасай білетін, жұмыс жасау қабілеті жоғары, табандылық, ойлылық, тапқырлық қасиеттері қалыптасады.

12 жылдық мектептің бастауыш сынып түлегінің моделі

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Республикалық ғылыми-тәжірибелік журнал № 2 /14/ март, апрель 2009, 97-98 б.
2. С. Балтаұлы Бап-Баба Жантану негіздері. - А., 2007, 125 б.
3. Мектептегі психология № 1, 2007, 40-41 б.
4. Намазбаева Ж.И. Психология. - А., 2005, 20-21 б.
5. Ұзақбаев С.Тамыры терең тәрбие. - А., 1995, 14-18 б.

ӘОЖ 37.026.8

## **ҚАЛЫПТАСТЫРУШЫ БАҒАЛАУ-БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ**

**О. С. Аушакимова**

*№25 қазақ қыздар гимназиясының биология пәні мұғалімі, Екібастұз қ.*

*Вданной статье рассматриваются пути повышения качества знаний и профессионализма педагога через применение формативного оценивания в учебном процессе.*

*The improving of quality of student` knowledge and professionalism of a teacher through the using of formative assessment in the learning process.*

Білім жүйесін қалыптастырудың негізі – оқыту. Оқытудың нәтижесінде үлгерім сапасы мен білім сапасын анықтаймыз. Білімді дәстүрлі бағалау оқушылардың оқуға қызығушылығын, белсенділігін жеткілікті деңгейде көтере алмайды, көпшілігінің танымдылыққа деген қажеттілігін төмендетіп және табысты оқуына деген үмітін жояды. Мектеп бағдарламасын толық меңгере алмауына соқтырады. Осындай бағалау арқылы мұғалімдер тарапынан сырттай міндеттеу, қысым көрсетілгенмен, оқушының ішкі қабылдауы өзгерте алмайтынымыз белгілі. Неліктен бағалау жүйесіне өзгеріс керек? Себебі дәстүрлі бағалау жүйесі өзін-өзі бағалауға және бақылауға мүмкіндік бермейді, яғни тұлғаның өзін-өзі жетілдіру және дамытуын тежейді. Сондықтан да бақылау және бағалау білім нәтижесінің сапасын жан-жақты көрсете алмайды. Қазіргі таңда еліміздегі Кембридж университетінің дайындаған бағдарламасы қазақстандық мұғалімдерге әлемдік стандарт деңгейінде оқытуға жаңа бағыт, әдіс-тәсілді ұсынып отыр. Әлем тәжірибесі

бойынша егер мұғалім кәсіптік шығармашылық құзіреттілігін арттырып отырса, күнделікті кәсіби және әлеуметтік өмірде әр түрлі мәселелерді өз бетінше шеше алатын, өзін жетілдіре алатын кездескен жағдайларды және өз мүмкіндіктерін нақты бағалай білетін, көп функционалды құзыреттіліктерге иелеген тұлға бойында білімнің жаңа сапалық деңгейін қамтамасыз етуге жағдай туады. Әлемдегі өзгерістерге сәйкес құндылықтар мен білім маңызын қайта қарауды қажет етеді. Өзгеріс енгізу үшін өзім жұмыс істейтін мектебімнің бастапқы жағдайын анықтадым. Талдау нәтижесінде анықталған өзгеріс енгізуге негізгі себептер: «Алтын белгінің» өз бағасын растай алмауы, оқушылар білімінің бір жақты бағалануы, оқыту үшін бағалаудың пайдаланбауы, оқушылармен пікірлесу барысында 30% оқушылар бағаларына риза болмауы өзекті мәселері анықтауға ықпал етті. Осы мәселелерді қортындылай келе, бір жақты бағалау, сыртқы бақылауға сәйкес келмеу мәселелері анықталды. Сонымен қоса, алдымыздағы міндеттерінің бірі оқушының білімін ғана бағалаумен шектелмей, оқушыны жан-жақты дамыту керекпіз. Осы жинақталған мәліметтерді зерделеген кезде нені өзгерту керектігі анықталды.

Анықталған деректер негізінде мектепті дамыту жоспарының бағыты анықталып, жаңалық ретінде оқытуда жаңа бағалау әдіс- тәсілдерін енгізу қажеттілігі туындайды. Сол себептен мектептің даму жоспарының басымдықтары «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» стратегияларын оқыту үдерісінде пайдалану болып анықталды. Дамыту жолдарын зерделеу арқылы мектептің құндылықтарын ескере отырып, өзгеріс енгізу бойынша мектептің даму бағдарламасы жоспарланды.

Осы бағыт арқылы мұғалімдердің бағалау байланысты көзқарастырын өзгерту және бағалауды оқушылардың өзін-өзі реттеуін арттыруына ықпал етеді. Бағалау жаңа тәсілдері оқушылардың қарым-қатынасын, өзін-өзі реттейді және оқу нәтижесінде ынтасын арттырады. Сондықтан басты өзекті тақырып: «Қалыптастырушы бағалаудың өзін-өзі реттеуге әсері». Мақсат – бағалаудың жаңа әдістерін пайдалана отырып, оқушылардың қарым-қатынасын, өзін-өзі реттеуге және оқу нәтижесінде ынтасын арттыру. Мақсатқа жетуді және күтілетін нәтижелерді анықтау үшін табыс критерийлері құрылды. Пән мұғалімі ретінде бағалау нысандарын қолдану мұғалімдердің кәсіби деңгейінің өсуіне әсер етеді. Қалыптастырушы, жиынтық бағалауға байланысты түсінігін кеңейту. Қалыптастырушы бағалауды нысандарын, бағалау критерийлерін құрастыру дағдыларын игеру, білім беру үрдісінде және талдау құралы ретінде пайдалану.

Оқушылар оқу нәтижесінде және сабақтың критерий құра біледі, табысты болуына әсер ететінін біліп, топта бірін-бірі тыңдайды, өз ойларын ашық айта алады, бірін-бірі сыйлайды, жұмысын өзінің және бір-бірінің жұмысын бағалау алады. Өзінің дербес ойлануын, түсінігін, тәртібін бақылайды және бір-бірінің іс-әрекеттерін бақылай, қадағалай алады, оқудағы қиындықтарын ажыратады, бағалау арқылы өзін-өзі реттейді. Білім беру саласына енгізіп отырған жаңа бағыт мектептің сұранысын қанағаттандыра алатынына сенемін. Ол үшін даму жоспарын іске асыру, тәлімгерлік, іс-әрекеттерді зерттеу, нәтижеге жеткізетін пайдалы ақпарат беретін материалдар жинап, үздіксіз ізденуімді қажет етеді. Ұстаздар да өзгеріс енгізу қажеттігін түсініп, сонымен бірге, өзінің осы үрдіске қатыстылығын көрсетті. Осы өзгерістерді іске асыру үшін мектептің даму жоспары жасалды. Мектептің орта мерзімді жоспарында зерттеудің бағыттарын анықталып, күтілетін нәтижелерді болжау арқылы, мектеп мәселелерінің шешу жолдарын қарастырылды. Даму жоспарды мұғалімдердің іскерлігінің дамуын жетілдіру бойынша атқарылатын жұмыс түрлері, іске асырушылар, міндеттері, мерзімі айқындалды. Жоспарды жүзеге асырудың кезеңдік, қадамдық мүмкіндіктерін қарастырып, жоспарланды. Жоспарда стратегиялық дамудың тиімді жолын қарастыру, мақсаты нәтижелі болу үшін ыңғайлы тәсілдерін іздестіруге бағытталған. Бағдарламалық жоспарды іске асыру мүдделі адамдар анықталып, олардың арасында жоспарды әзірлеу талқыланды. Мектептің даму үрдісін іске асыру барысында жоспарда анықталған басымдылық бағытын коучинг пен тәлімгерлік жүзеге асырады. Мақсатқа және күтілетін нәтижелерге коучи мұғалім арқылы жетуді жоспарланды. Іс-әрекеттерді зерттеу арқылы, коучинг үрдісі ұстаздардың өз кәсіби шеберлігін арттырып, жақсартуға, жетістікке жетуге, мүмкіндік береді. Осы бағытты іске асыру барысында оқытуды жақсарту үшін бағалауды мақсат етіп мұғалімдерге қажетті деңгейде теориялық білім беріп, қазіргі талаптарға сай педагоглық кәсіби іскерлікті дамыту қажет. «Мұғалім өз мектебіндегі әріптестеріне қажетті дағдылар мен болашаққа деген көзқарастарын дамытуға көмектесу үшін оларды бағыттап және белсенді ынталандырып

отыруға мүмкіндік алу мақсатында коуч мұғалімге көмек көрсетті. Бұл ретте мұғалімдерге мақсат етілген нәтижеге қол жеткізу үшін тәжірибесі аздау әріптестерімен жүргізілетін жұмысты болжау және жүргізу мақсатында, ол жұмысқа арқау болатын тақырыпты алдын-ала анықтай алу қабілетін дамытуға көмектесуге басты назар аударылмақ» [Мұғалімдерге арналған нұсқаулық, 22-бет]. Менің мектебімде осы өзгерістерді енгізуде әріптестерімнің, жоспарды іске асырушылар фокус топтар сертификатталған мұғалімдер, мұғалімдер қауымы, психолог, әкімшілік, оқушылар қолдауына сүйендім. Өзгерісті іске асырушы әріптестеріме ізденіссіз қызмет қажетсіз екендігіне көздері жеткізілді. Білім сапасы ұстаздар қызметінің сапасымен тікелей байланысты. Қазіргі кезде мектепке шығармашыл, өз жұмысын рефлексиялай алатын, жаңаны іздеп оқушыны дамыта алатын мұғалім қажет. Өзін өзгерте алатын мұғалім ғана өзгеріс енгізе алады.

Олармен коучинг сабақтары әдістемесінің әзірлемелерін дайындау, коучинг тәлімгерлік арқылы іске асырылды. Анықталған проблемалық бағыт бойынша әріптестер арасында бірнеше коучинг сабақтарын тақырыптарын анықтап, жұмыс істеу тәртібін өткізу жоспарланды. Коучинг үрдісі туралы теориялық білімдерімен таныса отырып, жұмыс істеудегі тиімді жақтарын меңгеру ең негізгі мақсат етіп белгіленді. «Оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау» модулімен таныстыру және тәжірибелеріне бағалау құралдарын енгізу қажеттігін түсіндіру мақсатымен «Өзін-өзі, өзара бағалау, топтағы жұмысты бағалау нысандары» тақырыптарында коучингтер өткізілді. Мақсаты - өзін-өзі, өзара бағалау нысандарымен таныстыру және тәжірибелеріне бағалау құралдарын енгізу қажеттігін түсіндіру. Оқыту нәтижесінде мектепте кездесетін «бағалауға» қатысты мәселелерді анықтап, формативті және жиынтық бағалаудың айырмашылығын түсініп, өзін-өзі, өзара бағалау, топтағы жұмысты бағалау үшін құралдардың қолдана білуді үйренді.

Мақсатқа жету және күтілетін нәтижеге жету үшін табыс критерийлері анықталды. Коуч пен коучингқа қатысушылар арасында түсінушілік орнату, өткізілген коучинг қатысушылардың кәсіби шеберлігін арттыруға мүмкіндік жасау, сенімділік пен тығыз жұмыс жасауға жағдай туғызу, қатысушылар алған тәжірибелерін сабақта қолданудың жолын таба білуі керек.

Коуч табыс критерийлері белгіленді: мұғалімдердің дамуына үздіксіз кеңес беру, педагогтың көшбасшылық қасиеттерін қалыптастыру, кері байланыса отырып әр қатысушының пікірін білу арқылы, коучинг, менторинг, желілік қоғамдастық ұғымдарын жетілдіру. Нәтижесінде бағалау нысандарын ажырата алды, олардың оқу үрдісінің, қалай табысты болуына әсер ететінін білу, практикада бағалау құралдарын қолдана білуді үйренді.

Мектепке өзгеріс енгізу барысында келесі қадамында және бағалаудың формативті әдістерін сабақта енгізу болды. Нәтижесінде жоспар мазмұнына сәйкес нәтижеге бағытталған жеті модульді қамтылып бағалау әдістерін қолдана отырып сабақтар жоспарланып, ұйымдастырылды.

Сабақтар барысында мұғалімдердің оқушыларды сыни тұрғыдан ойлауын дамытатын түрлі стратегиялар мен әдіс түрлерін қолданудың тиімділігі туралы, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау, бағалаудың түрлері туралы, оқыту мен оқуда ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдалану деңгейі жақсы көрсетілді. Оқытуда оқушылардың сандық сауаттылықтарын арттыру, жаңа технологиялар, компьютер, интернет т. б. жұмыс жасауға баулу түрлері, талантты және дарынды балалармен жұмыс түрлерін, оқушыны анықтау, оларды дамытатын тапсырмалардың т. б. қамтылуы, оқушыларды жас ерекшелігіне сәйкес оқыту, оқу барысында сыныпта жасы кіші оқушыны анықтап, жас ерекшелігіне байланысты тапсырмаларды беріліп, оқушымен жекелей жұмыс жасауға, оқытуды басқару және көшбасшылықты дамытуға бағытталды. Шағын топтарда жұмыс жасату арқылы көшбасшылықты анықтау, оқушыны көшбасшылыққа жетелеу, баланың көшбасшылығын көре білу, үлкен топтарға көшбасшылыққа ұмтылуға бағыттау және оқытуда мұғалімнің көшбасшылығы артты. Соңында әдістемелік кеңесте бағалау әдістерінің оқушы үлгеріме әсері қарастырылды. «Не бағаланды? Қалай бағаланды? Кімге әдістемелік көмек керек? және кімнің көмегі керек» сұрақтары бойынша қарастырылып, сол бойынша жоспар құрылды.

Қорытындылай келе, оқыту үшін бағалау және оқуды бағалау стратегияларын оқыту үдерісінде қолданып, қалыптастырушы және жиынтық тиімді жолдарын меңгертуді басшылыққа алынып жоспар бойынша жүгізу нәтижесінде сабақтарды жақсы және үздік бағалар байқалды. Осы бағалауды қолдана отырып әр баланың білім білік дағдыларының қалыптасуы және дамуы, адамгершілік сапалары, жауапкершілі туралы толық жан-жақты бақыланып бағаланады.

Оқушының білімі мұғалім тарапынан ғана бағаланып қоймай, өздері де бағалауға қатысып, оқушының өзіндік құндықтарын қалыптастырады, табысты болуға жетелейді. Бағалаудың жаңа әдістерін енгізу, ұжымның кәсіби шеберлігін арттырып, оқу сапасын арттыру қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қажет.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. ҚР педагог қызметкерлерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы. I деңгей (ілгері) Екінші басылым, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2012.
2. Мектептегі тәжірибе кезеңінде орындауға арналған тапсырмалар I деңгей (ілгері) Екінші басылым, «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ, 2012
3. «Методические рекомендации по контролю и оценке результатов обучения учащихся экспериментальных классов» Астана -2003

УДК 37.026.9:(811.161.1+821.161.1)

## РАЗВИТИЕ КРИТИЧЕСКОГО МЫШЛЕНИЯ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА И ЛИТЕРАТУРЫ

**О.Ш. Байшуакова**

*учитель русского языка и литературы  
казахской женской гимназии №25, г.Екибастуз*

*Бұл мақалада орыстілі мен әдебиеті сабақтарында сын тұрғысынан оқылау технологиясын пайдалана отырып, оқушылардың интеллектуалдық және коммуникативтік қабілеттерін дамыту туралы айтылған*

*In this article refers to the application of technologies critical thinking at Russian lessons for the development of speech.*

В мудрых словах предков отмечалось, мы всегда преклоняемся перед прошлым, стремимся к будущему. Изменилось время, изменились ученики и учителя. В наш век бурного развития высоких технологий педагог, бесспорно, должен обладать рядом знаний и умений, необходимость которых продиктована самим временем; должен соответствовать реалиям дня: владеть компьютером, мобильно использовать интерактивную доску и многое другое. Но самое главное остается: Современный педагог во все времена обладает теми качествами, которые выделяют его среди остальных членов общества. Ни одна профессия не ставит таких строгих требований относительно моральной чистоты и душевного благородства. Настоящие учителя – это всегда пассионарии, способные зажечь и повести за собой.

Сегодняшние дети - это будущее государства. Только счастливые, с чувством собственного достоинства педагоги могут воспитать таких же учеников.

Республика Казахстан – многонациональное государство. В силу исторически сложившейся необходимости на территории республики русский язык используется в качестве языка межнационального общения. Как показывает практика, русский язык как школьный предмет, к сожалению, не у всех пользуется популярностью.

Передо мной, как учителем, встают проблемы: Как учить в век информатизации человека будущего? Чему учить, чтобы знания, полученные на уроках, помогли ученику стать конкурентоспособной личностью? Как повысить качество обученности школьников? Внедрение элементов образовательных технологий предусматривает сочетание различных форм работы. При обучении русскому языку необходимо сформировать у учащихся коммуникативную и интеллектуальную потребность в восприятии, осмыслении и употреблении слов этого языка,



создавать такие ситуации, при которых у них возникало желание говорить на изучаемом языке. В поисках решения этих проблем и складывается система моей работы. Для достижения поставленных целей и реализации творческого потенциала учеников, я использую на уроках разные методы и приемы работы критического мышления.

Критическое мышление - это мышление открытое, рефлексивное, не принимающее догм, развивающееся путем наложения новой информации на жизненный личный опыт. Характерными, устойчивыми особенностями развитого критического мышления являются оценочность, открытость новым идеям, целостное рассмотрение ситуации, стремление к разносторонней осведомленности, поиск альтернатив, выбор точки зрения, позиции (а также ее изменение при наличии достаточных оснований), склонность к применению навыков критического мышления в жизни.

Наиболее эффективными считаю следующие:

- мозговая атака;
- написание рассказа по ключевым словам;
- органайзеры;
- ДДЗ (дневник двойной записи);
- синквейн – пятистишие;
- инсерт – метод;
- диаграмма Вена;
- письмо герою;
- создание небольших собственных высказываний;
- воспроизведение готового текста;
- упражнения творческого характера;
- использование алгоритмов в работе над ошибками.

Использование отдельных элементов с учетом реальных возможностей дает возможность проверить эффективность различных форм организации учебного процесса, убедиться в плодотворности новых идей. Применение элементов критического мышления на уроках развития речи продуктивно тем, что учитываются индивидуальные особенности учащихся, создаются условия для творческой работы. Применяя стратегии критического мышления, можно добиться следующего:

- вызвать интерес (задаются вопросы);
- дать толчок для осмысливания учебного материала (поиск ответов, исследование);
- задать рефлексии (размышление, закрепление прошлых знаний с учетом новой информации)

При всем многообразии определений критического мышления можно увидеть в них общий смысл, который отражает оценочные и рефлексивные свойства мышления.

Вот, например, как мы работаем над текстом.

Читаю текст. Учащиеся внимательно слушают и делают на полях соответствующие их знаниям пометки, используя инсерт – метод. Инсерт - это прием такой маркировки текста, когда учащиеся значками отмечают на полях то, что известно, что противоречит их представлениям, что

является интересным и неожиданным, а также то, о чем хочется узнать более подробно.

Маркировка текста производится с помощью специальных значков:

! -- Я это знал.

+ -- Новое для меня.

- -- Вызывает у меня сомнение.

? – удивляет меня, хочу узнать больше

По пометкам учащиеся высказывают свои мысли.

Инсерт – метод является прекрасным руководством в этой работе, т.к, позволяет учащимся активно составлять собственное понимание по прочитанному. После прочтения материала организую беседу по вопросам: Что вы прочитали? Какие знания подтвердились? Какую информацию вы встретили? Какие вопросы возникли? Затем предлагаю ребятам оформить индивидуальную таблицу, с тем, чтобы распределить полученную информацию по категориям, количество граф таблицы соответствует числу значков маркировки текста. Для заполнения

таблицы учащиеся снова возвращаются к тексту. Таким образом, обеспечиваю вдумчивое, внимательное чтение. Условные значки помогают читать более внимательно, превращают чтение в увлекательное путешествие, становятся помощниками в запоминании материала. Такая работа активизирует мыслительную деятельность учеников, расширяет их словарный запас, развивает память, языковую реакцию. Язык успешно усваивается тогда, когда учащийся получает значимую для него информацию, когда текстовый материал задания вызывает интерес.

Прием ИНСЕРТ и таблица делают зримыми процесс накопления информации, путь от старого знания к новому. Важным этапом работы становится обсуждение записей, внесенных в таблицу.

Синквейн - это стихотворение, состоящее из пяти строк, написанное по особым правилам. Схема составления синквейна выглядит следующим образом: в первой строке заявляется тема или предмет (одно существительное); во второй дается описание предмета (два прилагательных или причастия); в третьей, состоящее из трех глаголов, характеризуются действия предмета; в четвертой строке приводится фраза обычно из четырех значимых слов, выражающая отношение автора к предмету; в пятой строке - синоним, обобщающий или расширяющий смысл темы или предмета (одно слово). Синквейн - быстрый, но мощный инструмент для рефлексии, поскольку он дает возможность резюмировать информацию, излагать сложные идеи, чувства и представления в нескольких словах, что отнюдь не просто. Безусловно, интересно использование синквейнов и в качестве средства творческого самовыражения. Составление синквейна является важным этапом при подготовке учащихся к написанию отзыва о прочитанном произведении.

Творческая работа. Ставится проблемный вопрос. Строится диаграмма Вена.

Следующий этап работы по развитию речи – написание письма с советами, которые вы считаете правильными и нужными в поведении и деятельности современного человека.

Развивая связную монологическую речь, важно сформировать у учащихся умение контролировать себя во время письма. С этой целью применяют алгоритмы в работе над ошибками. Они записываются в специальной тетради с целью соблюдения последовательности в работе. Усвоение алгоритмов на практике возможно лишь при выполнении письменных упражнений. Алгоритмы в работе над ошибками способствуют развитию зоркости: школьники учатся обнаруживать орфограммы по их познавательным признакам. Предлагая те или иные формы работы, учитель должен иметь в виду, что ученики должны достаточно хорошо владеть русской речью, уметь выполнять задания поискового характера, упражнения повышенной трудности.

Цель обучения - научить обходиться без учителя, - сказал Эльберт Хаббард. Самое главное - самостоятельно добывать знания, самореализоваться и социализироваться в современном мире.

Очень важно при этом умело управлять познавательным процессом, учитывая, что «управлять – не подавлять, не навязывать процессу ход, противоречащий его природе, а наоборот, максимально учитывать природу этого процесса усвоения»

Свою деятельность пытаюсь организовывать, руководствуясь этим положением.

#### **Список использованной литературы:**

1. *Идеи американских ученых Дж. Кэрролла, Б.Блума и др .*
2. *По материалам Шелли Шотт, менеджера образовательных программ для средней школы программы Intel “Инновации в образовании”, Институт компьютерных технологий, США*

## ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІ ПӘНДЕРІНДЕ ПРОБЛЕМАНЫ ШЕШЕ БІЛУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ

Г.К. Даутова

№25 қазақ қыздар гимназиясының  
қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі, Екібастұз қ.

*В данной статье рассматриваются эффективные методы, помогающие раскрывать творческие способности учащихся, способствующие развитию их речи, прививающие любовь к искусству.*

*Today, the task of every teacher is to nurture well-rounded personality. To achieve his goals he uses in his practice various techniques that reveal the learner in creativity, language development, the love to art.*

Тіл мен әдебиет – халқымыздың тарихы, қайғысы мен қуанышы, ұлтымызды биікке шарықтатар қос қанаты. Өміріміздің ащысы мен тұщысын, ыстығы мен суығын ана тілі арқылы қабылдап, ана тілі арқылы жеткіземіз.

Әдебиет - өмір айнасы десек, тіл - сол айнаны жарқыратар құрал. «Өнер алды - қызыл тіл» деп тілді ерекше қастерлеген бабаларымыздың ана тілін асқақтата аялаған дәстүрін дәріптеп үмітін ақтап, сол мұраны көзінің қарашығындай сақтау мына сіз бен біздің еншімізге тиіпті.

Қазіргі таңда жан-жақты дамыған дарынды, қабілетті, білімді тұлға тәрбиелеу әр ұстаздың мақсаты болып отыр.

Осы мақсатты жүзеге асыруға жаңа технологиялардың ықпалы мол. Жаңа технологияларды қолдана отырып, жас ұрпақтың шығармашылық қабілетін дамытып, тілге, әдебиетке деген құштарлығын арттыруға әр мұғалім өз үлесін қосуда.

Саралап деңгейлеп оқыту технологиясының жетістігі біріншіден, «қабілетті», қабілетсіз» деп жіктеп бөлуді болдырмау болса, екіншіден оқушылардың сөз шеберлігін, тіл байлығын, көркем әдебиетке деген құштарлығын арттыруда шығармашылық жұмыстардың орны ерекше.

Шығармашылық дегеніміздің өзі ізденпаздықтан туады. Бұл жерде дана Абайдың «Өзіңе сен, өзінді алып шығар» деген ұлы сөзі еріксіз ойыңа оралады. Баланың өзіне деген сенімін туғызу, өзінен шығармашылық қасиет, қабілет іздете білу, өмірден өз орнын тапқыза білу қаншалықты қиын екені түсінікті. Басқа жолға түсіп адасушылықтың негізгі себебі, ең алдымен, бір кездегі ұстаздары мен мектебінде жатқан жоқ па деген сауалдың мұғалімдерді ойлантқаны жөн.

Бұл жұмыстар жеке тұлғаның танымдық іс-әрекеті арқылы жүзеге асады. Оқушылардың дарыны мен қабілеті шығармашылық жұмыстарда көрінеді. Дарын мен қабілет сол арқылы дамиды.

Шығармашылық жұмыстар - оқушылардың бұрын кезікпеген, шешімі белгісіз сұрақтардың жауабын табуға бағытталатын оқу еңбегінің жоғарғы деңгейіндегі түрі.

Сондай-ақ көркем мәтінді оқу барысында иллюстрация, суреттер пайдалану, әр оқушының қабілетіне қарай өнерін шығару, сценарий жасату, оқыған шығармаларға, көркем суреттер бойынша пікір айтқыза білу – оқушылардың оқу еңбегін ұйымдастыру түрлері болып табылады [1.41].

Қай тақырыпқа, қай жанрға жазылсын, мұғалім бұл жұмысты жүйелі жүргізу керек. Қарапайым шығармадан күрделіге қарай бірте-бірте баулуы керек [2. 241].

Орта буындарда бірінші деңгейде мақал-мәтел, жұмбақ, сөзжұмбақтар құрастыру арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылығы артады. Екінші деңгейде мәтінді әрі қарай жалғастыру, мәтін құрастыру, ертегі, өлең жазу арқылы оқушының шығармашылығы дамиды. Үшінші деңгейде мақала, баяндама, ғылыми жұмыстар жазу арқылы оқушының стилі, жеке көзқарасы қалыптасады.

Сөйлеу компоненттерінің бес түрі оқылым, тыңдалым, айтылым, жазылым, тілдесім негізіндегі құзыреттіліктер оқушының ақпаратты қабылдау және өз ой пікірлерін қорытып шығару әрекеттеріне сүйене отырып анықталады.

Ендеше, оқылым мен тыңдалым, айтылым мен жазылым әрекеттерінде оқушылардың өз бетінше ізденуі, шығармашылық тұрғыдағы қабілеттері, дара ойлауға ұмтылысы негізінде туындайтын құзыреттіліктер қалыптастыруға мүмкіндік мол. Мұнда түрлі өмір жағдаяттарында оқушының дұрыс жол табуы, сын сәттерде өзіне тиімді шешім жасауы, өзіндік көзқарастарын, сөз әдебін сақтап жеткізе алу, ойын түсінікті әрі жүйелі айта алу қабілеттері шындалады. Біріншіден, оқушы шығармасында бұрын ешкім естімеген, сезінбеген, көрмеген тың бір нәрсе көрінуі керек. Өйткені бұл шығарма ғой. Ал шығарма жаңа шыққан өзгеше дүние емес пе? Осы жаңа тың нәрсе – шығарма мазмұнының өлшемі. Екіншіден, оқушы мазмұнды ұтқыр, көркем жеткізуі үшін сан алуан форма таба білуі шарт. Яғни жаңа метафоралар, теңеулер, көркем сөздер өмірге келуі керек. Үшіншіден, оқушыны көркем ойлауға үйрету. Сондықтан шығарма әдеби-көркем стильмен өрнектелуге тиіс.

Оқушының шығармашылық қабілетінің даму кезеңі - орта буын. Осы орта буынға арналған тапсырмаға тоқталып өтсек, деңгейлік тапсырмаларды дайындау барысында I, II деңгейдің тапсырмалары барлық класқа бірдей дайындалады да, ал III деңгейдің тапсырмалары, яғни шығармашылық тапсырмалар әр оқушының қабілет, қызығушылығына байланысты құралады.

Мысалы:

- «Морфология еліне саяхат» (мысал)
  - «Табиғат тамашалары» (монолог)
  - «Өмір толқындары» (ата, бала, немере) (ой толғау)
  - «Аспан мен жер» (диалог)
  - «Жақсылық пен жамандық» (эссе)
  - «Үзінді беріліп, оны жалғастыру
  - «Жансыз заттарды жандандыру
  - «Мына жолдардан өлең шумағын құрастыру
- |                   |                    |
|-------------------|--------------------|
| 1. ----- бүгін,   | 5. ----- ертең.    |
| 2. ----- бұл күн. | 6. ----- ер жетем. |
| 3. ----- кеше.    | 7. -----           |
| 4. ----- ендеше.  | 8. ----- не еткен. |

Сөйтіп тоқсан басында ертегі, мысал құрастырып отырған оқушы шығармашылық қабілеті дами келе ойтолғау, монолог, пікір түрлеріне көшеді.

Бұған дәлел ретінде оқушы шығармашылығынан үзінді келтіріп өтсек.

Мысалы, оқушы өз шығармасында (тақырыбы «Жылылық») Адам мен табиғатты байланыстыра суреттеу). Ана мен бала арасындағы жылылыққа тоқталып өтіп, аспан әлеміндегі түннің патшасы Ай болса, күннің патшасы Күн деп алып, ана өз махаббатын өз баласына қалай сыйласа, күннің тіршілік иелерін, жерге деген жылылығын былай суреттейді: «Күн жер жүзін айналып бәріне жылу мен қуаныш беріп, жылағанның жасын құрғатып, солғандарға нұр шашып, әбден шаршаса да жер әлемін қимай асықпай, қызара батты. Мен ертең жаңа күн туатына, оның сәтті де жылы болатынына сенемін, өйткені менің де жаным жылылық пен мейірімнен жаралған» [3. 22]. 7-класс оқушысы «Бақыт» (Мен бақытты көргім келді.) деген шығармасында «Бақыт деген сәуле ұшқыны, оны көре білген және бақытты бола алады. Ал көргісі келген, оған ұмтылып, іздеген жанға ол жолығады» дейді [3. 25].

Бұл шағын үзінділерден оқушылардың ой-қиялдарының ұшқырлығын көреміз. Жұмыс барысында, әрине түрлі кемшіліктер туып жатады. Оларды түзету үшін балалармен арнайы жұмыс жүргізіліп отырады. Оқушылардың қаламы бірте-бірте төселіп, жаттығып кетеді.

Баланың әр жетістігін көрсетіп, пәнге деген қызығушылығын өшіріп алмау бұл маманның басты міндеті. Оны шығармашылық жолдан үзбей сатылап бағытап отырудың бір әдісі - әңгіменің, ертегінің сюжетін болжап, аяқтауды оқушыға тапсыру. Мұны оқушы тапсырманы орындауға кіріскенімен қалай бастарын білмей отырғанда қолдануға болады. Үшінші деңгейдің тапсырмаларын орынды пайдалана отырып, жеке тұлғаның икемділігін арттырып, шеберліктерін шыңдайды. Оқушы жұмыстарына арналған жеке дәптерлері бар. Бұл дәптерге әр оқушы құнды дүниедей қарағандығынан талап-жігерінің, арман қиялының ұшқынын көреміз. Оқушы жұмыстарын өзін ғана бағалап қоймай әр оқушы өз шығармасын оқып басқа балалар шығарма



жайлы ой-пікірлерін айтып, класс болып бағалайды. Бұл арқылы оқушылар жұрт алдында сөйлей білуге, басқаны тыңдай білуге, жетістік –кемшіліктерін ажыратып көре білуге дағдыланады. Дарынды, қабілетті оқушыларды тани білу, қабілеттерін ұштап әрі қарай дамыту - әр маманның міндетті.

Әдебиет пәні ойлаудың, ойлатудың пәні десек, А. Рыбаков «Өз ойын жаза білу – зиялылықтың ең бірінші белгісі, жазушылық адамдардың бақылағыштық қабілетін қиялын дамытады, адамзатты өркейеттендіреді» - десе, белгілі педагог Выготский «Шығармашылық ойлау нәтижесінде жаңалық ашылады, тұлғаның дамуы жеделдейді» деген.

Шығармашылық жұмыстардың шындалуына үйірме жұмыстарының да қосар үлесі мол. Мектепте «Жас дарын» үйірмесі жұмыс істейді. Үйірме үш бағытты қамтиды.

#### «Жас дарын»

↓↓↓

1. Драмалық 2. Жас тілші 3. Жас ақын

Үйірмеде оқушылар өздері құрастырған сюжетті шығармаларына сценарий жазып, көрініс қояды. Бұдан әр тұлғаның өз жетістіктері көрінеді.

Оқушылардың еңбектеріне әңгімелер, ертегілер, өлеңдер, жұмбақтары ай сайын жарық көретін «Жалын» газетіне шығып, кейін жинақ болып, кітаптары шығуы жас таланттың әрі қарай шарықтауына жол ашады.

Бұл технология әдісін қолданудан шығатын нәтиже:

- жеке тұлға қабілетін арттырады
- пәнге деген қызығушылығын артады
- тілдері жетік, сөздік қоры дамид
- ой-пікірін толық жеткізе алады
- өзінің, басқаның жұмыстарына баға бере алады.

Жоғарда аталып өткендей саралап деңгейлеп оқыту технологиясы жеке тұлғаның шығармашылық қабілетін арттырудың негізгі кепілі. Әр оқушының қабілетін ашып, дамытуға жан-жақты жағдай жасағанда ғана көздеген мақсатқа қол жеткізуге болады.

«Тіл қаруы сөз, сөз қаруы ой. Ақылды ой, алғыр сөз – адамның ең жоғарғы қасиеті», деп Ғ. Мұстафин айтқандай шығармашылық жұмыстарды жүйелі орындаудан дарынды, ізденімпаз, ірі тұлға қалыптасады.

Шығармашылық жұмыстар – ең алдымен оқушының ізденіс еңбегі. Сол себептен де олардың мүмкіндік қалауымен санасу өте қажет. Оқушы қандай дарынды, терең білімді болса да оны мұғалім тарапынан бағыт-бағдар бере отырып, жетелеп отырудың маңызы зор. Сондықтан да оларды жетелеу, қиындыққа кезіктірмеу – мұғалімнің басты міндеті. Осы мақсатта бір ғана жұмыс түрімен шектелмей, бір тақырыптың өзінде бірнеше жұмыс тапсырмаларды ұсыну тұлғаның шығармашылық қабілетін дамытудың өнімді бір тәсілі болып табылады. Міне, бүгін үшінші деңгейдің шығармашылық жұмыстарына берілетін тапсырмалардың бірі - шығарма жұмыстарына тоқталып өттік. Біздің оқушылар әлі талай шығармашылық биіктерден көрінетініне сеніміміз зор. Оған саралап оқыту технологиясының қосар үлесі шексіз.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. Құрмалас сөйлемдерді оқытуда шығармашылық жұмыстарды жетілдіру. Қазақ тілі мен әдебиеті. Ш.Ерғожина - А.№ 4 , 2007.
2. Әдебиетті оқыту әдістемесі Қ. Бітібаева.А., «Рауан» 1997.
3. Даутова Г. Шығармалар жинағы. «Мектеп» 2007.
4. Рахметова. А. Қазақ тілін оқыту методикасы. «Ана тілі», 1991.
5. Қадашева Қ. Қазақ тілі: оқытудың тиімді әдістемелері.. А., 2000.
6. Қазақ тілін әдебиетпен байланыстыра оқытуда шығармашылық жұмыстар арқылы тіл дамыту технологиясы. Жанабілова. П.ғ.к.дисс.автореф. А.,2005.
7. Даутова Г. Жас дарын әлеміне саяхат..Екібастұз қаласы, 2011.

## МҰҒАЛІМНІҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІ - НӘТИЖЕЛІ БІЛІМ БЕРУДІҢ НЕГІЗІ

**А. Б. Жангурова**

*№25 қазақ қыздар гимназиясының  
тарих және география пәні мұғалімі, Екібастұз қ.*

*В статье рассмотрены применяемые на уроке эффективные методы и приемы технологии.*

*In the article used the useful technologies conducting of a newer lesson.*

Бүгінгі шәкірт - ертеңгі ел тізгінін ұстар, мемлекетіміздің болашағы. Жас ұрпақтың жаңаша ойлауына, олардың біртұтас дүниетанымының қалыптасуына, әлемдік сапа деңгейіндегі білім, білік негіздерін меңгеруіне ықпал ететін жаңаша білім мазмұнын құру - жалпы білім беру жүйесіндегі өзекті мәселенің бірі.

Қазақстан Республикасының 12 жылдық білім беру тұжырымдамасында педагог кадрлардың кәсіби - тұлғалық құзыреттілігін қалыптастыру басты мақсат екендігін атай келе, 12 жылдық білім беруде педагог төмендегідей құзыреттіліктерді игеруі міндетті деп көрсетілген:

1. Арнайы құзыреттілік - өзінің кәсіби дамуын жобалай білетін қабілеті.

2. Әлеуметтік құзыреттілік - кәсіптік қызметімен айналысу қабілеті.

3. Білім беру құзыреттілігі - педагогикалық және әлеуметтік психологияның негіздерін қолдана білу қабілеті.

Мұндай құзырлылықтың қатарына мыналар жатады:

- бағдарлы құзыреттілік (азаматтық белсенділік, саяси жүйені түсіну, баға бере білу, елжандылық, т.б);

- мәдениеттанымдылық құзыреттілік (ұлттық ерекшеліктерді тани білу, өз халқының мәдениеті мен өзге ұлттар, әлем мәдениетін салыстыру, саралай білу қабілеті);

- оқу-танымдық құзыреттілік (өзінің білімділік қабілетін ұйымдастыра білу, жоспарлай білу, ізденушілік-зерттеушілік әрекет дағдыларын игеру, талдау, қорытынды жасай білу);

- коммуникативтік құзыреттілік (адамдармен өзара қарым-қатынас тәсілдерін білу, мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілінде, халықаралық қатынаста шетел тілінде қатынас дағдылары болуы);

- ақпараттық-технологиялық құзыреттілік (ақпараттық технологиялармен, техникалық объектілер көмегімен бағдарлай білу, өз бетінше іздей білу, таңдай, талдай білу, өзгерте білуді жүзеге асыра білу қабілеті);

- әлеуметтік-еңбек құзыреттілігі (әлеуметтік - қоғамдық жағдайларға талдау жасай білу, шешім қабылдай білу, түрлі өмірлік жағдайларда жеке басына және қоғам мүддесіне сәйкес ықпал ете білу қабілеті);

- тұлғалық өзін-өзі дамыту құзыреттілігі (отбасылық еңбек, экономикалық және саяси қоғамдық қатынастар саласындағы белсенді білімі мен тәжірибесінің болу қабілеті) [1].

Аталған құзыреттілік қасиеттерді тұлға бойына дарытуда педагог қауымның арнайы әлеуметтік білім беру құзыреттіліктерінің жан - жақты болуы талап етіледі.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп - үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, өзін-өзі ұстауы - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі - педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. Нарық жағдайындағы мұғалімге қойылатын талаптар: бәсекеге қабілеттілігі, білім беру сапасының жоғары болуы, кәсіби шеберлігі, әдістемелік жұмыстағы шеберлігі.

Бұл міндетті тек кәсіби білімі жетік, құзыретті, бәсекеге қабілетті ұстаздар ғана атқара алады.

«Құзырлық» сөзі туралы қазақ тілі терминдерінің салалық ғылыми түсіндірме сөздігінде: «құзыр (компетенция) - жалпы алғанда қайсыбір тапсырманы орындауға қабілеттілік немесе бір нәрсені жасау» деп берілген

«Құзырлық - тек кәсіби білімі емес, тұлғаның жалпы мәдениеті мен шығармашылық әлеуетін дамыту қабілеті» - деп түйіндейді белгілі оқымысты Т. Г. Браже. Сондықтан бүгінгі ұстаз тек кәсіби білімін толықтырып қана қоймай, үнемі шығармашылықпен жұмыс жасауы қажет.

Білім беру жүйесіндегі негізгі талап - сабақта білім берудің жаңа технологиясы әдістерін қолдана отырып, оқушыларды өздігінен шығармашылықпен жұмыс істей алатын деңгейге жеткізу. Соңғы кезде мектеп оқушыларының оқу пәндеріне деген қызығушылығы мен белсенділігі әртүрлі себептерге байланысты біршама төмендеп барады. Осы орайда, мұғалім тиімді технологияларды сабақ үрдісінде тиімді қолданғаны дұрыс. Әдіс-тәсілдер арқылы өткізілген әрбір сабақ оқушылардың ойлауын және қиялына негізделіп келеді, баланың тереңде жатқан ойын дамытып оларды сөйлетуге үйретеді [2].

Жаңа педагогикалық технологиялардың ерекшелігі - өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамыту. Инновациялық білімді дамыту, өзгеріс еңгізу, жаңа педагогикалық идеялар мен жаңалықтарды өмірге әкелу. Бұрынғы оқушы тек тыңдаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы - өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

Қазіргі кезде білім беру үрдісінде 50-ден астам технологиялар қолданылады. Соның ішінде «Сын тұрғысынан ойлау» технологиясын басшылыққа ала отырып, СТО технологиясы мен білім жетілдіру тақырыбы бойынша зерттеу жұмысы қолға алынды.

Сол себептен бүгінгі таңда алда тұрған проблема: оқу үрдісінде оқушылардың білімін бағалаудың жеткіліксіз болуы.

Зерттеу жұмысының тақырыбы: «Сын тұрғысынан ойлау технологиясының әдістерін сабақ үрдісінде қолдана отырып, оқушылардың білімін рейтинг арқылы бағалау».

Мақсаты: сабақ үрдісінде сын тұрғысынан ойлау технологиясын пайдалана отырып, рейтинг бағалауының әдіс-тәсілдерін білу, қолдану.

Міндеттері:

- 1) СТО технологиясының әдіснамалық негізін білу;
- 2) СТО технологиясының әдістерін оқып үйрену;
- 3) Рейтингтік бағалау жөнінде әдіс-тәсілдермен танысу;
- 4) Сабақ үрдісінде рейтинг - рангті қолдану;

Болжамы: егерде рейтинг - ранг арқылы оқушылардың білімін бағалай алса, олардың пәнге деген қызығушылығы оянар еді.

Әдістері:

- Әдебиеттермен, интернет материалдарымен танысу;
- Статистикалық мәліметтерді жинақтау;
- Салыстыру, зерттеу, жалпы жинақтау.

Кезеңдері: диагностикалық, болжам, ұйымдастыру, практикалық, жинақтау, қолдану, тарату, қорытынды.

Өздігінен жұмыс жасау дәрежесі мен жаңашылдығы: оқушылардың рейтингтік бағалауын сабақ үрдісінде қолдану.

Әдістері: өзін-өзі бағалау, рейтинг әдісі, модельдеу әдісі.

Нәтиже: география пәнінің тараулары бойынша 6-7-класс оқушыларының рейтингтік бағалауын жасау.

Зерттеу жұмысының құрылымы: ғылыми жоба кіріспе, екі тараудан тұратын зерттеу бөлімінен, қорытындыдан және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады.

Практикалық қолдану. Сынып, тәрбие сағаттарында, география пәнінен факультатив, элективті курстарда, тарих сабақтарында қолдануға болады.

Сын тұрғысынан ойлауды дамыту күрделі ойлау процесі болып келеді. Сыни ойлау ақпарат алудан басталып, қаралатын мәселеге байланысты шешім қабылдаудан аяқталады. Сыни ойлау кез келген жас аралықтарына тән. Сыни ойлау күрделі үрдіс болғандықтан, оқушыға сыни ойлау ортасын жасау қажет.

Ол ортада оқушы:

Ойлауға үйренуге;

Өзара пікірлерімен санаса біледі;

Әр оқушыда сын тұрғысынан ойлау қабілетінің бар екендігіне сенеді;

Еркін жұмыс істеуге мүмкіндік береді.

Сын тұрғысынан ойлау қалыптасқан ортада оқушы:

Нақты мақсат қоюға дағдыланады;

Өзіне деген сенімді артады;

Оқу процесіне белсенді қатысады;

Жолдастарының пікірін сыйлайды;

Өзін толғандыратын, проблемалық сұрақтар қоя біледі;

Айтылған жауаптарының құндылығы жоғары болады және алуан түрлі жауап бере алады;

Сараптауға, бағалауға дағдыланады;

Пәнге деген қызығушылығы артады;

Бұл жағдайда жүзеге асыруға бізге көмекке СТО стратегиялары келеді.

Мәтінмен жұмыс істеуге арналған стратегиялар: Жигсо, Жигсо-1, Инсерт, ойланып оқу стратегиялары арқылы оқушы тек қана жаңа ақпарат алып қана қоймайды, ол тақырыптың негізгі түйінін жасап, тақырып бойынша ой қозғап, өз бетімен білім алуға белсенділігі артады, өз пікірін ортаға салады. Оқушылар топпен жұмыс жүргізуге дағдыланады.

Жазбаша стратегиялар: еркін жазу, 5 минуттық эссе сияқты стратегиялар арқылы оқушы берілген тақырып бойынша өзінің пікірін, ойын, аргументтерін жазады.

Керек кезінде тақырып бойынша ұсыныстар жасап, болжау жасауға мүмкіндік береді. Басқа пікірлерді сынға салады. ЕТЖК - үлкен мәтіннен негізгі түйінді жазады. Оқушыны осы стратегиялар арқылы өздерінің танымдылық құзырлығын дамытады.

Пікірталасқа арналған стратегиялар: Кубизм, бұрыш, болжау таблицасы, семантикалық карта, жұппен ой бөлісу стратегиялары арқылы оқушылар өзара пікірталас, диспут жүргізу арқылы өз ойларын айту, оны дәлелдеуге үйренеді, басқалардың пікірін тындай біледі. Топпен, жұппен, жеке жұмыстар жүргізу барысында өзара қарым - қатынаста болды. Оқушылардың шығармашылық құзыреттілігі артады [3].

Көп деңгейлі сұрақтар:

Нақты сұрақтар - белгілі бір формула, анықтамаларға арналған сұрақтар.

Сұрақ баға - бағалау - белгілі бір мәселе бойынша шешім қабылдауды немесе өз пікірін айтуды талап етеді.

Қосымша сұрақ белгілі проблеманы шешу, зерттеуді талап етеді.

Сараптау сұрақ оқушыға жаңа мағлұматты қолдана отырып сыни жауап беруді талап етеді.

Оқушылар осы типтегі сұрақтарға жауап іздей отырып, өздерінің бұрынғы білімі мен жаңа алған білімдерін қолдау арқылы өздерінің пікірлерін, ұсыныстарын айтады. Осы стратегиялар арқылы оқушының белсенділігі артып коммуникативті, әлеуметтік құзіреттілігі артады [4,5].

Зерттеу жұмыстың нәтижесінде: СТО технологиясы бойынша материалдар жинақталды. География пәнінен 6-11-сыныптарға арналған күнделікті - тақырыптық сабақ жоспары, 6-7-сыныптарға рейтинг-ранг бойынша сынақ кітапшасы мен тапсырмалары, 10-сыныпта «Павлодар өңірінің географиясы», 11-сыныпқа «ТМД елдерінің географиясы» авторлық арнайы элективті курс бағдарламасы мен ОӘК құрастырылып, рецензияланды. 6-11-сыныптарға деңгейлік тапсырмалар мен тест жинақтары құрастырылды. 12 жылдық білім берудегі 7-8-эксперимент сыныптарына «Материктер мен мұхиттар географиясы» курсына арналған 50 флипчарттық сабақ үлгілері құрастырылып, сабақ үрдісінде қолданылып өз жемісін беруде.

Қорытындылай келе, әр ұстаз - ХХІ ғасыр мұғаліміне сай болу үшін ізденімпаз ғалым, нәзік психолог, жан-жақты шебер, тынымсыз еңбекқор, терең қазыналы білімпаз, кез-келген ортаның ұйытқысы болу керек.

Ежелгі грек материалісі, философ Демокрит айтқандай, «Еңбек үздіксіз үйренгендіктің арқасында жеңілдей түседі». Олай болса, жас ұрпаққа үйретері мол аға ұрпақтың ісі өрге жүзіп, еңбектері үстем болсын.

Мұғалім. Бұл адамның ардақты аты,



Білімдік бар биікке шығар саты.

Ең алғаш басталады осы адамнан,

Сүйеді сондықтан да жақын, жаты...

Бар ғалым, барлық қоғам мұғалімді,

Сыйлайды мәңгі бақи беріп төрін, - деп, Сәбит Мұқанов айтқандай, үнемі сыйлы, қадірлі, сүйікті болып, шәкірттерімізді білім нәрімен сусындатып, белестерге жете берейік. Сондықтан баланы жеке тұлға ретінде өздігінен дамуға итермелеуіміз керек. Себебі жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білім алу арқылы өз бетінше дамуын қойып отыр. Бұл мақсатқа жетуде өз бетінше жұмыстардың алар орны ерекше.

Осындай биік нәтижеге қол жеткізуді кәсіби құзіреттілігі жоғары мұғалім ғана жүзеге асырмақ.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ташенова А. Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту. //Білім-Образование. 2006, №2, 15-18 б.

2. Қабдешова Ә. Сын тұрғысынан ойлау // Қазақ тілі мен әдебиеті. №10, 35- 45 б.

3. Симонов В.П. Педагогический менеджмент. Москва, 1997, «Вестник образования» №6, 2002, 55б.

5. Ақитбаев Е.Т. «Жеке тұлғаның шығармашылық дарындылығын дамыту жолдары». 2006, 15 б.

ӘОЖ 37.04:93

## БЕЙІНДІ ОҚЫТУДАҒЫ ТАРИХТЫҢ САБАҒЫНЫҢ РӨЛІ

**Т.Қ. Қаржасбаев**

*№25 қазақ қыздар гимназиясының тарих пәнінің мұғалімі, Екібастұз қ.*

*В данной статье указывается роль и значение истории в профильном обучении.  
Role and meanind of history in differentiated teaching is stated in this article.*

*«Біз - тәуелді болып, еңбектеп, басымызды иген халықпыз. Тізерлеп отырған да халықпыз. Біз халқымызға мынаны түсіндіруіміз керек: тіземіз ендігі жерде ешкімге бүгілмейді, бұдан былай ешқашан еңкеймейміз де. Тік тұрған қалпымыз бойынша Тәуелсіздігімізді сақтап қалу үшін біз жанымызбен, тәнімізбен қызмет етеміз, тіпті сол үшін жанымызды пайда қылуға дайынбыз деп өзімізді де, жастарды да тәрбиелеуіміз керек»*

**Н.Ә.Назарбаев**

Елбасы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында басты басымдылықтардың қатарына осы заманғы білім беруді дамыту да аталып, бұл саладағы реформа Қазақстанның бәсекеге нақтылы қабілеттілігін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аса маңызды құралдарының бірі ретінде қарастырылады. Мемлекет басшысы бүгінгі жастарды еліміздің ертеңі санап, олардың алдына орасан зор міндеттер жүктеп отыр.

Жалпы негізгі білім беретін мектептің функционалдық қызметінің басым бағыттары оқушылардың ғылымдар жүйесінің негіздерін меңгеруі, олардың бойында тұлғааралық және этникалық, топаралық қатынастар мәдениетін, жеке тұлғаның өзін-өзі айқындауы мен кәсіптік бағдарларын анықтау қабілетін қалыптастыру болып табылады. Үздіксіз білім беру жүйесінің осы сатысында оқытылатын негізгі пәндер жүйесіндегі тарихтың орны анықтау мектебі болып табылады.

Тарих-мектептегі оқу пәні ретінде жалпы негізгі білім беретін мектептегі барлық гуманитарлық және қоғамтанушылық курстардың өзегін құрайды. Тарих ұлттық өзіндік сана-сезімді және адамгершілік-этикалық нормаларды қалыптастыра отырып, негізгі мектептің жаратылыстану-математикалық және технологиялық циклдағы оқу пәндерін оқытудың дүниетанымдық негізін қалыптастырады.

Тарихи білім берудің мақсаты-оқушылардың дүниетанымының негізі болатын тарихи сананы қалыптастыруға, оқушылардың тарихи үдеріс желісін түйсінуіне, тарихтың мәдени-идеологиялық плюралистік идеясын, бұралаң жолын сезінуіне негіз жасау.

Мектепте тарихи білім берудің негізгі міндеттері:

- адамзаттың ежелгі заманнан бүгінгі күнге дейінгі дамуының тарихи жолын, оның әлеуметтік, рухани-адамгершілік тәжірбесін айшықтайтын жүйелі білім алуы;
- оқушыларда тарихты оқып-үйренудің көп өлшемділігі және тарихи үдерістің дамуының баламалы екендігі туралы ұғым қалыптастыру;
- оқушылардың тарихи білімді шығармашылықпен қолдану, тарихи деректермен жұмыс істеу, тарихи оқиғалар мен құбылыстарды салыстырмалы талдау негізінде ой елегінен өткізе білу дағдыларын қалыптастыру;
- гуманизм мен адам құқықтарын құрметтеудің озық дәстүрлерін меңгерген құнды бағдарланған жеке тұлғаны тәрбиелеу;
- оқушыларда қазақстандық патриотизмді, азаматтық сезімді дамыту.

Қазіргі кезең мектепке тарихты оқытуға көзқарасты өзгертумен сипатталады. Бұл өзгерістердің басты бағыттары мыналар болып табылады:

- отандық тарихты оқытудың бастамалық рөлі;
- отандық тарихты әлемдік даму контекстінде оқыту;
- ұлттық өзіндік сананы қалыптастыру;
- мектепте тарихты оқытуға біртұтас көзқарас қалыптастыру, бұл тарихты оқып-үйренуге формациялық және өркениеттік тұрғыдан қарауды ұштастыруға негізделуге тиісті;
- формациялық тұрғыдан қарау тарихи даму кезеңдерінің сабақтастығы мен ішкі байланыстарын бейнелейді, әлеуметтік-экономикалық процестердің логикасын түсінуге мүмкіндік береді. Өркениеттік тұрғыдан қарау, әр түрлі халықтар мәдениетінің өзара байланысы мен өзара ықпалын көрсетеді, салыстырмалы-типологиялық әдісті кеңінен қолдануға мүмкіндік береді.
- үздіксіз білім беру жүйесіндегі тарих пәнінің білімдік, танымдық және тәрбиелік рөлін күшейту;
- отандық білім жүйесінің әлемдік білім кеңістігіне енгізу ауқымында оқушылардың гуманитарлық дайындығының деңгейін көтеру;

Білім стандартына сәйкес мектептерде сыныптар қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математика бағыттары бойынша бөлінген. Осы бағыттарға бөлген кезде оқушыларды қатаң түрде іріктеп алу керек, өйткені бұл екі бағыттың бірінен-бірінің айырмашылығы көп. Осы бағыттарда Қазақстан тарихы сабағын өзгеше өткізу керек.

Жаратылыстану-математика бағытында тірек-сызбамен сатылай кешенді талдаулар жүргізу, тест алуға баса назар аударылса, ал қоғамдық-гуманитарлық бағытта шығармашылыққа көп көңіл бөлу керек. Оқушының дербес іс-әрекеті белсенділігіне баса көңіл аудару қажет. Пікірсайыс, зерттеу, дерек жинау, салыстыру, конференция, семинар, дөңгелек үстел өткізу, әуенді табу, көрініс, тарихи романдардан үзінді оқу, күйлер, тарихқа байланысты өлеңдер, эпостық жырлар, патриоттық әндер сабақта неғұрлым жиі пайдаланылса жақсы болады.

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

1. *Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы 2007 ж.*
2. *Бағдарламалар. Қазақстан тарихы. 10-11 сынып. Астана 2010.*
3. *Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарына ғылыми негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы әдістемелік нұсқау хат 2012-2013 ж.ж.*

## ФИЗИКА ПӘНІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ӘДІСТЕРІ

**Ж.Д. Рамазанова**

*№ 25 қазақ қыздар гимназиясының физика пәні мұғалімі, Екібастұз қ.*

*В данной работе предложены пути повышения интереса школьников к предмету физика.  
In this article gives methods of interests school children's in physics.*

Қазіргі ғылыми-техникалық прогресс заманындағы нарықтық қатынастардың талабына сай бизнес пен коммерцияның, кооператив пен жеке кәсіпорынның әртүрлі формаларын қарқынмен дамытудың қажеттігі болашақ кадрлардан жаңаша ойлауға бейімділігін, ізденімпаздығын, шеберлігін, іскерлігін, терең және нақты білімінің болуын талап етеді. Физика – жеке тұлғаның ақыл-ой қабілетінің көзін ашатын және оның үздіксіз дамуы мен жетілуін қамтамасыз ететін пәндердің бірі.

Соңғы жылдары экономикамыздың қарқынды өсіп дамуы техникалық мамандықтарға деген сұранысты арттырып, оқушылардың политехникалық циклдағы пәндерге қызығушылығын оятты. Оқушылардың пәнге деген қызуғышылығын әртүрлі әдіс-тәсілдермен дамытуға болады: сабақ үстінде технологияларды пайдалану, қызықты әдіс-тәсілдерді қолдану, ақпараттарды іздеп табуға дағдыландыру және оны өмірмен байланыстыру. Мұндай жағдайда төмендегідей икемділік дағдылары сабақтардың ерекшеліктері:

- Оқушының белсенділігі өзіндік әрекеті болады;
- Іздендіру, зерттеушілік қаблеттері дамиды;
- Кез келген мәтіннен ең қажетті ой-түйіндерін теріп алатындай болып ақпарат көзін қолдана алады;
- Өздігінен білім жинақтап меншіктей біледі;
- Оқушының коммуникативтік мәдениеті жоғарлайды;
- Нәтижесінде ізденімпаз, ойшыл, еңбекқор, ұйымдастырушы тұлға қалыптасады.

Оқушылардың пәнге деген қызуғышылығын тәрбиелеу қиын үрдіс болып келеді. Оқушының дамуы мен қалыптасуында пәнге деген қызығушылығы бірнеше кезеңде өтеді: құмарлық (жағдайға байланысты ықылас), әуестік (тұрақсыз уақытша ықылас) және тұрақтытанымдық ықылас. Оқушылардың танымдық ықыласының қалыптасу кезеңдерін ескеріп, сабаққа қызығушылықты дұрыс бағалау керек. Түсініктің қызықтылығы - танымдық ықыласты оятатын құралдың бірі. Ол құмарлықты тудырып, әуестікті қолдайды. Қызықтылық оқушының әңгімесін жандандырып, оқушының ықыласы мен назарын өзіне аударады. Сабақта қызықтылықты шебер қолдану барысында танымдық ықыласты ғана тудырмайды, сонымен қатар ол қиын тақырыпты есте сақтап қалу құралы, сыныпта шиеленістің сиреуі мен назардың ауысуы, оқу қызметінің эмоциялық тонусын арттыру құралы болып келеді. Ол түсіндірген тақырыпқа қол жеткізуге мүмкіндік туғызады, таным пәніне деген эмоциялық қатынасты шиеленістіреді және танымдық үрдістің жақсаруын қамтамасыз етеді [2; 22-23].

Қызықтылық оқыту барысында үлкен роль атқарсын десек, ол сыртқы пішініне ғана ие болуы керек емес, сонымен бірге айқындылықпен оқылған тақырыпқа деген ықыласты тудыру керек.

Сабақта қызықтылықты қолдану табыстылығының екінші шарты – оны оқытудың дамитын түрлі құралдарымен байланыстыруды қолдану. Оқушылар оқушының қызық әңгімесін тындап қана қоймай, оқудың ізденісіне белсенді қатысуы, кітаппен өз бетінше жұмыс істеу, үлестіретін және дидактикалық материалдармен есеп шығаруы және зертханалық тәжірибелерді орындауы керек.

Сонда ғана осы жағдайда тұрақты танымдық ықылас қалыптасады.

Физика сабағында қолданылатын материалдың танымдық мазмұнының бірнеше әдістері бар:

- Ғылым жағдайлары замануи жаңалықтармен безендіріледі.
- Техника саласынан мысалдар қызықтырады.
- Көркем әдебиет, аңыздар, ертегілерді қолдану.
- Фантастика жағдайларды болжайды, әлемді суреттеу, ауырлық немесе үйкеліс күштерін жою, жердің айналуын тоқтату себебтерін, осьтің ауытқуын өзгертуін құрастыру.

- Парадоксты қолдану.
- Кенеттен болған салғастыруларды жасау.
- Тұрмыстық нанымдарды қарастырады.
- Күнделікті өмірден алынған мысалдар қарастырылады.
- Математикалық фокустар, жылжымалы және үстел үсті ойындар талданады.
- Сахна, эстрадада, циркте және кинода физикалық заңдылықты қолдануда мысалдар келтіріледі.

- Ғылым тарихы облысына саяхат жасалады.

Осы әдістердің біріне толық тоқтайық [2].

Ғылыми-техникалық үрдісінде физиканың рөлін ашу.

Физика мұғалімі бағдарламалық материалды зерделеу үрдісінде елдің табыстарымен ғылым және техниканың көкейтесті міндеттерімен таныстырады. Энергетиканы мысалға алуда қолданылатын заманауи ғылыми-техника келешектің негізгі бағыттарының бірі болып келеді. 10-сыныпта жылу қозғалтқыштары туралы тақырыпты зерделеу кезінде мұғалім оқушыларды елде жылу энергетикасының даму табыстары мен келешектерімен таныстырады. Мұратты циклдің ПӘК туралы айтып және ПӘК есептеуге арналған формуланы алып, мұғалім оқушылармен оның даму жолдарын талқылайды: жылытқыш пен тоңазытқыштың температурасын өзгерту жолдарымен таныстыру (қалада жылумен қамтамасыз ету үшін, жылу шаруашылығын жылыту үшін өңделген будың ішкі энергиясын қолдану, қиыстырылған газ – булы циклдерді қолдану және т.б.).

Осы тақырыптар бойынша жалпылама сабақты сабақ-конференция, диспут, ойын, сайыс, сұрақ-жауап элементтерін қолданған тиімді. Бұндай сабақтың танымдық міндеттері энергияны сақтау заңын бекіту, оның энергиясының саны оның әртүрлі айналу кезінде өзгермейді.

Оқушылардың пәнге ықыласын дағдыландыру, әуестікті, өзінше жұмыс істеуді, еңбекқорлықты, тәрбиелеуді реферат жазу арқылы, ғылыми әдебиетпен жұмыс істеу арқылы және МАЭС, жылу электр орталықтарына экскурсияға бару арқылы тәрбиелеуге болады.

Сабақтарда тарихпен, математикамен, биологиямен пәнаралық байланыс қолданылады. Егер сабақ конференция түрінде өтетін болса, мына жоспармен өткізуге болады. Адамзатқа жұмысты жасауға қабілетті қозғалтқыштар керек. Жердегі қозғалтқыштың үлкен бөлігі – ол жылулық қозғалтқыштары, яғни отынның ішкі энергиясын механикалыққа айналдыратын қондырғылар. Жылулық қозғалтқыштарсыз қазіргі өркениеттің дамуы мүмкін емес. Біз арзан электрлік энергияны көп қолдана алмас едік, жылдамдықты көліктің түрлерінен жүрдай болушы едік. Жылу энергиясының көзін кім ашты, олар кімдер екенін білу үшін тарихқа жүгінейік. ХҮІІ ғасырдан бастап жылулық қозғалтқыштардың дамуын қарастыруға болады.

I топ. ХҮІІ ғасырдың жылулық қозғалтқыштары.

1. Біздің эрамызға дейінгі II ғасырда өмір сүрген Алесандрлік ғалым Геронның идеясымен таныстырады (жұмыртқа, шприц және судың көмегімен оның идеясын көрсетуге болады).

2. Француз өнертапқышы Дени Паненнің бу машинасы туралы баяндайды.

3. Ағылшын Т.Ньюкоменмен, оның көмекшісі Коулидің бу машинасы туралы кодоскопта көрсетумен әңгімелейді.

4. Папеннің поршеньді қозғалтқыштың іштей жануы туралы мәлімдейді.

II топ. ХҮІІІ ғасырдың жылулық қозғалтқыштары.

1. И.И.Ползунов, оның 2-цилиндрлі бу машинасын тапқаны туралы дайындайды.

2. Неміс технигі Н.Отгонның қозғалтқышын іштей жанудың 4 такты циклінің жұмыс қағидаларымен сыныпты таныстырады.

3. Қозғалтқыштың іштей жану жұмысының қағидаларымен таныстырады. 4-цилиндрлік қозғалтқыштың іштей жануын тәжірибелік қолдануы туралы баяндайды.

III топ. ХІХ ғасырдың жылулық қозғалтқыштары.

1. Ағылшын ғылымы Джеймс Уаттың бу машинасының құрылымы туралы дайындайды.

2. Г.Лавельдің бірінші бу турбинасын тәжірибелі түрде қолдануы туралы, жоғары пәк және жоғары қуаттылық себептерімен сыныпты таныстырады.

3. Тапқыр инженер Рудольф Дизельдің цилиндр ішіндегі тікелей отын қоспасы пайда болатын қозғалтқыш туралы баяндайды.

4. Жылу машинасының жұмыс қағидаларымен таныстырып, оның қауіпсіздік шаралары туралы суреттерді көрсетеді.

IV топ. XX ғасырдың жылулық қозғалтқыштары.

1. Реактивті қозғалтқышты жай мысал ретінде көрсетеді: кішкентай ойыншық арбашаға ауамен толтырылған шарды байлайды. Шардағы ауаны босатса, онда ауаның күшті қысымымен арбаша қарама – қарсы жаққа қозғала бастайды.

2. Авиация тарихы – биіктікке көтерілу күресінің тарихы, жылдамдықты арттыру жолдары. К.Э.Циалковский – ғарышқа зымыранның ұшу мүмкіндігі туралы теориясының негізін қалаушысы.

3. С.П.Королевтың ғылыми – құрылымдық жұмысы туралы суреттеп береді.

4. Байқоңыр ғарыштық станциясы және Қазақстан мен Ресейдің ғарышы, бірлескен ынтымақтастығы туралы баяндап береді.

5. Атмосфераны жылу қозғалтқыштарымен, химиялық қоспаларымен ластандыруы, оның өсімдіктер мен жануарларға зияндылығы, қоршаған ортаны қорғау мәселелері туралы баяндайды [3; 16-17].

Бағалау бірнеше жолдармен өткізіледі: оқушылар өздері бағалайды, жұмыстың қызықты, мазмұнды, анықты болуымен бөліседі, ұпай, житон қолданып, дауыс арқылы да бағалауға болады.

Міндетті түрде ЖЭО-электрлік энергияны өндіру туралы нақты деректермен толтыру керек. Соңғы бес жылда қала жылуы, жұмыс поселкісін, теплица шаруашылығын жылыту шығыны туралы баяндайды. Балаларға жылыту мақсатында будың ішкі энергиясын пайдалануын қанша үнемдеуге болатыны туралы қызығушылық тудырады. Үй жұмысына Екібастұз бен Канцк – Ачинск бассейндерінің көмірлерін пайдаланатын ірі жылу станциялары туралы мәлімет дайындауға берген тиімді. Сабақта алған ақпараттар оқушылар үшін ғылыми жобалар жазуына үлкен әсерін тигізуі мүмкін [4].

#### ***Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:***

- 1. Әшкірбекова Г. Жылу қозғалтқыштары. /Физика және астрономия №6 2007, 21-236/.*
- 2. Тепловой двигатель RU.WIKIPEDIA.ORG / wiki/.*
- 3. Адамова М.Е. Физика пәнінен оқушыларды тест тапсыруға дайындаудың тиімді әдістері. /Физика және астрономия №6 2007, 16-176/.*
- 4. Из истории тепловых двигателей WWW.KIPOP.COM*

## ҚАЗАҚ ТІЛІ ПӘНІНЕН ОҚУШЫЛАРДЫ ҰБТ-ҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

**А.К. Рахымбаева**

*№ 25 қазақ қыздар гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі, Екібастұз қ.*

*В данной статье рассматриваются эффективные методы подготовке к ЕНТ по казахскому языку.*

*This system is considered effective methods of preparation for the UNT on the Kazakhs language.*

*«Болашақта еңбек етіп, өмір сүретіндер –бүгінгі мектеп оқушылары, мұғалім оларды қалай тәрбиелесе, Қазақстан сол деңгейде болады.»*

**Н.Ә.Назарбаев.**

Қазақстан мемлекетінің тәуелсіздік тарихында туған тілдің тұғырын биіктетіп, мәртебесін арттыру мәселесі әрқашан басты, әрі маңызды мәселе болып көтеріліп келеді. Елбасы Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» дегендей, шынында, тілін білмеген адам өз тарихынан, өз дінінен мақрұм қалмақ. Ал, қазақ халқының тіл келешегі – бүгінгі мектеп оқушыларында. Бүгінгі таңда білім ордасының негізгі талабы – өмірден өз орнын таңдай алатын, өзара қарым-қатынаста өзін еркін ұстай алатын, кез келген ортаға тез бейімделетін, белгілі бір ғылым саласынан білім мен білігін көрсете алатын, өз ойы мен пікірін айта білетін, мәдениетті жеке тұлғаны қалыптастырып тәрбиелеу.

Қазақ тілі – қазақ халқының туған тілі. Сондықтан әр азамат бұл тілде сөйлеп қана қоймай, оның тарихы мен құрылысын, оның тармақтарын біліп жатса, нұр үстіне нұр болар еді деп ойлаймын.

Қазіргі білім үрдісінде мектеп түлегінің білімі Ұлттық Бірыңғай Тестілеу арқылы қорытындыланып, сол тестілеуде алған ұпайы оның алдағы өмірінің парағын ашар жол болып отыр. Осы орайда, мұғалімдер қауымы өздеріне үлкен жауапкершілікті, яғни, сапалы білім беруді мақсат ететіні сөзсіз. Қазақ тілі пәнінің мұғалімі болғандықтан, әрбіреуі «өз шәкірттерінің осы сыннан сүрінбей, білімдерін толық көрсетсе екен» деген мақсат қояды. Ал сол сыннан өту үшін мұғалім пәнді оқытудың тиімді әдіс-тәсілдерін қарастырады. Айталық, біз төмендегіше әдіс-тәсілдерді өз тәжірибемізге енгізіп келеміз.

Ең алдымен жұмысты кезеңдерге бөлу қажет:

I кезеңде қазақ тілінің әр саласынан теориялық білімдерін жинақтау үшін тіл білімінің әр салаға қатысты 25 сұрақтан тұратын тест тапсырмасы ұсынылады. Бұл тест қорытындысынан кейін әр оқушының пән бойынша білім деңгейінің қаншалықты екенін білу қиынға соқпайды. Бұл кезең – бақылау кезеңі. I кезеңнен кейін қай саладан қандай оқушыға дайындық керектігі анықталып, белгіленген оқушылармен жұмысты жандандырылады. Ол үшін сыныпты топқа бөліп дайындаған тиімді. Себебі, білім деңгейі жағынан сынып 3 топқа бөлінеді. Соған байланысты нақты тақырыптар да қажетті топтарда қарастырылып, қайталанып, бекітіледі.

II кезеңде әр саладан алынған теориялық білімді бекіту жұмыстары жүргізіледі. Бұл – жаттығу жұмыстары, кесте, сызба жасау жұмыстары, сөйлем құрастыру жұмыстарынан тұрады. II кезең – бекіту кезеңі.

III кезеңде қазақ тілінің талдау жұмыстары жүргізіледі. Бұл фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, сөзжасамдық, синтаксистік және пунктуация мен сөз мәдениетінен де талдау жүргізіледі. Бұл кезеңде оқушы теория мен бекіту жұмыстарында алған білімі мен дағдыларын іс жүзінде қолданып, өз білімін шындай түседі. II кезең – шындау кезеңі.

IV кезеңде барлық сала бойынша құрастырылған тест жинақтарымен танысады. Оның құрылымын, қай саладан қанша сұрақ келетінін, бір сұрақтың ішінде неше сұрақ болуы мүмкін екенін, тапсырманы мұқият оқу керектігіне көз жеткізіп, ой елегінен толықтай өткізуі керек. Бұл

кезеңде тест орындауға алдын-ала дайындалып, өзінде осы жұмысқа қатысты іс-дағдыларын қалыптастырады. ІҮ кезең – тест орындаудағы дағды мен іскерлікті қалыптастыру кезеңі.

V кезеңде оқушы барлық жинақтаған білімін, тәжірибиесін, дағдысын қоса отырып, тест тапсырмаларын орындайды. Тест қорытындысы арқылы оқушы білімі анықталады. V кезең – қорытынды кезеңі.

11-сыныпта «Сөз мәдениеті» тарауы бойынша тест жинақтақтарында 1-2 сұрақтан келеді. Көбіне ол «шешендік өнер» тақырыбы бойынша ұлы шешендердің пікірі мен шешендік өнер тарихын қамтитын сұрақтар. Шешендердің айтқан нақыл сөздерін, пікірлерін есте сақтау үшін, мен сабақтарда сол шешендік сөздерді талдауға беремін. Оқушылар ол кімнің сөзі екенін білуімен қатар, соған талдай жасай отыра есте сақтайды. Мысалы: «Шешеннің ең ұлы қасиеті – қажет нәрсені ғана айту емес, сонымен бірге қажеті жоқ нәрсені айтпау» - деген Цицеронның сөзін алатын болсақ, ең алдымен сөйлемді оқып, оқушылар тыныс белгілерінің қойылу себебін түсіндіреді. Бұл сөйлемде «сызықша, үтір, нүкте» сияқты белгілер бар. Сызықша не үшін қойылған? Үтірді неліктен қойдың? Нүкте қай жағдайда қойылу керек? сұрақтарына жауап айту арқылы оқушының пунктуация жайлы білімдерін білуге болады. Бұл жерде тек сұрау емес, сонымен қатар түсіндіру, еске түсіру әрекеттері қатар жүреді. Әрбір сөзге тілдік талдау жасауға да болады, сол арқылы оқушы бұл нақылдың кімдікі екенін ғана еске сақтап қоймай, құрамындағы сөйлемге талдау жасайды.

Әр тарауды өткен соң, кесте түріндегі тест тапсырмаларын беремін. Мысалы, буын түрлеріне қатысты: (Бұл кестелер «Шың» кітабында бар)

№	Мысалдар	Ашық буын	Тұйық буын	Бітеу буын	Аралас буын
1	Алаша				
2	Дүлдүл				
3	От				
4	Аласа				
5	Ор				
6	күл				
7	Тарс				
8	Боса				
9	Сәл				
10	Жазайық				
11	Ағеке				
12	Бағбан				
13	Болжаусыз				
14	аласапыран				

Осы кестені оқушылар дәптеріне сызып алады, мен осы сияқты 30 сөз оқимын, оқушылар сандық жауаптарын жазады. Мысалы, 1-алаша сөзі, сөз буынына қарай қай түрі дегенді оқушы 1 санын ашық буынға жазады. Сол сияқты барлық 30 сөзді бағандарға дұрыс орналастыруы керек. Жұмыс аяқталған соң, оқушылар әр бағанға қойылған жауап санын санап жазады. Мысалы, 1 бағанда – 5 сөз т.с.с. Осы жерден-ақ оқушылардың жауабының қаншалықты сәйкес келетінін көруге болады. Содан соң жауаптары сөздермен оқылып, тексеріліп, қателері түзетіледі. Бұл әдіс уақытты үнемдеуге және бірден барлық оқушыны тексеруге тиімді болып келеді. Осы сияқты кез келген тақырып бойынша білімді бере отырып, бірден тексеруге болады.

Міне, осындай V кезеңнен тұратын жұмысты атқарғаннан кейін тестілеуге дайындауда жүйелілік пайда болады. Жүйелі жұмыс өз алдына нәтижелі болары анық.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Түсіпова Қ.Д. «Қазақ тілін оқыту». Павлодар – 2006 жыл.
2. Әдістемелік нұсқау «Қазақ тілі» 9,10-эксперименттік сыныпқа арналған, «Мектеп – 2012»;
3. Қазақ тілі МАБ-қа арналған оқулық – тест, Алматы – 2011 ж.
4. Қазақ тілі «Шың» ҰБТ арналған оқулық тест, Алматы – 2010 ж.

ӘОЖ 37.025.2

## ДАМЫТА ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫН ҚОЛДАНУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ БЕЛСЕНДІЛІГІН АРТТЫРУ

**А. М. Рахимжанова**

*№ 25 қазақ қыздар гимназиясының бастауыш сынып мұғалімі, Екібастұз қ.*

*В работе раскрывается использование технологии развивающего обучения на уроках, что способствует развитию познавательной активности младших школьников.*

*In the article discloses the use of technology in the classroom developing training that contributes to the development of cognitive activity of younger schoolchildren.*

Танымдық, яғни балада тану, іздену әрекетін дамыту. Танымдық белсенділікті арттырудың 3 жағдайы бар. Біріншісі – оқытудың мазмұны оқушыларды қызықтыратын мазмұнның берілу түрі, жаңалығы, таңдандыратын тарихи деректер, ғылыми білімнің іс жүзінде қолданылуы, бұрыннан білетін мағлұматтың жаңа қырының ашылуы. Екіншісі – оқушылардың таным әрекетін ұйымдастыру формалары, құралдарын, әдістерін жетілдіру: техникалық және көрнекі құралдардың тиімділігін арттыру, пәнаралық байланыстарды тудыру, оқушылардың өздігінен істейтін жұмыстарын және өздігінен білім алуды тиімді ұйымдастыру, шығармашылық және зерттеу жұмыстарын белсенді қалыптастыру, білім тексеру мен бағалаудың алуан түрлерін ұтымды пайдалану. Үшіншісі – мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы арасындағы қарым-қатынаста сыйластық, ізеттілік орнатып, жүрек жылуының болуын қамтамасыз ету, ойлау қабілетін арттыру.

Оқушылардың танымдық белсенділігін арттыруда дамыта оқыту технологиясын қолдану өте маңызды. Қазіргі таңда жеке тұлға қоғам үшін белсенді түрде, яғни аз уақытты қамтып, жоғары сапалы дәрежеде дамуы қажет. Сол үшін бұл педагогикалық технологияны – дамыта оқыту технологиясы дейміз. Дамыта оқыту жеке тұлғаның дамуына бағыт-бағдар беріп, белсенділігін арттырады. Дамыта оқу үрдісінде оқушы оқу әрекетімен шұғылданып, теориялық білімді алауға икемделеді, білімді өзі меңгеруге мүмкіндік алады. Сабақ үш құрамдас бөліктерден тұрады: оқу мақсаттарының нақты қойылуы, оны шешудің жолын бірлесе қарастыру, шешімнің дұрыстығын дәлелдеу. Бұл оқыту барысында мұғалім ұстанымы: дос, ақылшы. Ал оқушы ұстанымы: өзі анықтап, өз қалауы бойынша еркін іс-әрекет ету.

Бұл үшеуі – дамыта оқытудың Д.Б. Эльконин – В.В. Давыдов, А.С. Выготский, С.Л. Рубинштейн, т.б. орыс ғалымдарының жасаған жүйесінің негізгі компоненттері. Дамыта оқытуда мұғалімнің басты міндеті – оқу материалдарын оқушыға дайын күйінде көрсету емес, оқушымен бірлесіп, жалпы іс-әрекетті ұйымдастыра отырып, алға қойылған міндеттерді түсіндіру, оларды шешудің тәсілдерін, жолдарын іздестіру. Дамыта оқытуды өз іс-тәжірибеміз төмендегідей қолданамыз: оқу әрекетін қалыптастыру, айналадағы дүниемен белсенді әрекеттестік, этикалық, эстетикалық қарым-қатынасқа дайындау, дара тұлғалық адамгершілік нормаларын меңгерту; оқу барысында баланың бойындағы дамытуды қалыптастыруды дағдыға айналдыру; оқу мен тілдің арасындағы байланыстылыққа мән беру; сөздік қоры мен тілдің арасындағы байланыстылыққа аса көңіл



